І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

ӘОЖ 373.1.013

Қолжазба құқығында

ФЕЙЗУЛДАЕВА САЛТАНАТ АРАСАТОВНА

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау

6D010200- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Қ.Т. Ыбыраимжанов, п.ғ.д.,
профессор

Шетелдік кеңесші
Б. Кривирадева
доктор (PhD), доцент

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2019

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 5
КІРІСПЕ 6
1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 16
1.1 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары 16
1.2 «Пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» ұғымының мәні 37
1.3 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі 58
2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ 74
2.1 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың диагностикасы 74
2.2 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың әдістемесі 99
2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері 118
ҚОРЫТЫНДЫ 143
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 146
ҚОСЫМШАЛАР 157

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мемлекеттік стандарттар мен құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011.

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Астана. 28.08.2015ж.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана 2016. 1 наурыз, №205 Жарлық

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012 http://www.akorda.kz. 10.01.2016 жыл.

Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. Астана, 2018ж. 10 қаңтар.

ҚР МЖМБС 3.001-2000 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. ҚР МК 08-2001 Қазақстан Республикасы жоғары кәсіби білім мамандықтары және дайындық бағыттары классификаторы.

ҚР МЖМБС 3. 07. 029-2001 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер.

ҚР МЖМБС 3. 08. 002-2004 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 6.08.058-2010

ҚР МЖМБС 5.03.011 – 2006 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеушілік жұмыс.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (Қазақстан Республикасы Үкіметі 2012 жыл 23 тамыз №1080)

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы 24.10.2011ж. №407-IV. – Астана, 2011. (29.09.2014 ж. өзгерістер енгізілген). http://adilet.zan.kz.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Академиялық сауаттылық – бұл студенттерден күтілетін, оқу және ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті жүргізу, нақты пәнде бар дәстүрлер мен стандарттарға сәйкес өз іс-әрекетінің нәтижелері туралы хабар беру қабілеті.

Білім беру бағдарламасы – білім беру мазмұны мен оқу үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік – басқару құжаттары.

Ғылыми пәндердің дифференциясы – осы бағыттың әртүрлі облыстарының бөлінуі. Барлық ғылымның даму деңгейін оның зерттеу дифференциясына қарап бағалайды, сондықтан осы ғылымның басқа ғылымдармен әртүрлі байланысын қарастырады.

Мемлекеттік жоғары кәсіби білім беру стандарты – жоғары білім беру құрылымын, мазмұнын және жоғары білімнің негізгі бағдарламаларының көлемін анықтайтын құжат.

Кәсіби дайындық – белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби дайындық кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен білім түрлеріне бөлінеді.

Таңдау курстары мазмұны – білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын жеке бейімі мен таңдауына сәйкес қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, пәндер бойынша білімдердің кеңейтілуі мен тереңдетілуіне ықпал ететін оқу курстары. Таңдау курстарының жиынтығы оқу жоспарының вариативті бөлігін құрайды.

Пәнаралық байланыс – жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу процесін танытады.

Пәнаралық сабақтастық – білім алушыларда білім, білік және дағдыларды қолдану және әрі қарай дамытуға тірек жасау, бұл арқылы оқушыларда әртүрлі байланыстар құрылады, тақырыптың негізгі идеялары ашылады, жаңа ескі білімдер өзара әрекет етеді, нәтижесінде терең және берік білімдер жүйесі қалыптасады.

Интеграция – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі педагогикалық техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы мазмұнының үйлесімді бірлігіне әсер ететін тәсілдер жиынтығы

Пәндерді оқыту әдістемелері – белгілі пәндерді оқытатын арнайы заңдылықтардан тұрады (гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық; жалпы математикалық және жаратылыстану-ғылыми пәндері) және керекті әдістемелерді шешуді, сол пәндердің мазмұнын қабылдайтын технологиялық құралдардан тұрады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО – жоғары оқу орны

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ББББ – білім беру бағдарламалары

ТА – түлек атрибуты

ОКН – оқытудың күтілетін нәтижесі

ЖББП МК – жалпы білім беретін пәндер міндетті компоненті

БП ТК – базалық пәндер таңдау компоненті

КП ТК – кәсіптендірілген пәндер таңдау компоненті

СҒЗЖ – студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы

СОҒЗЖ – студенттің оқытушымен орындайтын ғылыми зерттеу жұмысы

БТ – бақыланушы топ

ЭТ – эксперименталды топ

4К (С) – сыни ойлау (critical thinking), қарым-қатынас (communication), креативтілік (creativity), командалық жұмыс (collaboration)

STEM – S – ғылым, ғылыми түсінік (science), T – технология (technology), E – инженерия (engineering), M – математика (mathematics)

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Бүгінгі күні білімді модернизациялауда парадигманың түйінді мәселелері саясаттағы, экономикадағы және әлемдік кеңістіктің басқа аймақтарындағы динамикалық өзгеріс сұраныстарына жауап бере алатын білім құрылымдарын кіріктірудің тиімді жолдарын іздестіру болады. Заманауи білім берудің мәнін түсінуде, оны жаңарту мен ізгілендіру жағдайында оқыту, тәрбие беру мен тұлғаны қалыптастырудың барлық даму сатыларында үздіксіздігін қамтамасыз ететін күш – сабақтастық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауында Білім берудің жаңа сапасына байланысты «...барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» деп міндеттейді. Жолдаудағы бұл айтылғандар адами капиталды дамытуда білім беру мекемелері мен оның басқа да субъектілері үшін бағдарламалық идея болып табылады [1].

Қоғам сұранысына қарай, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «...мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңеюде. Ол пәнаралық және жобалық қызмет, ...білім беру қажеттіліктері ерекше балаларды интеграциялау» делінген. Бұл өз кезегінде болашақ мамандарды дайындауда пәнаралық және интеграциялау қызметтерін міндеттеп отыр [2]. Осыған орай, қазіргі кезде кәсіби даярлық және оның мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларымен байланысты сұрақтар үлкен маңызға ие болуда, олар жоғары мектептегі дидактиканың міндеттерінің бірі – білім сапасын арттыруды шешуге жетелейді.

Үздіксіз білім берудің бірыңғай жүйесінде өзара байланысқан және бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста тұратын бірнеше сатысы белгілі. Олардың байланысы мен сабақтастығы білім беру мазмұнының толассыз сатылас бірігуі арқылы жүзеге асады, яғни бастауыш, жалпы орта және жоғары білім беру кезеңдеріндегі тұлғаның даму үрдісінің тұрақтылығы, біртұтастығы, үнемділігі мен сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Бұған сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бабы 26-тармағында «...интеграцияланған білім беру бағдарламалары – білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары; сондай-ақ, 3-бабы 7-тармағында білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; 3-бабы 8-тармағында оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі» деп атап көрсетіледі [3]. Заңдағы көрсетілген баптар ЖОО-да болашақ мамандарды дайындаудағы ұсынылатын білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларындағы пәнаралық сабақтастықтың қамтамасыз етілуін қадағалап, болашақ мамандарды кәсіби даярлауға мүмкіндік береді.

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпанындағы №191 қаулысы) мақсаты: жастардың ойдағыдай әлеуметтенуіне, олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бейімдеуге бағытталған мемлекеттік жастар саясатының тиімді моделін қалыптастыру болып табылады [4]. Аталмыш мақсатқа қол жеткізуде бірнеше міндеттерді іске асыруды болжайды, соның бірі – жастар ортасында моральдық-рухани сабақтастықты қамтамасыз ету болады. Ендеше болашақ мамандардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуы үшін қоғамның жаңа талаптарына бағытталған пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың өзектілігі тереңдей түседі.

Біздің мәселемізде, пәнаралық сабақтастық – екі түсінік арасындағы ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, үздіксіз білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі ретінде қарастырылады.

Тұлғаның даму динамикасы жағынан бастауыш білім берудің психологиялық негіздері Л.С. Выготский [5], А.Н. Леонтьев [6], Б.Г. Ананьев [7], Қ.Б. Жарықбаев [8], Ж.Ы. Намазбаева [9], С.М. Жақыпов [10], М.П. Оспанбаева [11], және т.б. жұмыстарында зерделенеді.

Болашақ мамандарды даярлау ісіндегі біртұтас педагогикалық үдерістің теориясы және практикасы, жоғары мектеп дидактикасының қалыптасуы мен дамуы мәселесі бойынша Н. Хмель [12], А.А. Бейсенбаева [13], Ш.Т. Таубаева [14], К.Қ. Құнантаева [15], А.Қ. Рысбаева [16], Г.К. Нұрғалиева [17], П.Б.Сейітқазы [18], С.Қ. Әбілдина [19] және т.б. атты ғалымдардың зерттеулерінде талданған.

Еліміздегі болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі теориялық және практикалық, тарихи-педагогикалық болып екі аспектіде қарастырылғаны айқындалды. Теориялық және практикалық аспектілері бойынша Р.М. Қоянбаев [20], Т.С. Сабыров [21], М.Н. Сарыбеков [22], Р.К. Төлеубекова [23], Ә. Мұханбетжанова [24], Б.А. Тұрғынбаева [25], Б.Т. Барсай [26], Қ.М. Нағымжанова [27], Ұ.Ж. Қонақбаева [28], К.І. Аманқұлов [29], А.М. Калматаева [30] және жаңа форматтағы ғалымдар (PhD) Э. Уайдуллақызы [31], Б. Баймұханбетов [32], А. Жунусбекова [33], А. Сыздықбаева [34], А. Үсенова [35], А.Н. Өмірбекова [36], М.Н. Оспанбековалар [37], ал тарихи-педагогикалық аспектілері бойынша бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаудың тарихы мен дамуы жайлы Р.К. Бекмағамбетова [38], А.Қ. Тлебалдиева [39], Қ.Т.Ыбыраимжанов [40], Ш. Майғаранова [41], К.Т. Мулдабекова [42], Қ.О.Жеделов [43], Б.М. Қосанов [44], Ұ.Қ. Қыяқбаева [45], (PhD) жаңа форматта дайындалған ғалымдар М.Ж. Сұлтанбек [46], Г.Е. Утюпова [47] және т.б. ғалымдар зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған үлес болып табылады.

Ал, елімізде бастауыш мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің түрлі бағыттарын, бастауыш білім берудің ғылыми-теориялық және әдістемелік аспектілерін зерттеген ғалымдар Р.М. Қоянбаев [48], С.Р. Рахметова [49], К.А.Аймағамбетова [50], Ш.Х. Құрманалина [51], Т.Қ. Оспанов [52],

Ж.Т.Қайыңбаев [53], Қ. Әбдібекқызы [54], А.Х. Аренова [55], Г.И. Уәйісова [56], Ә.С. Әмірова [57], С.Н. Жиенбаева [58], А.Е. Жұмабаева [59], Г.Т. Сәдуақас [60], Р.О. Ізғұттынова [61], Қ.А. Сарбасова [62] және жаңа форматта дайындалған ғалымдар (PhD) А.Т. Тұралбаева [63], Н.Т. Сартаевалардың [64] және т.б. ғылыми еңбектерінде зерттелді.

Көрсетілген еңбектер барысында орта білім берудегі бастауыш білім беру кезеңі – баланың үздіксіз білім алу жүйесінің бірінші баспалдығы, сондықтан тұлғаны қалыптастыруда оған ерекше орын беріледі. Бұл кезеңде баланың оқушы, студент, азамат ретінде қалыптастыратын тұлғалық қасиеттері, қабілеттері анықталады. Сондықтан да бастауыш сынып оқушысының тұлғасын қалыптастыруда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша кәсіби тұрғыдан интегративтік сапаларға сәйкес даярланған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рөлі ерекше.

Осыған орай, қазіргі уақытта жаңа форматта білім берудің вариациялылығына байланысты әр түрлі ғылымдар, ондағы пәндер арасында білім беру мазмұны, белсенді оқудың әдістері мен формалары, тұлғалық қарым-қатынаста және оқу-тәрбие үрдісінің жүзеге асыру технологиясында жаңғырту жұмыстарының қажеттігі байқалады.

Бүгінгі білімнің жаңа парадигмасы жағдайында педагогика ғылымында, оның бастауыш білім саласы бойынша пәнаралық сабақтастық мәселесін тұлғаның үздіксіз білім беруін іске асыру шарты деп қарастыруға болады. Оның мәні мен мазмұны, біріншіден, білім берудің жалпы және өзіндік мақсаттарын анықтау, білім алушының ілгерінді нәтижелі дамуын, оның білім берудің көп интеграциялы, терең білімді қамтамасыз ететін бірыңғай мазмұнды бағытты құрастыру, екіншіден, білім берудің әдістемелік жүйесінің әр бөлшегінің (мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары, педагогикалық үрдісін ұйымдастырушы формаларының) байланысы мен бірлестігі деп түсіндіріледі де, ғалымдардың сабақтастық жайындағы зерттеулерін түзуді міндеттейді.

Сабақтастық идеясын дамытуға XX ғасырдың көптеген ғалымдары, педагогтары, психологтары (Б.Г. Ананьев [65], Ш.И. Ганелин [66], М.А. Данилов [67], С.Е. Драпкина [68], Б.П. Есипов [69], Л.В. Занков [70], Б.Е.Райков [71] және т.б.) үлес қосты.

Сабақтастықтың теориялық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері және үздіксіз білім беру жағдайында оны жүзеге асырудың технологиясы ресейлік және қазақстандық ғалымдар А.И.Зеленков [72], В.С.Батурин [73], Ю.А.Кустов [74], С.М. Годник [75], А.А. Люблинская [76], М.И. Махмутов [77], Г.Н. Исаенко [78], И.Я. Лернер [79], А.Е. Манкеш [80], Ж.Е. Елюбаева [81], Л.Г.Дирксен [82], Ұ.Б.Төлешова [83], Р.Н.Нұрғалиев [84], Н.В. Кухаревтердің [85] еңбектерінде көрініс тапты.

Ресейде және Қазақстанда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың ерекшеліктерін анықтап, оқыту және тәрбие үдерісіндегі пәнаралық байланыс мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, оған ғылыми анықтама бергендігін В.Н. Максимова [86], И.Д. Зверев [87], Е.В. Соколова [88], В.Я. Лыкова [89], А.В. Петровский [90], Н.Д.Сорокина [91], Т.И.Шамова [92], А.А. Бейсенбаева [93], Н.А. Оразахынова [94], Ә.М. Мұханбетжанова [95]

және т.б; пәнаралық байланыс, интеграция арқылы білім сапасын арттыруға байланысты жаңа форматта дайындалған ғалымдар (PhD) Ш. Убниязова [96], А.Құралбаевалардың [97] еңбектерінен байқаймыз.

Соңғы жылдары әр түрлі ғылыми бағыттарында ізденетін зерттеушілер қазіргі жағдайындағы бастауыш білім берудегі сабақтастығын жүзеге асырушы теориялық, дидактикалық, ұйымдастырушылық негіздерін зерттей бастады. Бірақ психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бастауыш мектеп пәнаралық сабақтастық жағдайы жан-жақты жеткілікті қарастырылса да, қазіргі кезде бұл үрдістің жүзеге асуында кейбір әлеуметтік, мазмұндық, психологиялық және субъект-тұлғалық сипаттағы мәселелер кездеседі.

Мысалы, Н.Д. Хмель [98], Г.К. Ахметова [99], К.С. Құдайбергенева [100], В.Т.Лихачев [101], Б.Т. Барсай [102], М.А. Маханева [103], Н.М. Көшеров [104], К.І. Аманқұлов [105], А.М. Калматаева [106], Р.Б. Стеркинаның [107] және т.б. пікірлерінше, бұл мәселелер педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындығы сапасы мен олардың үздіксіз білім беру талаптарына сай міндеттерді шеше алу құзыреттілігімен, құзырлылық білім сапасының критерийлерімен байланысты.

Пәнаралық сабақтастықты іске асыратын болашақ педагогтерді даярлау мәселесі жайындағы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау жұмысы оның негізгі екі бағытын айқындады.

Бірінші бағдар-тәрбие және білім беру үрдісіндегі пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыратын әдістемелерін әзірлеу контекстіндегі жұмыстар (А.А. Бейсенбаева [108], Н.А. Оразахынова [94, 37б], Г.К. Шолпанкулова [109], Р.А.Дарменова [110], Д.Ж. Кішібаева [111], А.Д. Болтаев [112], Г.Т. Абдуллина [113], М.С. Емельянов [114], В.Я. Лыкова [115] және т.б.).

Екінші бағыт-мұндай әрекетті жүзеге асырушы педагогтерді даярлау мәселесін өз бетінше зерттеу (В.В. Сериков [116], Е.В. Соколова [88, с24], И.И. Гончарова [117], Б. Сайлыбаев [118], М.А. Кененбаева [119], К. Устемиров [120], Г.Б. Нурадин [121], М.З. Джанбубекова [122], Ә.М. Шарзадин [123], Т.П. Досанова [124], Г.З. Сауытбаева [125] және т.б.) бастауыш мектепте білім беру сабақтастығының тиімділігі, негізінен, педагогтің кәсіби шеберлігі және оның білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығы қағидаларына сүйеніп, өзін-өзі жоғары деңгейде қалыптастыра алу құзыреттілігіне байланысты болады. Сондай-ақ, пәнаралық байланыс негізінде студенттердің технологиялық даярлығын және оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, оқушыларға экологиялық тәрбие беру, пәнаралық байланыс негізінде студенттердің эстетикалық талғамын дамыту мәселелерін, жоғары оқу орнында біртұтас педагогикалық үдерісте пәнаралық байланысты жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, педагогика ғылымында пәнаралық байланыстың дамуының тарихи-ғылыми негіздерін зерттеген.

Инновациялық түрде ойлауға, экономиканың барлық салаларында өнімді шығармашылық әрекет етуге қабілетті, мамандарды даярлау сапасына қойылатын қоғамдық талаптар кәсіптік білім беру жүйесінің реформалануы жағдайында болашақ бастауыш сынып мамандарын оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің, мақсаты мен міндеттерінің өзгеруіне жетелейді және оқытушының ғылыми-педагогикалық қызметіне тікелей ықпал етеді.

Бұл ғылыми еңбектердің еліміздегі жоғары оқу орны жүйесіндегі болашақ мұғалімдерді дидактикалық, әдістемелік, кәсіби тұрғыда дайындау және заманауи технологияларды қолдануға даярлау, сондай-ақ жоғары білім берудегі біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы мен практикасының рөлін айқындап, біздің зерттеу жұмысымыздың бағыты мен бағдарын белгілеуге, әдіс-тәсілдерін жаңартуда басшылыққа алатын ғылыми-әдістемелік ұсыныстар болып саналуымен құнды.

Дегенмен, жоғарыда жан-жақты талданған ғылыми-педагогикалық еңбектерде, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы жеткілікті деңгейде қарастырылмағандығын анықтадық.

Осыған орай, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау қажеттілігінде:

- бүгінгі күн қоғам талабына сәйкес жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың қажеттілігі мен жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты тиімді түрде жүзеге асыру тетіктерінің жоқтығы;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың бүгінгі жағдайы мен жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықтың тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелердің ғылыми түрде негізделмегендігі арасында *қарама-қайшылықтардың* бар екендігі анықталды.

Аталған қайшылықтарды шешудің қажеттігі біздің зерттеуміздің көкейкестілігін анықтап, тақырыбын: ***«Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау»*** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау.

Зерттеудің болжамы: *егер* жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» ұғымының мәні нақтыланып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталған, мазмұны мен әдістемесі айқындалған жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі шығармашылықпен қолдануға бағытталса, *онда* студенттерді кәсіби даярлаудың тиімділігі артады, *өйткені* жоғары оқу орнында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін даярлау үрдісі қоғам талаптарына сәйкестендіріледі.

Зерттеудің міндеттері:

- жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;
- «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау» ұғымының мәнін нақтылау;
- жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың әдістемесін дайындау және оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау нәтижесінде білім сапасын арттыру, оның кәсіби дайындық деңгейі тиімділігінің негізі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: адамның тұлға ретінде қалыптасу деңгейін анықтайтын диалектика теориясы, тұлға теориясы, таным теориясы, іс-әрекет теориясы, сабақтастық теориясы негізге алынып, *жүйелілік тұғыр* (Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, А.Н. Леонтьев, В.П. Беспалько, М.А. Данилов, И.В. Блауберг, В.В. Краевский, Г.П. Щедровицкий және т.б.); *интегративтік тұғыр, кешендік тұғыр, тұтастық тұғыр* (Б.Г. Ананьев, Ю.К. Бабанский, И.С. Марьенко, Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, В.А. Рыбин, А.А. Гусеинов және т.б.); *тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр* (Л.И.Аниферова, В.В. Сериков, Е.Н. Степанов, И.С. Якиманская, К.А. Абульханова-Славская, В.В.Давыдов, А.К. Маркова, Г.И. Щукина және т.б.) пәндердің интеграциясы теорияларымен, адамның танымдық қызметінің мәні туралы іргелі философиялық қағидалармен, құбылыстардың өзара байланыстары мен сабақтастығының логикалық қағидаларымен, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық еңбектермен, кәсіби педагогикалық сапаларды, пәнаралық сабақтастық ұстанымдарын жүзеге асыру тұжырымдамасына сай болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың, сондай-ақ бастауыш білім берудің сапасын арттыру, оның білікті маман қалыптастырудағы рөлі туралы, бастауыш оқытудың психологиялық - педагогикалық, әдістемелік негіздері туралы тұжырымдамалар және идеялар анықталады.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетел ғалымдарының (философ, психолог, педагогтар) пәнаралық сабақтастық мәселесі, бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығындағы пәнаралық сабақтастық туралы зерттеулері; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жағдайындағы зерттеулер; үздіксіз педагогикалық білім беру туралы ресми құжаттар (Заңдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар және т.б.); республикалық, облыстық көлемдегі озық тәжірибелер, автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі; әлемдік деңгейдегі тәжірибелер.

Зерттеу әдістері:

- теориялық: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, контент-талдау, жинақтау, құрылымдау, нақтылау, ойша эксперимент, салыстыру, ғылыми мәліметтерді талдау, жалпылау және интерпретациялау, моделдеу әдістері;

- эмпирикалық: педагогикалық бақылау; сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу; эксперимент нәтижелерін математикалық талдау; эксперименттік мәліметтерді жүйелеу және түсіндіру.

Зерттеу базасы: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетінен эксперименттік топта 80 студент, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің білім факультетінен бақылау тобына 75 студент қатынасты. Жұмыстың әр түрлі кезеңдерінде зерттеуге қатыстырған студенттер саны 155.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: Зерттеу бірнеше кезеңді қамтыды.

Бірінші кезең (2016-2017) – теориялық-ізденушілік, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі бойынша материалдар жиналып және жүйеге келтіріліп, теориялық-әдіснамалық тұрғыдан талданып, пәнаралық сабақтастық, кәсіби даярлау мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер, әдебиеттер зерделенді. Болашақ педагогтерді даярлаудағы проблеманың қазіргі жағдайына баға берілді. Зерттеудің теориялық орны, зерттеу болжамына негіздеме құрылып, зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері айқындалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы әзірленді.

Екінші кезең (2017-2018) – тәжірибелік-эксперименталды, оның нәтижесінде жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. «Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықтың педагогикалық негіздері» атты оқыту семинарының бағдарламасы (ЖОО оқытушыларына арналған), студенттерге арналған «Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері» атты элективті курс бағдарламасы құрастырылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді.

Үшінші кезең (2018-2019) – қорытынды жалпылау, мұнда зерттеу нәтижелеріне талдау және жинақтау жасалып, алынған ғылыми нәтижелердің өңдеуі құрастырылды. Нәтижелерге түзету енгізу, теориялық және эксперименталды мәліметтерді нақтылау жұмыстары жүргізіліп, қорытындылар мен ұсыныстар жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды.

2. «Пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау» ұғымының мәні нақтыланды.

3. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері айқындалды.

4. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықтың педагогикалық негіздері» атты оқыту семинарының бағдарламасы (ЖОО оқытушыларына арналған);

- Студенттерге арналған «Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері» атты элективті курс бағдарламасы құрастырылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда жүйелілік тұғыр, интегративтік тұғыр, кешендік тұғыр, тұтастық тұғыр, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырлары айқындалады. Бастауыш мектептің болашақ мұғалімі ретінде студентті даярлаудың ерекшеліктері оның құрылымында кәсіби-сапалық құндылықтардың басым болуы (балаға бағытталуы), кәсіби маңызы бар білімнің кеңдігі мен тереңдігі, дайындық мазмұнындағы педагогикалық қабілеттер мен жеке қасиеттердің маңыздылығының жоғары дәрежесі болып табылады.

- пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау – жаңартылған білім беру жағдайында студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын меңгерту болып нақтыланады.

- жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мазмұны мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде түсініліп, танылады. Динамикалық педагогикалық байланыс компоненттерден (мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық) түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылады.

- жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау әдістемесінің тиімділігі (оқыту семинары, элективті курс бағдарламасы) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық

конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған журналдарда, скопус базасындағы ғылыми журналдарда көрініс тапты:

1.Оқыту үдерісіндегі пәнаралық сабақтастық/«Заманауи сын-тегеуріндер мен қоғамның жаһандану жағдайында Қазақстандағы білім мен ғылымның инновациялық әлеуеті» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, І. Жансүгіров ат. ЖМУ, ІІ том 28-29 қазан, 2016ж. Б.356-361

2. Бастауыш мектеп мұғалімін сабақтастық ұстанымы арқылы кәсіптік-тұлғалық даярлау//М. Өтемісов ат. БҚМУ «Хабаршысы» «Педагогика, филология, тарих» сериясы №3 (67), Орал, 2017ж. Б.11-17.

3. «Пәнаралық сабақтастық» ұғымы және оның бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудағы ролі//Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы-Вестник» «Педагогика ғылымдары сериясы» №1(53), Алматы, 2017ж. Б.164-169.

4. Бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау диагностикасы/«Шоқан оқулары-21» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Ш.Уалиханов ат. Көкшетау мемлекеттік университеті, 21 сәуір, 2017ж. Б.203-208.

5. Оқыту үдерісін ұйымдастыруда сабақтастықтың теориялық-әдіснамалық негізі/«Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік жаңғыруы жағдайында ғылыми-зерттеушілік және білім беру әрекеті әдіснамасының дамуы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті, 13-14 қазан, 2017 ж. Б.175-178.

6. Роль межпредметной преемствеенности в профессиональной подготовке учителей начальных классов/Шуменски университет «Епископ Константин Преславски» Педагогически факултет, научни трудове от конференция «Иновации в образованието», Болгария, 27-29 октомври, 2017 г. С.775-781.

7. ЖОО бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудағы пәнаралық сабақтастық мәселесі/Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында білім беру мазмұнын жаңарту: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары.- Академик Е. Бөкетов ат. ҚарМУ, 19-20 сәуір, 2018. Б.395-399.

8 The innovative culture of teacher//Университет XXI века: научное измерение: Материалы научной конференции научно-педагогических работников, аспирантов и магистрантов ТГПУ им.Л.Н.Толстого [Электронный ресурс].- Электронные данные. - Тула: Издательство Тульского государственного педагогического университета им. Л.Н. Толстого, 2018. Б.7-13.

9. Межпредметная преемствеенность как фактор повышения качества профессионально-педагогической подготовки будущих учителей начальных классов//Казахский национальной университет имени Абая «Хабаршы Вестник Bulletin» Серия «Педагогические науки» №4 (60), Алматы, 2018ж. Б.192-196.

10. Vocational training of future elementary school teacher by means realization of inter-subject continuity//Revista de Ciencias Humanas y Sociales Año 34, N 85-2, 2018, ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. Maracaibo - Venezuela. Б. 479-516.

11. Преемственность в системе профессиональной подготовки учителя начальных классов//Исследовательский потенциал молодых ученых: взгляд в

будущее Сборник материалов XIV Региональной научно-практической конференции молодых ученых, аспирантов и магистрантов. Электронные данные. - Тула: Изд-во Тульского государственного педагогического университета им. Л.Н. Толстого, 2018. Б. 282-288.

12. Бастауыш мектеп мұғалімінің өзін-өзі кәсіби дамытуы-пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың негізі//Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы-Вестник» «Педагогика ғылымдары сериясы» №1(61), Алматы, 2019ж. Б.229-234.

13. Білім беруді жаңғырту жағдайында бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда пәнаралық сабақтастықтың жүзеге асуы// Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы-Вестник» «Педагогика ғылымдары сериясы» №1(61), Алматы, 2019ж. Б. 225-229.

14. The meaning of interdisciplinary in the learning process/ Научный журнал «Апробация» (РИНЦ, DOI) №2 (65)-2019. г. Махачкала. стр. 51-54. ISSN 2305-4484.

Жарық көрген ғылыми еңбектер: зерттеудің негізгі нәтижелері мен қағидалары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында (4) және ҚР БжҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (5), Скопус деректер базасында саналатын ғылыми журналдарда (1), алыс-жақын шетелдік конференция материалдары (3) мен ғылыми журналдарында (1) жарық көрді. Зерттеу нәтижелері зерттеу базасында көрсетілген білім беру мекемелерінде мамандарды даярлау тәжірибесіне ендірілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Қазақстан Республикасындағы өткізіліп жатқан білім берудің модернизациялануы, яғни педагогикалық білім берудің жаңа стандарттарының, білім беретін мектептердің жаңа түрлерінің пайда болуы, қабылдау сынақтардың жаңа формаларына көшуі, білім беру мазмұнының жаңартылуы, тәрбие мен оқытудың жаңа технологияларын әзірлеуі, кәсіби бәсекелестік бастауыш мектеп мұғалімінің білімі, білігі мен тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптарға өзгеріс енгізді.

Осыған байланысты, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бастауыш сынып мұғалімдеріне, инновациялық білім беру технологияларды меңгерген жоғары мамандарға, балаға мектептегі бірінші күннен-ақ тұлға мен кәсіби маман ретінде қарайтын маманға қажеттілік туады.

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында, пәнаралық сабақтастықты білім беру жүйесіне енгізу қазіргі кезеңде білім беру орындары мен жалпы қоғамның алдында тұрған міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады.

Бұл бағытта, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауды педагогикалық проблема ретінде қарастыруды талап етеді.

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда *«сабақтастық»* түсінігі ең алдымен философиялық генезистерден бастау алатындығын айтуға болады.

Философиялық болмысқа бағытталған болжамдарға тыңғылықты талдаулар мен логикалық пайымдаулардың жасалуы «сабақтастық» ұғымының білімдік мәнін ашып көрсетеді. Сондықтан біз, болашақ мамандарды пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы даярлаудағы диалектикалық тұрғыдан болмыстың себеп-салдарлық сипатын бейнелейтін философиялық талдауларға тоқталуды жөн санаймыз.

Ертедегі Грекияның алғашқы философтары стихиялы материалистік бағытты ұстануымен ерекшеленеді. Олар бүкіл дүниені тұтастай алып қарап, әлемнің, дүниенің түп негізін, алғашқы бастамасын табуға тырысты.

Сабақтастық идеясы ежелгі грек философы Платонның (б.з.д.427-347) еңбектерінде: «Менің ойымша, барлық ғылымдармен айналыса отырып, егер олардың бір-біріне болмыстары арқылы бірігуін тапсақ, қандай-да бір мақсатқа жетуге болады, бұл жұмыс өз нәтижесін берері анық» деп түсіндіреді [117]. Философтың идеясының өміршеңдігі бүгінгі күнге дейін ұштасып, маңызын

жоймай келеді. Демек, бұдан шығатын тұжырым, сабақтастық барлық ғылымдар тоғысындағы табиғи құбылыс ретінде сипат алады.

Сократ (б.з.д.469-399) өз заманындағы натурфилософияның негізін салғандардың бірі. Философ табиғатпен байланысты сұрақтарды зерттеді. Әлемдегі иерархияны құрастырумен айналысты. Аспан, жер, жұлдыздар қалай пайда болды деген мәселені зерттеді. Ол әлемді түсінгісі келді, бірақ оны басқаша мәнерде қарастырды. Сократ құбылыстан құбылысқа өту арқылы емес, жалпыдан құбылысқа қарай беттеу арқылы ізденіс жүргізді. Мысалы: «...әдемі заттар көп, бірақ әдемілік ұғымын бір затпен ғана байланыстырып қоюға болмайды. Әдемі заттарға ортақ қасиет бар. Оларға тән жалпылықты идея, эйдос деп атауға болады» біртұтастықтың және үйлесімділіктің мәнін ашады. Ондағы басты идея –жақсылық, ізгілік, мүдде. Әр нәрсенің қажеттілігі осы идеямен анықталады. Сократ адамгершілікті ақылмен байланыстыра отырып, «білім қайдан туады?» деген сұраққа жауап іздейді. Философтың өзі осы сұраққа пікірталастан туады деп жауап береді: тәсіл (ирония, майевтика), пікір алысу, жан-жақты байланыс пен үзіліссіздікті қарастыру жаңа ой тудырады. Сократ диалектика тәсіліне көңіл бөледі [117, б. 78]. Философтың бұл ойынан, білім онтологиясының жалпыдан бөлшекке, бөлшектен бүтінге ауысудағы мағынасын ұғынуға болады.

Б.з.д. VI және V ғ. аралығындағы өмір сүрген Эфестік Гераклит (б.з.д.535-475) қарама-қарсылықтардың бірінсіз-бірі өмір сүрмейтіндігін дәлелдеп шықты. Гераклит – көрнекті диалектик, теориялық ойлаудың шым-шытырман тұңғиығына, оның қайшылықтары мен бұрылысы көп жолдарына батыл көз жүгірткен ғұлама философ. Гераклиттің диалектикасы сапалық мәселелерді көтерді. Ол таным процесін, әсіресе, диалектикалық танымның салыстыру әдісімен қалыптасатынын атап көрсетті. Салыстыру арқылы жақсылық пен жамандықтың, әсемдік пен көріксіздіктің т.б. мәнін негіздеуге тырысты.

Философ дүниенің тұрақсыздығын, оның үнемі қозғалыс пен өзгерісте, жалпы дамуда болатынын айқындап берді. Гераклит қарама-қарсылықтардың бір-бірінен ажыраспайтынын, бір-біріне өтетінін, алмасатынын, бірін-бірі толықтыратынын айқындап берді. Гераклит сол кездегі басқа ойшылдар сияқты жаратылыстану саласымен айналысып, дүниенің негізін материалдық біртұтастықтан іздеді [117, б. 104]. Философтың тұжырымы бойынша, тіршілік атауының өзі бірігу мен бір-бірін толықтыру секілді әрекеттерден тұратынын байқауға болады. Бұл өз кезегінде білімдегі сабақтастықтың нәтиже құралы екендігін алға шығарады.

Білім философиясының негізгі ұстанымдарын диалектиканың бірлігі неізінде қарастырған философтардың бірі Әл-Кинди (800-879). Ол философияны жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланыста қарастырған. Философиямен терең айналысу үшін математиканы білу қажет дей отырып, әл-Кинди ғылымдардың жүйесін жасаған. Бұл жүйеге «сан туралы ғылым» арифметика мен гармония, алаңды өлшейтін ғылым – геометрия, жұлдыздар туралы ғылым – астрономия кірген. Төртінші орында алдыңғы үш ғылымды біріктіретін гармония туралы ғылым тұрған. Өйткені, ортақ себептілік

байланыс барлық жерде бар, яғни дыбыстарда, әлемнің құрылымында, адамның жанында т.с.с. осы төрт ғылымның негізін сан туралы ғылым қалайды деп түсіндіреді [118]. Әл-Киндидің ілімі бойынша, төрт ғылымның (арифметика, астрономия, геометрия, гармония) бір-бірімен сабақтастығында себептілік байланыстарының пайда болуы қарастырылады.

Адамның «өзін-өзі тануының» немесе «жан қуаты» жайлы ойлардың қалыптасуын адамтану ілімінің алғашқы қадамын жүйелеген философ Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950) болды. Философ бақытқа жетудің жолы – бірнеше ғылымдардың аралық байланысы деп түсіндіреді. Фарабидің философиялық және логика-методикалық көзқарастарын жақсы түсіну үшін оның ғылымдар топтауын (классификациясын) қарастыруға болады. Бұл топтау Аристотельдің классификациясына ұқсайды, алайда Фарабиде табиғаттану-математика ғылымдары кең көрініс табады; бұл оның орта ғасырлардағы Шығыс философиясының даму бағытын бейнелейтін рационалистік және материалистік талпыныстарының нәтижесі болып табылады [119]. Ұлы философтың еңбектеріне талдау жасау барысында біз, грамматика мен логика бір-бірімен тығыз байланыстағы ғылым деген пікірін құптай отырып, грамматиктердің мақсаты – шығарма ережесіне сай терминдердің өзара байланысын нықтау сөйлемді әдемі, мағыналы құрастыру болса, логиктердің мақсаты – мақұлданған қағидаларға сай мәліметтер бойындағы байланысты анықтау, оны дәлдікпен ой-қорыту арқылы ойлау кеңістігінің диапазонын кеңейту екендігін түсінеміз.

Аристотель негізін салған силлогистикалық пайым туралы ілім – дедукцияның (ойлаудың жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке көшіп нәтиже шығаруы) логикалық жүйесі болып табылады. Осы тұрғыда Аристотельдің зерттеулерін жалғастырушы, шығыс философы Ибн Сина (980-1037): «Силлогизм екі түрге бөлінеді: біріншісі – байланыстыратын; екіншісі – болғызбаушы. Байланыстырушы түрі салдарды тұрақтандыру жолымен емес, мүмкіншіліктер мен потенциядағы білім нәтижесі арқылы анықталады. Болғызбаушы түрі кезінде білім екі жақты таластың біреуі бөлініп алып қарастырылған кезде айқындалады» деп жазады [120]. Философтың пайымдауларына сүйенсек, байланыс әрекеті мүмкіншіліктер мен әлеуеттің білім нәтижесінің өлшемінде көрініс табады деуге негіз бар.

Жоғарыдағы талдаулар көрсеткендей, сабақтастық ұғымы көне замандардан бері зерттеліп келеді, себеп пен салдардың заңды байланыстары туралы, өзгеретін нысандар мен құбылыстардың сапалық жағынан түрлі жағдайларының арасындағы сабақтастықты қарастырған.

Кейінгі антика дәуірінің, орта ғасырдың және жаңа заманның философиялық шығармаларында «сабақтастық» ұғымының мағынасын түсінуге назар аударылады.

Философиялық сөздік бойынша «сабақтастық» ұғымына былай анықтама берілген: «даму үрдісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы қажетті объективті байланыс, терісті-терістеу заңдылығының мәнді белгісі, бұрынғы сатыдағы

жеткен тұрмыста да, танымда да нәтижесіз алға қарай жылжу мүмкін емес» [121].

Диалектикада кез-келген құбылыс өзінің жеткен дәрежесіне қанағаттанып тұрып қалмай, оларды жоққа шығару арқылы жаңа сапаға көшеді. Ол терістеуді терістеу заңдылығы болады. Терістеу – дамудың қозғаушы күші. Терістеу белгілі бір зат пен құбылыстың қарама-қайшылықтарын ашу, олардың шешу жолдарын анықтау, жаңа сапаның орын алуына мүмкіндік туғызу. Жалпы алғанда, дамуға кедергі келтіретін компоненттер жойылады, оның орнына жаңалары пайда болады.

Қорыта келгенде, философиядағы адам дамуы жайлы идеялар мен ғылыми еңбектерді талдай отырып, сабақтастық ұғымының түпкі категорияларының философиялық бағыты *гармония, адамның пайымы мен ақылының арасындағы қарама-қайшылық, шындық пен азаттық, әсемдік пен жақсылық, ортақ себептілік байланыс, құндылықтық кеңістігі, бастапқы теорияны сақтап қалу үшін логика ережелерін субъективті пайдалану, аргументтердің көп түрінің жиынтығы* т.б. деген түсініктермен қамтамасыз етілетіндігіне 1-суреттегі көріністе көз жеткіземіз (сурет 1).



Сурет 1 - «Сабақтастық» ұғымының философиялық мәні

Білім философиясы мен жалпы философияның теориялық-әдіснамалық аппаратын кіріктіруде «сабақтастық», «пәнаралық сабақтастық» ұғымдарының мәнін сипаттаудағы нақты және арнайы ғылымдардың жинақтаған білімдерін пайдалана отырып, педагогикалық шынайылықтың нақты мән-мағынасымен толықтырылатын тұжырымдамалық нұсқаларын қарастыруға мүмкіндік аламыз.

XXI ғасыр философтары В.С. Батурин [69, б.89], А.И. Зеленков [68, б.21], Г.И. Исаенко [74, б.24] және басқалары өз жұмыстарында сабақтастықтың дамуға қатысты елеулі ролін атап көрсеткен және бұл ұғымды *«қозғалыс»* және *«даму»* категорияларымен байланыстырған. Сабақтастық өзгерістердің біртұтастығын, біріктендірілгендігін және бағытталғандығын қамтамасыз ететін дамудың ішкі негізі деп аталды.

Атап айтсақ, Г.Н. Исаенко өзінің «Ғылымның дамуындағы тарихи сабақтастықтың рөлі» еңбегінде «жаңа бос жерден туындамайды, жоқтан түзілмейді» деген пікір айтады. Оның айтуынша, «өтіп кеткен даму кезеңінде жаңаның тамыры тереңде жатыр, ол өткеннен туады, дәннен өскен ағаш сияқты кеткеннен өсіп-өнеді және өз кезегінде онда да болашақтың ұрығы жатыр. Сондықтан қандай да бір заттың, нәрсенің, құбылыстың, элементтің өзгеруі кезінде сабақтастықтың болмауы аталған заттың, нәрсенің, құбылыстың метафизикалық жойылуын немесе бір орында бос тұрғанын, немесе даму үдерісі болып табылмайтын олардың түрленулерін білдіреді» [74, б.24].

Зерттеулері талдау барысында философия және психология, педагогика ғылымдарындағы «сабақтастық» түсінігі мен «сабақтастықтың» сипаты жағынан тығыз байланыс бар екендігін алға шығарамыз. Мұндағы жалпы философиялық түсініктегі сабақтастықты педагогикаға енгізу үшін, оны педагогикалық біртұтас жүйеде көрсету үшін білім беру үдерісіндегі терістеу заңдылығының мағынасын сипаттау қажеттігі туындайды. Бізге тәжірибе көрсеткендей, ЖОО-дағы білім беру үдерісі кезіндегі *«терістеуді терістеу»* заңдылығы білімнің қарапайымнан күрделіге өтуі, жаңа білімнің бұрынғы берілген біліммен тығыз байланыста болуы және белгілі бір мақсатқа жету үшін алған білімін пайдалануы – білмегенді білуге, бөлшектіктен жүйелілікке өтуге жол ашады. Болашақ мамандардың өз ісінде субъект болуын қамтамасыз етуде, оның өзіндегі бар ішкі дүниетанымындағы құбылыстар арқылы, жаңа білім берілгенде бұрынғы мен жаңаның сабақтастығының болуы жетістікке жеткізері анық.

М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде *«...педагогика адамның денесін һәм жанын дұрыс тәрбие қылу жолдарын ізденетін пән болғандықтан, педагогика пәнімен дұрыс пайдалана білу үшін, екінші түрлі айтқанда, адамды дұрыс тәрбие қыла білу үшін адамның денесі һәм жанының жайын кеңес қылатын басқа пәндермен таныс болуға тиісті. (Педагогикаға жәрдемші пәндер). Бұл пәндер төмендегілер:*

Дене туралы пәндер. *Анатомия. Адам денесінің құрылысын баяндайды. (Денеде қандай мүше бар, жаралысы қандай?); Физиология. Адам денесінде болатын көріністерді баяндайды (тұру, жүру, демалу сықылды); Гигиена. Саулықты сақтау пәні; Гимнастика. Саулықты бекіту үшін түрлі дене қозғалысы туралы пән.*

Жан туралы пәндер. *Психология. Адамның жанының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақыл-ойдың жайын баяндайтын пән; Логика. Дұрыс ойлау жолдарын көрсететін пән. Этика. Құлық туралы пән. Яғни адамшылық не? Осыны баяндайды»* деп ұсынады [122].

М.Жұмабаевтың бұл тұжырымынан біз, адам – барлық ғылым үшін ашық жүйе екендігін негіздейміз. Оның еңбектерінен болашақ мамандардың жан-жақты тұлға болуы үшін даму үдерісі өзгеріске ұшыраса, адамның қажетті жақтары бүтін болып қалыптасатындығын және бұл тұста даму сатылары арасындағы пәнаралық байланыстың маңызын айта аламыз.

Ж. Аймауытовтың «Психология (жан жүйесі) мен өнер таңдау» атты еңбегінде, автордың ойынша, «Сабақ өту – жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деп түсіндіріледі. Біздің байқайтынымыз, кез-келген педагог өз сабағының қызықты, әрі тартымды өтуі үшін өз сабағымен қатар, жаңадан жаңаны табуда жалпы білім беретін басқа да пәндерге байланыс жасау арқылы білім беруі тиіс. Пәнаралық сабақтастық ең алдымен, жалпы оқу үдерісін, бір мектептің барлық жұмысын бір жолға салуға, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуындағы негізгі функцияларды анықтауға септігін тигізеді. Барлық мұғалімге бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерде ортақ мүддені шешуге жұмылдырады [123]. Ғалымның еңбектерінің жалпы көрінісі кез-келген педагог тұлғадағы пәнаралық сабақтастықты шебер ұйымдастыруына жаңадан жаңаны табатын қабілеттіліктің болуы ең алдымен жан өнері ретінде психологиялық білімнің болуын негіздейді. Біз, келесі талдауларда пәнаралық сабақтастықты, оның болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы психологиялық маңызына тоқталмақпыз.

Психология ғылымында *идеялар байланысының* тарихи даму себептері өте ертеден рухани байлыққа сұраныс ретінде зерттелініп келеді. Осы орайда қабілеттіліктің негізін қалаған ғалымдардың бірі Л.С. Выготскийдің зерттеулерінің орны ерекше. Ол психология тарихында түсініктер, топтастырудың (классификациялардың), идеялардың ауысуы мен одан ары даму заңдылықтарының 3 түрлі себебін: *«...біріншісі – бұл ғылымның жалпы мәдени әлеуметтік кезеңмен байланысы; екіншіден, ғылыми танымның заңдары мен жағдайымен тығыз байланысты, үшіншіден, ғылыми танымның табиғатымен сол зерттеу кезіндегі объективті талаппен байланысы»* деп ашып көрсетті [5, б.158]. Л.С. Выготскийдің пәнаралық байланыс жайлы идеясы білім үдерісінде психикалық түсініктердің ғылыми эволюциясындағы жалпы жағдай, оның басқа ғылым салаларымен байланысы, яғни бүгінгі жаңа парадигмалық жағдайдағы ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық білімдер арасындағы *ұқсас ұғымдар үшін күрес* деп түсіндіріледі.

Ал керісінше, ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық танымдардағы *ұқсастық пен алшақтықтың идеялар байланысын* бір-біріне қарсы қоймай, оның орнына идеялар байланысынан пайда болатын жаңа ақпараттық революциялық рөлдерді негіздеуді В. Гумбольдтың еңбектерінен байқауға болады [124]. Ол мәнділік деңгейіндегі идеяларды қолдау қозғалысын «әлемді тіл арқылы ізгілендіру» идеясы арқылы негіздеп қарастырады. Бұл дегеніміз, болашақ мамандарды кәсіби даярлау жағдайында дамытатын негізгі күш тілге байланысты жүзеге асырылады.

Келесі бір талдауларда *«пәнаралық байланыс»* жайлы психологтар әр түрлі пәндерді қабылдауда білімді жүйелендірудегі ақыл-ойға серпіліс туғызып,

таным қызметіне шығармашылық сипат беруімен тұжырымдап көрсетеді. Пәнаралық байланыстың психологиялық негізін Ю.А. Самарин «Ақыл-ой психологиясының очерктері» атты еңбегінде: «Ақыл-ой әрекетінің бұл деңгейінде оқушыларда *арнайы іскерлік дағдылар* қалыптасып, ақыл-ой әрекеті терең сипат алады, ол бір пәнде білімнің бір жақтылығымен шектеледі. Сонымен жүйеаралық және пәнаралық байланыстар адам ойының қалыптасуында ерекше рөл атқарады» деп түсіндіреді [125]. Ғалымның бұл пікірінен психологиялық тұрғыдан алғанда, ақыл-ой арқылы түсініктер мен идеялар байланысының туындауы деп тұжырым жасаймыз.

Осы ретте психология ғылымы үшін түсініктер мен *идеялар байланысының* пайда болу себебін ары қарай Дж.Ст. Миллем қарастырған, ол: «...біздің идеяларымыз (түсініктеріміз) әсерлердің пайда болу және орын алу тәртібі бойынша өмір сүреді, олар оның дәл көшірмесі. Басты заң – идеялар байланысы, ал байланыстардың екі себебі бар сияқты: байланысатын әсерлердің жандылығы және жиі қайталануы» деп түсінік береді. Ғылымдағы байланыстар пайда болуының негізгі заңдылықтарының талдауы (ұқсастық байланысы, шектестік бойынша байланыс (уақыт немесе орны бойынша сәйкес келуі) себеп-салдар байланысы т.б.) және олардың пайда болуының екінші реттегі заңдылықтары, оған «алғашқы әсердің ұзаққа созылуы, оның жандылығы, жиілігі, қандай да бір себеп-салдарлар арқылы байланысын бұзуы т.б.» жатады [126].

Ендеше психология ғылымындағы идеялар мен түсініктердің байланысының жалпы сипаты пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы есте сақтау және ойлаудың өзіндік функцияларын орындайды. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау арқылы білім беру үдерісіндегі сапаны арттыруда ойлау проблемасы көп аспектілік қызметті атқарады. Жалпы айтқанда, *идеяларды көбейту жөніндегі мәселе ойлаудың байланыстылық теориясының* негізгілерінің бірі болып табылады, себебі ой қозғалысы қандай идеялардың және олардың есте сақтау қорында қандай тәртіп бойынша көбеюіне байланысты екендігін алға шығарады.

Болашақ мамандарды кәсіби даярлау жағдайында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда психологиялық тұрғыдан репродуктивті ойлаудың негізгі заңы түсініктердің байланыс күшінің орнығу заңы педагогикалық талаптардың өзіндік теориялық негіздемесі бола алады.

Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру туралы ойын *байланыс механизмі* ретінде білдірген ғалым Н.А.Менчинская өзінің зерттеулерінде: «оқытудың негізінде байланыс механизмі жатыр, оған күрделі талдамалық-синтетикалық әрекет кіреді» деген пікір қалдырды [127]. Бұл айтылғандар тұжырымдамалық жағынан білім алушылардың талдамалық-синтетикалық әрекетінің ерекшеліктерін ескеру, ассоциативті байланыстарды нығайтуды міндеттеп, бүгінгі білім берудегі негізгі талаптарды іске асыруға бағыттайды.

Бізге талдаулар нәтижесі көрсеткеніндей, идеялар мен түсініктер байланысы өзінің репродуктивті ойлаудың заңына бағына отырып, пәндер арасындағы байланыс, тақырып арасындағы интеграция психологиялық тұрғыда: *танымдық ойлау, идеялар байланысы, ұқсас ұғымдар үшін күрес, есте сақтау, арнайы іскерлік дағдылар, байланыс механизмі* ретінде көрініс табады.

Ал педагогика ғылымында, бұл проблема - *«бірізділік», «жүйелілік», «біртұтастық», «үзіліссіз»* ұғымдарына мағынасы жағынан жақын және көп жағдайда осы ұғымдардың синонимі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, «сабақтастық» ұғымының философия, психология, педагогика және т.б. көптеген ғылымдардың аясында зерттелетін көп аспектілі категория болып табылатындығына байланысты.

Сондықтан пәнаралық сабақтастық тек жаңаға ғана дайындау емес, бұрынғы игергенін сақтап, дамытып, ескі мен жаңаның арасында байланысты үрдісті дамыту болып табылады. Демек, сабақтастықтың түпкілікті мақсаты – баланы жүйелі, сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуін ұйымдастыру.

Педагогикалық энциклопедияда: «...оқытудағы сабақтастық – оқу пәнін оқып үйренудің сатыларында оның бөліктері арасында қажетті байланыстар мен дұрыс ара қатынасты құрудан тұрады» делінген [128].

Табиғаттағы және қоғамдағы барлық жүйелер «даму» категориясының шеңберінен алшақтай алмайды, себебі «жүйе» түсінігі үзіліссіз байланысады, жүйеден тыс жүретін даму процестері болмайды. Ғылымдағы жүйе белгілі бір функцияларды орындауда бір-бірімен өзара әрекеттесетін өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде анықталады. Жүйелердің тәртібі біртұтастық пен құрылымдық қағидаларына бағынады. Бұл оның жекелеген элементтердің қасиеттерінен гөрі, олардың біртұтастың ішіндегі орындары мен функцияларына және жүйенің жалпы құрылымының қасиеттеріне тәуелді екенін білдіреді. Жүйе әрқашан да реттелген құрылымға ие, онда оның элементтерінің орналасу деңгейлері әр түрлі және элементтердің арасында көлденең және тігіннен байланыстар болады.

Диалектика сабақтастықты жүйелерге қатысты, яғни, ішкі құрылымын бөліп алуға болатын «объектілерге» қатысты қарастырады. Құрылым бөлініп алынғанда оның екі түрлі жағдайын салыстыру оның қандай элементтері мен байланыстары трансформацияланғанын, қайсысы ұсталғанын, сақталғанын, яғни, сабақтастық негізінде жаңа жағдайға өткенін анықтауға мүмкіндік береді. Құрылымда жүйелер күрделі, ірі блоктар түрінде де, жекелеген элементтер мен байланыстар түрінде көрінуі мүмкін.

Жүйенің әр түрлі құрылымдарының арасында сабақтастықтың көрініс табуының қарапайым актісін бөліп қарау сабақтастықтың жалпыламалығын қамтамасыз етеді, оның мәнісі жүйенің ірі блоктарының арасындағы немесе оның жекелеген элементтерінің арасындағы сабақтастықты зерттеу туралы сұрақ бірыңғай әдіснамалық ұстанымдар тұрғысынан қарастырылатындығында, өйткені қалай болғанда да, біз қарастыратын объектілерді белгілі бір жүйеде

елестете аламыз. Мысалы, бір сабақтың әр түрлі кезеңдерінің арасындағы сабақтастық.

А.И. Зеленков өз пайымдауларының негізінде сабақтастық – бұл «мәні теріс жүйеден белгілі бір құрамды сақтау, қайта жаңғырту және модификациялау бірлігінде жатқан дамушы шынайылықтың сапалық түрде әр түрлі жағдайларының арасындағы байланыстың маңызды түрін көрсету үшін қажет философиялық түсінік» деген қорытындыға келді [68, б.20].

Сабақтастық онсыз жаңаның болуы мүмкін емес ең құндыны және ұтымдыны сақтап, ескіден жаңаға жеткізуді қарастырады, бірақ бұл жай сақтау емес, ескінің элементтерін жаңада механикалық түрде қайталау емес, бұл оларды өңделген күйде сақтау болып табылады. Ескінің орнын баса отырып, онда ең құндыны, ең жақсыны сақтай отырып, жаңа биігірек сапалық түзілім ретінде шығады. Табиғатта, қоғамда және тануда көрініс таба отырып, сабақтастыққа объективті және жалпылама сипат тән. Ол кездейсоқ үдеріс емес, қажет және заңды құбылыс. Әлдебір нәрсенің өзгеруінде сабақтастық болмаса, оның дамуы туралы айтудың қажеті жоқ.

Осыған сүйене отырып, философиялық тұрғыдан сабақтастықты оның ілгерілемелі сипатын қамтамасыз ететін дамудың заңдылығы болып табылады деген қорытынды шығаруға болады. Сабақтастық болып өткен кезеңдердегі кейбір сәттердің жоғарғы сатысындағы қайталануды, ескіге оралуды, бірақ одан да биік деңгейдегі оралуды сипаттайды. Бұл жүйенің болашақ дамуының сипатын жеткілікті деңгейдегі нақтылықпен жорамалдауға және болжауға, жүйенің бүгінгі жағдайын талдау оның қалыптасу тарихын зерттеуге мүмкіндік береді, ал жүйенің өткен жағдайларын қарастыру оларға дамудың қазіргі деңгейін біле отырып қарау қажеттігін көрсетеді.

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты.

Ю.А. Кустов [70, б.28] сабақтастық категориясын өз алдына бөлек жалпыдидактикалық қағида ретінде зерттей отырып, педагогикада оқытудың дискреттік сипаты мен педагогикалық үдеріс пен оның нәтижелерінің біртұтастығын қамтамасыз ету қажеттілігінің арасында болатын қарама-қайшылықты шығарады және сабақтастық қағидасының әдістемелік және реттеуші функцияларын бөліп қарайды.

Бірінші - функцияларға автор қағиданың оқыту үдерісінің теориясын дамытуда негізгі логикалық буын болу бойынша жүйе құраушы, қамтамасыз етуші және дидактикалық ережелер мен жағдайларды құраушы қабілетін; педагогикалық үдерістің қарқыны мен диалектикасының заңдылықтарын көрсететін динамикалық қабілетін; педагогикалық өлшемдер кезінде өткенді, бүгінді және болашақты өзара әрекеттестікте байланыстыратын құрылымдық қабілетін; оқыту-тәрбиелеу процесінің біртұтастығын және оның нәтижелерін қамтамасыз ететін интерактивті қабілетін жатқызады.

Екінші – сабақтастық қағидасының реттеуші функцияларына даму нәтижелерінің біртұтастығына жету шарттарын қамтамасыз ету мақсатында

оқыту мазмұнының құрылымдық өзгерістердің құрылымдық-мазмұндық бағыты кіреді; педагогикалық жүйе құрамдастарының өзара тәуелділігімен байланысты, олардың арасындағы өзара байланыс сипатының өзгеруімен, оқытушылық пен оқытудың өзара әрекеттестігін құрудың түрлі нұсқалары туралы көрініс беретін; үйлестіруші, ол түрлі пән мұғалімдері қызметінің, отбасының, қоғамның өзара әрекеттестігінде көрініс табады.

Осыған байланысты, сабақтастық тұлғаны дамытуда ілгерілеуді, бағыттылықты, перспективтілікті қамтамасыз ететін оқытуды дамытудың маңызды процесі ретінде негізделеді. Дамудың әр кезеңінде адам қызметінің типі мен оның шынайылыққа деген қатынасының өзгеретіні қарастырылған. Соның негізінде дамудың бір жағдайынан екіншісіне өту жүзеге асырылады.

Оқытудың сапасын арттыру және тұлғаны дамыту мақсатында тұтастығын, бүтіндігін және жүйелілігін қамтамасыз ете отырып, сабақтастық белгілі бір қасиеттерге ие; жаңа материал бұрынғы зерттеулердің «призмасынан» әлдеқайда жоғары деңгейде өтеді, соның арқасында білімнің, машықтар мен дағдылардың саны мен сапасы артады және ұлғаяды. Бұл әлдеқайда мазмұнды, дифференциалды және жиынтық болады. Демек сабақтастық тұлғаның ең алдымен жаңа тәжірибені, ескі мен жаңа білімнің өзара әрекетін ұғыну арқылы тұлғаның даму процесін білдіреді. Білім беру үдерісінде пәнаралық байланыс бастауыш сыныптан өз маңызын күшейтуі керек. Ол үшін пәнаралық сабақтастықты кез-келген білім көздерінен шебер үйлестіре алатын болашақ бастауыш сынып мамандарын кәсіби даярлау ісі дұрыс жолға қойылуы қажет.

Қ.Т. Ыбыраимжанов бойынша, бастауыш білім берудің қалыптасуы мен дамуының тарихи жолдарын айқындауда тарихилық, шындық, жинақтылық және жүйелілік ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, бұл педагогика тарихында орын алған тәжірибенің ғылыми тұрғыда толық талдануына негіз болады дей келе, әрбір ұстанымға сипаттама берген.

- тарихилық – бастауыш білім берудің қалыптасуы мен дамуы оларды туғызатын жағдайлар мен органикалық байланыстарды тану ұстанымы.

- шындық – зерттелу кезеңдерін қамтитын мұрағаттық деректердің түпнұсқасын тексеру.

- жинақтылық – бастауыш білім беруді әлеуметтік құбылыс – ретінде тани отырып, құбылыстың мәні қорғаушы күштері, ықпал етудің алғы шарттары, сыртқы жағдайлар, осыған байланысты бұған басшылық жасау.

- жүйелілік – анықталған кезеңдерде Қазақстандағы бастауыш білім беру мәселесі құрамды бөліктерімен және және оны қоршаған орта, қоғамдағы әлеуметтік жағдаймен ішкі үйлесімділігін, өзара байланысын біртұтастық негізде қарастыру [39, б. 67].

Л.Г. Дирксеннің «Преемственность в развитии творческих способностей детей разновозрастного уровня (Изобразительное искусство)» деп аталатын кандидаттық диссертациясында: «...сабақтастық - бұл табиғаттағы, қоғамдағы және танымдағы даму процесіндегі құбылыстардың байланысы, *жаңаны ескі алмастыра отырып*, өзінің негізгі элементтерін өздігінен жинақтап, әрі қарай дамуға мүмкіндік береді» деп пайымдайды [78, б.51]. Сонымен қатар ғалымның

еңбегімен танысу барысында біздің байқағанымыз, адамның бейне бір жасырын қырларын ашуда да сабақтастықтың мәнінің зор екендігін, сондай-ақ ол өз кезегінде шығармашылық қабілеттілікті талап етеді деп түсіндіреді.

Ал, А.П. Усова сабақтастықтың мәніне «мұғалім алдында тұрған міндеттерді табысты шеше алатын балалардың жан-жақты дамуының осындай деңгейін қамтамасыз ету екендігінде» деп түсінік береді. Ғалым: «Педагог-тәрбиешіге арналған басшылық» деп аталатын жұмысында мамандарды практикалық дайындауға ерекше көңіл бөледі және жүйелі сабақтастық білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша тәрбиешілер мен мұғалімдерге арналған құнды әдістемелік нұсқаулар береді [129]. Оның пікірінше, сабақтастық өтпелі жағдайларды жасау болып табылады, бұл кезде ескі, игерілген әдеттер оларды жаңа технологиялардың дамуына жол береді.

Осы орайда Ж.Б. Қоянбаева, Р.М. Қоянбаев өздерінің еңбектерінде әлеуметтік тәжірибе мәселесіне тоқтала келе, адамның объективті әлеммен өзара әрекетінің барысы және оның нәтижесі деп анықтама берген. Ол қоғамның іс-әрекетінің түрлері мен нәтижелерін, еңбектің тәсілдері мен дағдыларын, нақты істе ашылған адам іс-әрекеттерінің және әлемнің объективті даму заңдылықтарын қамтиды. Жеке тұлға әрекет жасау үшін тәжірибені игеріп, яғни қоғамдық қатынастар жүйесіне енеді. Осы жағдайда ғана объективті тәжірибе субъективті мұраға айналады. Күнделікті тәжірибенің шектеулігі жеке тұлғаны адамзаттың қоғамдық-тарихи іс-әрекетіне ендіру арқылы кеңейтіледі [130].

Теориялық зерттеулерді қарастыру болашақ мұғалімнің кәсіптік даярлық үдерісінде сабақтастықты жүзеге асыру қажеттігін көрсетіп отыр. Сабақтастықтың теориялық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері және білім беру жағдайында оны жүзеге асырудың технологиясы С.М. Годниктің [71, б.56], А.А. Люблинская [72, б.19], М.И. Махмутовтың [73, б.41] және тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылған.

Бұлар келесі ғылыми тұжырымдарды негізге алады:

- қоршаған орта болмысының айқын бедерлері мида нақты бейнеленсе ғана, оқушы шынайы білімді топтай алады;
- ғылыми білімдер жүйесін қалыптастырудың басты тәсілі – белгілі жолмен ұйымдастырылған оқу;
- ғылыми білімдер жүйесінің бірізділігі оқу материалының ішкі қисынымен оқушылардың танымдық мүмкіндіктерімен байланысты және жеке элементтерден тұратын оқу үдерісінің тиімді әрі жоғары нәтижеге жетуі ол үдерісте орынсыз үзілістердің, ескерілмей қалған қажетті сәттердің болмауына тәуелді;
- педагогикалық үрдістің бірізділігін қандай да себептермен бұзылмауына тәуелді;
- егер дағдылар тиісті жаттығулармен жүйелі бекітілмесе, олар көп ұзамай жойылады;
- егер оқушылар қисынды ойлауға үйретілмесе, олар өздерінің ойлау іс-әрекетінде үлкен қиыншылықтарға кезігеді;

- егер оқу ісінде сабақтастық ұстанымы сақталмаса, оқушы жастардың даму үдерісі бәсеңдейді.

Осы ұстанымды Р.М. Чумичева да құптайды, ол қазіргі кезеңде жоғары оқу орнында, кәсіби дайындық деңгейі жоғары болған бастауыш сынып мұғалімі тарапынан педагогикалық үрдісте сабақтастық мәселелерін шешудің негізгі жолдарының арасында:

- бастауыш сыныптардың толассыз кешенді интегративті бағдарламаларын сақтай отырып, олардың мазмұнын құрудың жалпы принциптерін табу;

- әрбір балаға денсаулық жағдайын, физикалық, жүйке-психикалық және танымдық даму деңгейін ескере отырып, дамудың жеке траекториясының екі сатысында қамтамасыз ету;

- бастауыш сынып мұғалімдерін оқушының дүниетану мен оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған, дарынды, ақылды және мейірімді адамдарды тәрбиелеу;

- бастауыш білім беру сатысына мамандарды даярлау сапасын арттыру қажеттілігі [131].

Бізге бастауыш сынып мұғалімін даярлауда сабақтастықты іске асыру аясында Л.Н. Мазаеваның еңбегі қызығушылық тудырады.

Л.Н. Мазаева өзінің зерттеулерінде сабақтастықты: «болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды тұлғалық және кәсіптік қасиеттері үздіксіз қалыптасуын қамтамасыз ететін білім жүйелерінің өзара әрекет етуінің тәсілі ретінде» қарастыра келе, автор педагогикалық дайындық кезінде сабақтастық ұстанымын іске асыру үшін тек педагогикалық білім берудің құрылымын өзгертіп, жаңа білім мекемелерінің есебінен оны кеңейтіп, олардың арасында байланыс орнатып қана қоймай, мұғалімді дайындаудың мазмұны мен технологияларын сапалы өзгерту, білім беру процесіне қатысушылар арасында жаңа қарым-қатынас орнату қажет [132]. Л.Н. Мазаеваның пікірінше, мектеп түлектері тап болатын мәселе – олардың мамандықты дұрыс таңдай алмауы, ол туралы, таңдаған кәсіптерінің талаптарына сай жеке қасиеттерінің сәйкестігі туралы түсініктерінің болмауы. Аталған мәселені жою үшін кәсіптік педагогикалық қызмет мотивтерін қалыптастыру факторы ретінде кәсіптікке дейінгі және кәсіптік педагогикалық дайындық сабақтастығы ұстанымдарын жүзеге асыру және кәсіптік қызмет мотивтерін қалыптастыруды қарастырады.

Сабақтастық мәселесі, білім берудегі педагогикалық үрдістің нәтижесі тиімді болуына қолайлы жағдай туғызуы үшін қажет. Талдауымыздың нәтижесінде, біз «сабақтастық» ұғымы ғылымның әр алуан салаларында қолданылатындығын, анықтамалар берілгендігін және көп мағыналы ұғым болып табылатындығын анықтадық.

Әйтсе де, барлық анықтамалар бір мазмұнға келіп тоғысады. Оған төмендегі кестеден көз жеткізуге болады. «Сабақтастық» түсінігіне анықтама берген ғалымдардың пікірлеріне контент талдауды 1-кестеде ұсынамыз.

Кесте 1 - Ғалымдардың еңбектеріндегі «сабақтастық» ұғымына контент-талдауы

Автор	Анықтама
Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ. Философиялық сөздік. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 1996.— 525 бет.	Сабақтастық - даму үрдісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы қажетті обьективті байланыс, терісті-терістеу заңдылығының мәнді белгісі, бұрынғы сатыдағы жеткен нәтижесіз тұрмыста да танымда да алға жылжу мүмкін емес.
Ұ.Б.Төлешова «Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мектеп пен университет арасындағы сабақтастық» атты кандидаттық диссертация.	Мектеп пен жоо-дағы оқу-тәрбие үдерісіндегі танымдық қызығушылықтың сабақтастық жүйесі: -өнер және тіл; -білім және ғылым; -мәдениет; -техника; -кәсіби қызығу деп топтастырылады.
Л.Г.Дирксен Преемственность в развитии творческих способностей детей разновозрастного уровня (Изобразительное искусство)	Сабақтастық - бұл табиғаттағы, қоғамдағы және танымдағы даму процесіндегі құбылыстардың байланысы, жаңаны ескі алмастыра отырып, өзінің негізгі элементтерін өздігінен жинақтап, әрі қарай дамуға мүмкіндік береді.
Кухарев Н.В. На пути к профессиональному совершенству: Кн. для учителя. –М.: Просвещение, 1990. – 159 с.	Бір сатыдағы алған білім, меңгерген іскерлік пен дағдыларды, қалыптасқан тәлімдік нормалар мен ұстанымдарды екінші сатыда жаңа деңгейде ары қарай дамыту.
Данилов М.А., Есипов Б.П.	Сабақтастық – оқыту сатысының мәні, оның алға қарай қозғалысы, жүйелілік, білім сабақтастығының шарты.
Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 287 С.	Сабақтастық - оқу – тәрбие үдерісіндегі әрбір келесі жаңа буында өткен сатыда алынған білім мазмұнын бекітіп, кеңейтіп, күрделендіріп және тереңдетіп отырудағы жүйелілік.
Ганелин Ш.И. Дидактический принцип сознательности / Ш.И. Ганелин. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1991. - 224 с.	Білім беру жүйесіндегі сабақтастық оқушының ойлау әрекетінің дамуындағы ең маңызды шартының бірі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге қарапайым ұғымдар мен түсініктердің күрделі ұғымдар жүйесіне бірігуін қамтамасыз етеді.
Баллер Э.А. Преемственность в развитии культуры / Э.А. Баллер -М.: Наука, 2001.-294 с.	Сабақтастық – ол дамудың сатылары мен буындары арасындағы байланыс.
Груздев П.Н.	Сабақтастық - бірізділік пен жүйеліліктің мағынасы ұқсас ұғым.
Райков Б.Е.	Сабақтастық - білім бұрын алған біліммен байланыста болады, үнемі оны толықтырып, дамытып отырады, өз кезегінде келесі сабақтарда берілетін білім үшін негіз бола алады.

Кестеде сабақтастыққа берілген анықтамалардың негізінде біз, бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби дайындығы, маман тұлғасының базалық қасиеттерінің қандай да бір жиынтығының жоғары деңгейде көрініс табуымен сипатталатын үрдіс деп білеміз.

Сабақтастықтың біртіндеп жүзеге асырыла бастауы оқу процесіне перспективалық сипат береді, ал оның заңды нәтижелері: ендігі жерде жекелеген тақырыптардың өзара байланыста қарастырыла бастауы мен күнделікті оқу жоспарындағы тақырыптардың өткен материалдармен байланыстырып қана қоймай, болашақта қарастырылатын тақырыптармен де өзара үндестік таба білуі болып табылады.

Білім алудың оқу тәжірибесінде сабақтастыққа қол жеткізу үшін оны бағдарламалар мен оқулықтарда біртіндеп жүзеге асырумен қатар өзара ұқсас пәндер оқытушыларының арасындағы және мектептер мен кәсіптік мектептер мұғалімдерінің арасындағы байланыстарды дұрыс жолға қоюдың маңызы өте зор.

Талдауларға сүйене отырып, «сабақтастық» ұғымының **құрылымын:** *жаңа мен ескінің арасындағы қажетті обьективті байланыс, терісті-терістеу заңдылығының мәнді белгісі, қарапайым ұғымдар мен түсініктердің күрделі ұғымдар жүйесіне бірігуі, дамудың сатылары мен буындарының арасындағы байланысы, бірізділік жүйемен оқыту және педагогикалық категория* деп анықтаймыз.

Сондай-ақ, теориялық талдаулар бізге: *«сабақтастық - білімнің бірізділік пен жүйелілік логикасын сақтай отырып, шешуші стратегиялық басымдыққа бағдарланатын үдеріс»* деп қорытынды жасауымызға негіз болды.

Ғылыми білімдер философия, педагогика және психологияның өзара байланысы әдіснамалық сипатқа ие.

Осы орайда П.Н. Федосеев жеке ғылымдардың өзара әсерінен болатын диалектикалық байланысты: «...жеке ғылымдардан – олардың теориялық қорытындыларын жинақтау жолымен философияға, ғылыми дүниетанымға және философиядан басталып ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен логикасын жасау жолымен жеке ғылыми танымға қол жеткізу» [133] деп бағыттар бойынша екі ағымда бөліп көрсетеді. Ғалымның пайымдауы бойынша, кез-келген зерттеуде алдымен диалектикалық ойлау жүреді, келесі философиялық ойлау арқылы әдіснамалық ойдың туындауы логиканы дүниеге алып келеді. Бұл өз кезегінде диалектикалық байланысты туындатады.

Философиядағы сабақтастық өзгеріс, даму, өзара іс-қимыл сияқты жалпы философиялық ұғымдардың негізінде қарастырылады және табиғат, қоғам және ойлау процесінде объективті және жалпы байланысты білдіреді. Кез келген басқа философиялық санат сияқты, сабақтастық табиғатта және қоғамда барлық құбылыстарды қамти отырып, объективті және жалпы сипатқа ие. Осы себепті ол тек қана жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар үшін әдіснамалық маңызымен ерекшеленеді [134].

Пәнаралық сабақтастық қызметі объективті және субъективті жаңа нәтиже алуға бағытталып отыр. Ендеше, жоо-да болашақ мамандарды пәнаралық

сабақтастық арқылы кәсіби даярлауды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан айқындау қажеттігі пайда болып, мұндағы ұйымдастырылатын жұмыстарды алға шығару үшін әдіснамалық негіздерін реттеуге деген қажеттілік туындайды.

Кез-келген зерттеу мәселесі – танымның әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, өзінің әдіснамалық негізін қалыптастырады. Білімдік түсініктер шеңберіндегі *әдіснама* – ғылымның таным парадигмасын зерттеу аясында қолданылатын жалпы тәсілдері мен ұстанымдарын негіздеуге бағыттайды. Бұл ретте біз, жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың *әдіснамалық тұғырлары* мен ұстанымдарын негіздеуді жөн санаймыз. Сондықтан әдіснамалық түсініктерге талдау жасап өтейік.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте әдіснама (грек тілінен аударғанда *methodos* – зерттеу жолы, таным, ілім, білім; *logos* – сөз, түсінік, ұғым) қағидалар жүйесі және тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданылатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді делінген [135].

Әдіснаманың негізіне белгілі бір білімдер (ұғымдар, заңдылықтар) жүйесі жатады. Философиялық тұрғыдан әдіснама таным және объективті шынайылықты өзгерту үрдісінің тәсілдері мен жолдары жөніндегі ғылым. Әдіснама кең мағынада барлық ғылыми пәндерге ортақ бастапқы философиялық позиция ретінде қабылданады.

Педагогика ғылымындағы әдіснаманың алатын орны ерекше. Жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру шеңберіндегі ғылыми зерттеулерде, тәжірибелік деңгейде әдіснамалық категорияларды негіздеу келесі себептерді анықтайды. Олар:

- ғылымдардың арасындағы нақты шектің жойылуы, объективті әлемнің кешенді талдаулар арқылы өтуі, бір заттың бірнеше ғылымдар үшін зерттеу пәніне айналуы пәнаралық сабақтастықтың әдіснамалық сипатындағы ғылыми тұтастығын, жүйелілігін, кешенділігін, интегративтілігін, кәсіби бағытталуын айқындайды;

- пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруды ғылыми зерттеулердегі зерттеу нысанының, зерттеу пәнінің жаңа қырларының ашылуына байланысты әдіснама, пәнаралық сабақтастық, кәсіби даярлықта зерттеудің іргелі мәсәлелерін шешуге бағыттайды;

- жоо-да педагогикалық сабақтастықты жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік жүйелерін жетілдіру үшін әдіснама рөлінің зерттеу жұмысымыздың зерттеу әдістерін таңдауда қажеттігі маңызды.

Біз, жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың *әдіснамалық тұғырлары*н негіздеуде әдіснама ұғымының мағынасын теориялық сипаттауды жөн деп санаймыз.

Ш.Т. Таубаева өзінің «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты оқулығында (Алматы, 2016) педагогикалық әдіснаманы келесідей бөліп қарастырады:

1. Педагогиканың басқа ғылымдар арасындағы және педагогикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің орнын анықтау.

2. Педагогикалық шындық туралы оларды өзгерту және интерпретациялау әдістері, білім алудың ұстанымдары мен тәсілдері.

3. Педагогикалық теорияның құрылымын құру және дамытудың әдістері.

4. Ғылым мен практиканың өзара әрекеттесуінің тиімді шарттары, ғылым жетістіктерін педагогикалық практикаға ендірудің негізгі ұстанымдары мен тәсілдері [14, 59б].

Ғалымның талдауларын негізге ала отырып, біз, жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың зерттеу міндеттеріне сәйкесінше, теориялық құрылымдаулар, дамыту әдістерін таңдау, теория мен тәжірибенің байланыстылығын, өзара әрекеттесуінің әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларын таңдауға мүмкіндік аламыз.

М.А. Данилов әдіснаманың педагогикадағы сипатына былай деп анықтама береді: «Дамушы қоғам жағдайында үздіксіз өзгермелі педагогикалық болмысты шынайы көрсететін, білім табу жолдары және тәсілдері принциптері туралы, педагогикалық теория негізі және құрылымы туралы, бастапқы ережелері туралы білімдер жүйесі педагогикалық әдіснама» [136]. Ғылыми білімдердің дамуында педагогикалық әдіснаманы зерттеген ғалымдардың алғашқыларының бірі болып табылады.

Б.А. Тұрғынбаева «Педагогикалық акмеология» оқу құралы еңбегінде (Алматы, 2017) әдіснаманың мәні туралы ғылымда түрлі көзқарастар қалыптасқандығын төмендегідей топтап көрсетеді:

- теориялық қызметтің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдістері мен құралдары туралы;
- таным әдістерін қалыптастыру қағидалары мен рәсімдері және ақиқатты тану мен қайта құру әдістерін қолдану туралы;
- күрделі практикалық мәселелерді шешудің жалпы қағидаларының жиынтығы туралы;
- теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру мен құрудың қағидалары мен тәсілдер жүйесі туралы, сондай-ақ осы жүйе туралы;
- ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ерекшелігі, құрылымы, қызметі мен әдістері туралы ілім [23, б. 37].

Зерттеуші Б.А.Тұрғынбаеваның тұжырымына сүйенсек, жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы ұғымдық категориялар кезегінде құрылымдау, нақтылау, ойша эксперимент, модельдеу және т.б. әдістері жиынтығында ақиқатты іздеуге бағытталады.

В.И. Загвязинский өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық әдіснама – бұл ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ережелері, құрылымдары, функциялары және әдістері туралы ілім» дей келе, *біріншіден,* «педагогика әдіснамасы бұл педагогикалық білім және оны табу үдерісі, яғни педагогикалық мәселе туралы ілім»; *екіншіден,* «әдіснамалық мәні бар бастапқы, шешуші, түп

негізді, философиялық, жалпы ғылыми және педагогикалық қағидалар (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар)»; *үшіншіден,* «педагогикалық таным әдістері туралы ілім (сөздің нақты мағынасындағы әдіснама)» [137] деп жіктейді.

Жалпы алғанда, В.В. Краевскийдің әдіснамаға арналған берген анықтамасымен жинақтайтын болсақ: «әдіснама – педагогикалық теория құрылымы, амалдар ұстанымдары және педагогикалық шынайылықты бейнелейтін білімді іздеу тәсілдері, сол секілді қызмет жүйелері бойынша білімді алу, бағдарламаларды, логиканы, зерттеу жұмыстарының сапасын негіздеу жөніндегі білім жүйесі» деп қызметтер жүйесін сипаттайды [138]. Ғалымның бұл пікірінен біз, ғылыми зерттеу қызметтер жүйесін екі бағытта, яғни әдіснамалық зерттеу, әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету деп қарастырамыз.

Зерттеу жұмысымыздың категориялық аппаратын, стилін, ғылыми тілін, ғылыми таным формаларын анықтау үшін педагогикаға тән теориялық тұжырымдарды біріктіруді жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық базасын *жүйелілік тұғыр, интегративтік тұғыр, кешендік тұғыр, тұтастық тұғыр, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырлар* қамтамасыз етеді деп ойлаймыз. Ары қарай біз, жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырларының ішіндегі қажетті деп саналатын тұғырларды басшылыққа алмас бұрынғы педагогика әдіснамасының түсінігін талдауда алынған мәліметтердің матрицаларын ұсынамыз (сурет 2).



Сурет 2 - «Педагогика әдіснамасы» ұғымының матрицасы

Жүйелілік тұғыр объектіні жүйе ретінде зерттеу әдіснамасы. Жүйенің екі түрлі құрамдас бөліктері ажыратылады:

- жүйеге ену элементтері, әсер етуші сыртқы орта;

- ішкі құрылым бір-бірімен байланысқан компоненттер жиынтығы.

Талдауларға сүйенсек, XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы жүйелілік принцип деген ұғыммен бірқатар өзіндік ұстанымдарының негізінде жалпы ғылыми әдіснама деңгейінде қабылданды. Жүйе – ішкі құрылымдық элементтері бір-бірімен және сыртқы ортамен ерекше бірліктегі тығыз байланысты көрсететін тұтас кешен. Жүйелілік тұғыр – білім мақсаты (жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда көзделетін мақсат), педагогикалық үрдіс субъектілері(оқытушы, студент), білім мазмұны, әдіс, тәсілдері, материалдық база арасындағы бірінен бірі туындап, толықтырып отыратын компоненттер (пәнаралық сабақтастық, мотив, әлеуметтік орта, танымдық белсенділік, ғылыми зерттеу жұмысы және т.б.) жиынтығы. Жүйеде кешенді түрде орындалу алгоритмі болады. Жүйеге кіру, жүйеге ену, жүйеден шығу, жүйеге әсер етуші фактор. Жүйелілік тұғырдың алгоритмі бойынша бірінші қадам, жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы білім жүйесіне кіруші компонент жоғары білім жүйесі бойынша талапкер бола алады. Алгоритмнің келесі қадамы – жүйеге ену және оның компоненті білім алушы студент. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың құрылымдық әрекетін, яғни объектілік сипатына қарай пәндік практикалық, ізденушілік, ортақтылықты табу т.б. жайлы білімдер жүйесіне ену болып саналады. Жүйелілік алгоритмнің үшінші қадамы – білім жүйесінен шығушы компонент, яғни кәсіби сапалы қалыптасқан маман. Жүйеге әсер етуші фактор деп аталатын алгоритмнің соңғы қадамының компоненттері оқытушы, тьютор, фасилитатор, эдвайзер, ата-ана, әлеуметтік орта. Жалпы алғанда, жоо-дағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы жүйелілік тұғыр – ол өте күрделі, көп қадамы кең алгоритмді ұйымдастыруды талап ететін, дүниені тану мен оның бейнесін құру деңгейінде көрініс табады. Жүйелілік тұғыр пәнаралық сабақтастықты реттеуде белгілі бір көрініс бере отырып, пәндердегі ортақ құбылыстарды(ескіден жаңаны табу) кіріктіруге бағыт береді де, ондағы құбылысты келесі *интегративтік тұғыр* байланыста дамытады.

Интегративтік тұғыр – оқудың позициясы, оған сәйкес білім беруде объектілердің, құбылыстардың, үдерістердің жиынтығын, кем дегенде бір сипаттамадан тұратын қауымдастықты біріктіретін, нәтижесінде жаңа сапа пайда болады. Бұл ретте а) ғылыми салааралық байланысын(педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы); б) пәнаралық байланысын (жалпы педагогиканың дидактикамен, басқарумен, әдістемемен т.б.); в) пәнішілік байланысын (бір пәнге, оның тақырыптарына қатысты нәтижелер) көрсетеді.

Ғалымдар педагогикадағы интегративтік тұғырды басқаша түсіндіреді. Ғалым В.М. Лопаткина өз зерттеулерінде: «...интегративтік тұғыр – әлем бейнесінің тұтастығын қамтамасыз ететін құрал; теориялық және практикалық мәселерді шешуде адамның жүйелі ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді» [139].

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы интегративтік тұғырдың компоненттері: ұйымдастырушылық-әдістемелік, іс-тәжірибелік

және ресурстық-мазмұндық болады. Ұйымдастырушылық-әдістемелік компонент оқыту әдістерін кіріктіруді қамтиды. Іс-тәжірибелік құрамына болашақ мамандарды даярлауда тұлғаның маңызды және кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда шығармашылық тапсырмаларды қолдануға мүмкіндік беретін оқыту формаларын кіріктіретін интегративті тұғырдың компоненттерінің бірі. Ресурстық-мазмұндық компонент пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы оқу-танымдық іс-әрекетке қажетті ресурстарды біріктіреді, мазмұны, құралдары, әдістері, оны орындаудағы кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ететін арнайы интегративтік тұғырдың мазмұнын қамтамасыздандырады.

Кешенділік тұғыр – бұл күрделі, көпастарлы объектілерді пәнаралық сабақтастықта тануға бағытталған, объектіні тұтас көруді қалыптастыратын әдіснамалық стратегия. *«Кешен» сөзі* (латын тілінен аударғанда) байланыс, комбинация дегенді білдіреді. *«Кешен»* - бұл біртұтастықты құрайтын заттар, құбылыстар немесе қасиеттер жиынтығын мазмұндық, сапалы ұғынуды түсіндіреді. Біздің зерттеу тақырыбымыздың шеңберінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы жекелеген үрдістердің бірбүтін болып біріге отырып, кешенді түрде орындалуы нәтижені тұтас көруге мүмкіндік береді. Жоғарыда талдап өткен жүйелілік және интегративтік тұғырлардағы кешенді түрде іске асатын компоненттер жиынтығының орындалуын ішкі *мазмұндық және сапалық* жағынан қамтамасыз ете алады. Яғни, болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда табылған байланыс объектілерінің көпастарлы, комбинацияға бай элементтерін сапалы көрсете алады. Мұндай жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы білім сапасының артуы жолға қойылады. Олай деуге негіз бар: мысалы, кешенділік тұғырдың жасалуы Б.Г. Ананьевтің зерттеулерімен тікелей байланысты. Ғалым өзінің адамтанудағы еңбектерінде: *«...адамтану саласының тәжірибесі көрсеткендей, танылмаған тереңдік, адамның тарихи табиғатын және осы табиғаттың орасан әлеуетін білуіміздің жеткіліксіздігі көбірек ашылуда. Сондықтан «адам» туралы ғылымдардың арасында жаңа пәндер мен пәнаралық байланыстарды сатылы түрде құруды(кешенділік) осы саладағы ашылатын ғылыми жаңалықтардың алдындағы ашылмаған құбылыстар мен адам дамуының заңдарына қатысты ғылым әлеміне шабуылдаудағы жаңа қадам ретінде бағалаған жөн» деп айқындайды* [140]. Б.Г. Ананьев адамды танудың тұтас кешенді міндеттерін тұжырымдаған ғалым.

Кешенді түрдегі пәнаралық байланыстардың көмегімен оқушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері сапалы жаңа деңгейде ғана шешіліп қоймай, сонымен қатар бастауыш мектеп оқушыларының әрі қарай өзін-өзі анықтау үшін іргетас қаланады. Сондықтан пәнаралық байланыстар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі кешенді тәсілдің маңызды шарты және нәтижесі болып табылады. Осы контексте пәнаралық байланыстарды оқу процесінде қазіргі ғылыми танымның өзіндік ерекшеліктерінің бірін құрайтын ғылымаралық байланыстардың көрінісі ретінде қарастыру керек.

Ғылымаралық өзара әрекеттесудің барлық алуан түрлерінде үш жалпы бағытты бөліп көрсетуге болады:

1. Бір объектіні түрлі ғылымдармен кешенді зерттеу.

2. Басқа ғылымдарда әртүрлі нысандарды зерттеу үшін бір ғылым әдістерін қолдану.

3. Әртүрлі нысандарды зерттеу үшін түрлі ғылымдармен бір теориялар мен заңдарды тарту [141].

Тұтастық тұғыр. Бізге талдаулар көрсетіп отырғандай, тұтастық объектіні нақты бір жүйеге, танымдық үрдісті немесе практикалық қызметті жүйелілік разрядына жатқызу критерийі болады. Педагогика ғылымында тұтастық тұғыр жүйеленген әрекеттерді тұтас көзқараста көру және дамыту болып түсінідіріліп келеді. Педагогикалық үдерісті зерделеу кезінде оны белгілі бір құрылымы бар кіріктірілген жүйе ретінде қарастыруды талап етеді, яғни теория мен практиканың бірлігінде өз функцияларын орындайды, әр элементтің қозғалысы тұтас қозғалыс заңдарына бағынады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың күрделі практикалық деңгейде тұлғалық тұтас сипаттамаларға назар аударуды, жеке тұлғаны өзінің құрылымы мен функциялары бар күрделі психикалық жүйе ретінде түсінуді қажет етеді. Сондықтан да тұтастық тұғырдың барысында студенттердің кәсіби сапасының мәні үшін әлеуметтік, қызметтік және шығармашылық сынды қызметтердің маңызы жоғары тұрады. Тұлға бұл ретте қоғамдық-тарихи дамудың өнімі және мәдениетті тасымалдаушы ретінде қарастырылады. Педагогикалық үдерісті құрастыру және жүзеге асыру кезінде жеке көзқарасты ұстана отырып, педагог-зерттеуші және педагог-практик тұлғаға субъект, мақсат, нәтиже және педагогикалық үдерістің тиімділігінің басты критерийі ретінде бағдарланады. Бұл тұғырдың шеңберінде педагог жеке тұлғаның өзіндік дамуының табиғи үдерісіне (тапсырмаларға, шығармашылық әлеуетке) сүйенеді және бұл үшін тиісті жағдайлар туындатады. Дегенмен, тұтастық тұғыр өз кезегінде тұлғаның кәсіби даярлануының құрылымын қамтамасыз ететін болса, ол үшін ең қажетті болып іс әрекеттің жүйелі ұйымдастырылуы алға қойылады. Тұтастық тұғырдың өзара байланысты келетіні тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр болып саналады. Келесіде біз, тұлғалық іс-әрекеттік тұғырды сипаттаймыз.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр. Барлық талданған әдіснамалық тұғырлардың қызметі сайып келгенде, тұлғаның дамуының негізі, құралы және факторы екені анықталды. Іс-әрекет адамның белсенді формасы болып табылады, ол оның әлемге және өзіне практикалық және зерттеушілік қарым-қатынасында көрінеді. Іс-әрекет – адамның өмір сүру және даму тәсілі, оның өзін қоса алғанда, табиғат пен әлеуметтік шындықты өзгерту процесі. Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда ғылымдағы сәйкестікті қайта құру, өз пәнін танымды зерттеуде теориялық формаларды органикалық бірлестік ретінде бірегей түсінуді бейнелеуді ұсынады.Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырына сүйене отырып, педагог ойын, оқу, еңбек, қарым-қатынас қызмет түрлері

ретінде өсіп келе жатқан тұлғаны тәрбиелеудің маңызды факторлары мен құралдары болып табылатынын ескереді. Педагогтың міндеті баланы субъект қызметіне қоя отырып, осы қызмет түрлерін ұйымдастыру. Бұл, өз кезегінде, оның мақсатты болжауына, жоспарлауына, ұйымдастырылуына, реттелуіне, бақылауына, өзін-өзі талдау мен қызмет нәтижелерін өзін-өзі бағалауға үйретуді көздейді.

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық базасын құрудағы біз басшылыққа алып отырған әдіснамалық тұғырлар зерттеуіміздің әр кезеңдерінде диалектикалық ойлауға жол ашып отырады деп ойлаймыз. Оның барлық күйлері бөлікті түрде өзара тәуелді және сабақтастықта байланысқан. Педагогикалық үдеріске тән қасиет – үзіліссіздік пен дискреттіктің бірлігі: біріншіден, болашақ мамандардың дамуында сандық өзгерістер ұлғаяды, ал екіншіден, бірте-бірте сапаға алмасады (Кесте-2).

Кесте 2 - ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлар	Әдіснамалық тұғырлардың сипаты
Жүйелілік тұғыр	Жүйелілік тұғыр – білім мақсаты (жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда көзделетін мақсат), педагогикалық үрдіс субъектілері (оқытушы, студент), білім мазмұны, әдіс, тәсілдері, материалдық база арасындағы бірінен бірі туындап, толықтырып отыратын компоненттер (пәнаралық сабақтастық, мотив, әлеуметтік орта, танымдық белсенділік, ғылыми зерттеу жұмысы және т.б.) жиынтығы.
Интегративтік тұғыр	Интегративтік тұғыр – оқудың позициясы, оған сәйкес білім беруде объектілердің, құбылыстардың, үдерістердің жиынтығын, кем дегенде бір сипаттамадан тұратын қауымдастықты біріктіретін, нәтижесінде жаңа сапа пайда болады. Бұл ретте а) ғылыми салааралық байланысын(педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы); б) пәнаралық байланысын (жалпы педагогиканың дидактикамен, басқарумен, әдістемемен т.б.); в) пәнішілік байланысын (бір пәнге, тақырыптарына қатысты нәтижелер) көрсетеді.
Кешендік тұғыр	Кешендік тұғыр – бұл күрделі, көпастарлы объектілерді пәнаралық сабақтастықта тануға бағытталған, объектіні тұтас көруді қалыптастыратын әдіснамалық стратегия. «Кешен» - бұл біртұтастықты құрайтын заттар, құбылыстар немесе қасиеттер жиынтығын мазмұндық, сапалы ұғынуды түсіндіреді.
Тұтастық тұғыр	Тұтастық тұғыр әлеуметтік, қызметтік және шығармашылықтың мәнін мойындауды білдіреді. Тұлға бұл ретте қоғамдық-тарихи дамудың өнімі және мәдениетті тасымалдаушы ретінде қарастырылады.
Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр	Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда ғылымдағы сәйкестікті қайта құру, өз пәнін танымды зерттеуде теориялық формаларды органикалық бірлестік ретінде бірегей түсінуді бейнелеуді ұсынады.

Талдауларда көрсетілгендей, әдісанамалық тұғырлар ұсынып отырған білім беру жұмыстарының сапасын негіздеу, зерттеу жұмысымыздың

болжамын диалектикалық байланыста қамтамасыз ету функцияларының логикалық тұрғыда ұйымдастырылуы басшылыққа алынса, біз ұсынып отырған жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық базасының қызметі өнімді болады.

Сабақтастық философиялық және жалпы педагогикалық ұғым ретінде кең мағынада өткеннің, бүгіннің және болашақтың арасындағы байланысты қамтамасыз етуді, ал оқыту-тәрбиелеу процесі тұрғысынан бір білім беру-тәрбиелеу сатысынан екіншісіне ауысу кезінде сабақтастықтың мәні қандай да болмасын формалар мен әдістерді қалыптастыруда белгілі бір мазмұнды сақтауды білдіреді [142].

Жоғарыда көрсетілген зерттеулердің филсофиялық, әдіснамалық-мазмұндық талдауларын негіздей келе, біз, кәсіби даярлықты жалпы педагогикалық проблема ретінде қарастырып, ондағы үдерісті пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы жетілдіруге назар аударамыз. Сондықтан біз, «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» ұғымының теориялық тұрғыдағы құрылымын, мәнін нақтылауды алдағы параграфта қарастыратын боламыз.

1.2 «Пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» ұғымының мәні

Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт.

Мысалы, бастауыш мектепте әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіндігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмтылуына, сондай ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін рухани күш беру бастауыш сынып мұғалімінің тікелей міндеті болады. Сондықтан да бұл тұста негізгі міндет ЖОО-дарының болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісіне жүктеледі.

Біздің пікірімізше, бұл міндетті шешуде жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негізінде қол жеткізуге болатыны айқын.

Сол себепті біз, аталмыш параграфта «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» ұғымының мәнін нақтылаймыз, құрылымын айқындаймыз. Ол үшін *«пәнаралық сабақтастық», «кәсіби даярлық»* ұғымдары мен оның жақын келетін ұғымдық категорияларының психологиялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде, ғылыми еңбектерде зерттелу жағдайын талдауды жөн санаймыз.

Сабақтастықты әлеуметтік жағынан алып қарағанда ол-қандай да бір құбылыстардың дамуы материалдық қоғамдық рухани өмір жағдайларының даму үдерісін бейнелейтіні белгілі. Ал әдістемелік тұсы, ол - сол құбылыстың, болып жатқан жағдайлардың себебін анықтап білу дегенді білдіреді.

Жалпы көптеген теориялық зерттеулерге сүйене келе, сабақтастық мәселесі ғылым негіздеріне оқыту үдерісінде білім алушылардың білім жүйесін дамыту ретінде ғана емес, сонымен бірге білім беру жүйесінің сатылары арасындағы байланыс мәселесі ретінде де қарастырылады. Бірақ біз басымдықты оқыту үдерісіндегі білім сапасын дамытудағы сабақтастыққа береміз. Ендеше жоғарыда көрсетілген негізгі ұғымдарға талдаулар жүргізейік.

Б.Г. Ананьев өзінің «Человек как предмет познания» (Питер, 2001) атты оқулығында: «Оқытудағы сабақтастық – бұл ғылым негіздерін байланыстыру барысында студенттер үшін берілетін білім жүйесін дамыту. Ол әр сабақта жаңа оқу материалын іс-әрекеттің ұқсас құбылыстары туралы жақында пайда болған немесе бұрыннан бар біліммен байланыстыру кезінде жүзеге асырылады. Сабақтастық бір пәннен келесі бір пәнге ауысу кезінде қызмет атқарады, яғни сабақтар жүйесінде бір пәннен сабақтас пәнге және т.б. әмбебап педагогикалық сипаты бар пәнаралық байланыс» деп нақтылайды [140, 8б]. Ғалымның пікірінен, сабақтастықты екі бағытта түсіндіріп отырғанын айтуға болады. Оның біріншісі, бұрын игерілген білімді ғылымның аралас салаларына пәнаралық байланыс негізінде алмастыру; екіншісі, бұрын игерілген білім, білік, дағдыны білім берудің түрлі сатыларында жан-жақты жинақтап, қорыту арқылы өмірлік тәжірибеде де алған білімді ұтымды пайдалануды көздейтіндігін пайымдауға болады.

Сабақтастық идеясын ары қарай дамытуға XX ғасырдың көптеген ғалымдары, педагогтары, психологтары (Б.Г. Ананьев, А.К. Бушля, Н.Н. Бызов, Ш.И. Ганелин, В.В. Давыдов, М.А. Данилов, С.Е. Драпкина, Б.П. Есипов, Л.В. Занков, М.Н. Лебедева, А.А. Люблинская) үлес қосты. Олардың зерттеулерінде сабақтастықтың мәні және оны іске асырудың формалары туралы сұрақтар талқыланып, оқыту-тәрбиелеу үдерісіндегі сабақтастықтың психологиялық-педагогикалық негіздері зерттелді, алайда ортақ пікір табылған жоқ.

С.Н. Жиенбаева мектепке дейінгі және бастауыш білімнің сабақтастығы жайлы өзінің еңбектерінде, яғни «Мектепалды балаларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі (2015ж.)» атты монографиялық жұмысында: «...Білім беру мазмұнындағы сабақтастық, жалпы оқытуды тұтастай алғандағы сабақтастық сияқты, мектепке дейінгі кезеңде қалыптасып үлгерген еңбек іс-әрекетіндегі білім, білік, дағдыға сүйене отырып, әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан болжамдалған оқу материалын игерту арқылы оны әрі қарай дамытуды көздейді. Білім беру мазмұнындағы сабақтастық – бұл *пәндік-мазмұнды компоненттің үздіксіз дамуы,* атап айтсақ,: әр кезеңде еңбек тақырыбын кеңейту және тереңдету есебінен, жоғары деңгейдегі базаны құру» деп тұжырымдайды [143]. С.Н. Жиенбаеваның сабақтастықты талдауының басқадан ерекшелігі, сабақтастықты жүзеге асыруда білімнің өзгеріске ұшырауы, біліктіліктің артуы, тұлғаның эмоционалдық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы жоғары екендігінде болып отыр.

Оқытудың тұлғалық-бағдарланған парадигмасында білім берудің жоғары сатысына ауысуына байланысты «болашақ мамандардың оқу біліктіліктерін

қалыптастыру - білім беру жүйесінің әр түрлі сатыларында сабақтастықтың негізі үздіксіз білім берудегі шешуші стратегиялық басымдыққа бағдарлануы мүмкін екендігін»- өз еңбегінде А.Г. Асмолов атап өтті [144].

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда, сабақтастық түсінігін, оның тура педагогикалық мағынасында алғаш рет пайдаланған Б.П. Есипов болды. Б.П.Есипов оқытудағы жүйелілік оқытудың әртүрлі кезеңдерінде білімді меңгерудегі сабақтастықтың шарты болып табылатындығын атап көрсетті [69, б. 116].

Ал, М.А. Кененбаева «Бастауыш және негізгі мектепте математиканы дамыта оқытудағы сабақтастық мәселелері» атты кандидаттық диссертациясында: «...Ал дамыта оқытудағы сабақтастықтың өзіндік ерекшелігі бар, ол оқытудың жан-жақтылығын, пәрменділігін анықтайтын талаптарға сай болуы. Дамыта оқытудағы сабақтастықты оқытудың жалпы дидактикалық принципі ретінде бастауыш сыныптардағы барлық оқу пәндеріне тән (оқытудың тәрбиелік сипаты, жүйелілік пен бірізділік, ғылымилық пен түсіністілік, көрнекілік, зерделілілк және белсенділік), сондай-ақ, математиканы оқытуға ғана тән (математикалық теорияның практикамен, математиканы оқытудың қолданбалы жағдайда бағытталуын күшейту, оқытудағы саралау мен даралау, математиканы оқыту процесінде ізгілендіру мен гуманитарландыруды жүзеге асыру) дидактикалық категорияларымен байланысты болады» деген пікірді білдіреді [111, б. 17]. Ғалымның зерттеуінен біздің тұжырым, білім беруде бастауыш және орта мектептегі оқушылардың алдыңғы сатыда алған математикалық білімдерін сабақтастыра отырып дамытуға болатындығында.

Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау түсінігінің категориялық аппаратын қамтамасыз етудегі келесі *«пәнаралық байланыс», «интеграция»* ұғымдық категорияларын талдаудың қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстандық ғалымдардың талдауларында көрсетілгендей, (Л.Г. Лемберг, Н.Д. Хмель, Т.С. Сабыров, А.А. Бейсенбаева т.б.) пәнаралық сабақтастық мәселесі XX ғасырдың 60-70-ші жылдарының соңында, бастауыш мектеп үш жылдық, 80-ші жылдардың соңында, «1-3» жүйесі «1-4» жүйесімен ауысқанда және 12 жылдық оқыту моделіне көшуге байланысты аса өзекті болып отыр. Осы кезеңдерде бастауыш сынып сабақтастығының проблемасын өзектендіру, маманның жеке тұлға және педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптасуының және дайындаудың кейбір аспектілерін ашатын көптеген іргелі зерттеулердің пайда болуына негіз болды. Осы тұрғыда көптеген зерттеулерге сүйенсек, пәнаралық сабақтастық оқытудағы сабақтастық ұғымымен алмастырылып зерттелінген.

Н.Д. Хмельдің еңбектері біртұтас педагогикалық процесті ұйымдастыруға негізделген. Ғалым көбінесе, ғылыми дүниетанымның болуы, қалыптасуы пәнаралық сабақтастықта жүзеге асатынын негізге алады. Өзінің еңбегінде: «Оқушыларда ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тұтас процесі оқытудағы сабақтастықпен, оқу пәндерінің бір-бірінің байланысымен

қамтамасыз етіледі. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру *бір құбылысты жан-жағынан көруге, ол туралы тұтас түсінік* алуға мүмкіндік береді. Педагогтің әлеуметтік және кәсіби позициясы оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың бір жолы» деп тұжырым жасайды [145]. Н.Д. Хмельдің болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы терең зерттеулері белгілі. Оның ойынша, болашақ маман бойында кәсіби позиция болса, оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастыра алады. Ал ғылыми дүниетанымның қалыптасқан жағдайы оқушы күнделікті дайындықта пәнаралық сабақтастықты жүйелі ойлай алады деген сөз.

В.М. Лихач, Р.С. Туревич бойынша: «оқытудағы сабақтастық – түсініктер, ұғымдар, біліктіліктер, дағдылар арасындағы өзара байланысты іске асыру мүмкіндігі» деп тұжырымдаса, Б.Г. Ананьев, Ш.И. Ганелин және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде: «пәнаралық сабақтастық – білім алушыларда бір білім, білік және дағдыларды қолдану және әрі қарай дамытуға тірек жасау, бұл арқылы оқушыларда әртүрлі байланыстар құрылады, тақырыптың негізгі идеялары ашылады, жаңа ескі білімдер өзара әрекет етеді, нәтижесінде терең және берік білімдер жүйесі қалыптасады» деп көрсетіледі [64, б. 23]. Бұл анықтамалардан біз, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы бірізділік пен перспективалық, теориялық және практикалық дайындығының бірлігінің сақталуы, қосымша ақпараттармен қамтамасыз етудің бірлігі талаптарының болуы жағдайында студенттерде білім, білік, дағдыны қолдана білуге үлкен мүмкіндік туындайтынын айтамыз.

А.А. Бейсенбаева өз зерттеулерінде «пәнаралық байланыс», «интеграция» категорияларының қызметіне аса мән бере отырып: «...оқушыларға пәнаралық байланысты меңгерту үшін мұғалімнің әуелі сол жекелеген пәндердің өзін жан-жақты, терең меңгергені қажет етіледі. ...*Пәнаралық байланысты,* яғни жеке пәндерге тән *ортақ қасиеттерді білу*, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу процесін танытады»; «...*ғылымдар интеграциясы* – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша *жүйеленген ішкі бірлігі*» деп «пәнаралық байланыс» және «интеграция» ұғымдарын тұжырымдайды [89, б. 439]. Ғалымның пікірінен, пәнаралық байланыстың білім үдерісінде жоғары деңгейде жүзеге асуы үшін ең алдымен білім қорының, оны іске асыруда педагогикалық шеберліктің болуы қажет екендігін байқауға болады. Ал бұл біздің жағдайымызда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тұрғыда дамуын қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Н.А. Оразахынова өзінің «Пәнаралық байланыс оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдірудің негізгі бір жолы» деп аталатын кандидаттық диссертациясында: «...*пәнаралық байланыс* – педагогика ғылымында философиялық, психологиялық және диалектикалық тұрғыдан қарастырылатын күрделі мәселе. Ол жеке пәндерді меңгерту негізінде іске асады. Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың жеке пәндерден алған білімі барынша күрделенсе, тиянақтала түседі, оқушылар бір пән аясымен шектелмей, оны өзге сабақтас пәндермен

байланыстыра отырып, пәнді еркін меңгеруге мүмкіндік алады. Бұл – оқушының белгілі бір пәннен алған білім шеңберінің кеңеюіне, *басқа сабақтас пәндердің мүмкіншілігін пайдалана білуі деген сөз»* деп өз анықтамасын береді [90, б. 57]. Ғалым өз зерттеулеріндегі идеяларды мектеп тәжірибесіне енгізіп, бүгінгі күнде «Сатылай кешенді талдау технологиясының» авторы. Сондай-ақ, Республикамыздың көптеген мектептерінде эксперименттен өткізіліп, қазіргі таңда барлық педагогтер үшін тиімді технологиялардың бірі. Ғалымның негізгі ойы бізге, өзіміздің педагогикалық тәжірибемізде тиімді шешімдер қабылдауымызға жол ашады.

Біздің зерттеу жұмысымызға идеялық жағынан жақын келетін еңбектердің бірі А.М. Мұханбетжанованың «Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты докторлық диссертациясында: «...Ғылымның интеграциясы *«қиылысушы» және «өтпелі»* ғылымның пайда болуында байқалады. Ал білімнің синтезі неғұрлым жалпылама ұғымдарда, қағидаларда, теорияларда, тұжырымдарда, дүниенің локальдық бейнесін құруда, дүниенің жалпы ғылыми бейнесін жасауда көрініс табады» деп өз пікірін білдіреді. Ғалым А.М. Мұханбетжанованың пайымдауларынан ескіден жаңа сапаны тудыру, екі ғылымның сабақтастығы мен байланыстары элементтерінің нәтижесінде келесі бір ғылымның өмірге келу мүмкіндіктерін өз зерттеу жұмысында алға шығарғанын аңғарамыз [22, б. 43].

Г.К. Шолпанкулова «Оқыту процесінде пәнаралық байланыс негізінде оқушыларда (8-9кл) гумандық қарым-қатынасты қалыптастыру» атты кандидаттық диссертациясында «...пәнаралық байланыс – *ғылымдар арасындағы интегративті фактор* бола отырып, оқыту процесінің функциялары негізінде жеке тұлғаның гумандық қарым-қатынасты қалыптастырушылық қызмет атқарады» деп нақтылана түседі [101, б.59]. Ғалымның бұл анықтамасынан біз, оқушыларда гумандық қарым-қатынасты қалыптастыру оқыту процесінде пәнаралық байланыс негізінде көрініс табатынын пайымдаймыз.

Д.Ж. Кішібаева кандидаттық диссертациясын «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру» тақырыбында зерттеген. Пәнаралық байланыс жайлы ғалым: «пәнаралық байланыс тұрғысынан практикалық іс-әрекеттерді жоспарлау және орындау – бұл төмендегідей тапсырмаларды орындаудан тұрады: тапсырманы орындау жоспарын құрастыру; бақылауды; өлшеуді және эксперименттерді жоспарлау және жүргізу; жүйенің дамуын болжау, іс-әрекетті орындау жоспарын талдау» деп көрсетеді [103, б.44]. Бірақ біздің ойымызша, пәнаралық іскерліктердің студенттер бойында қалыптасуы үшін алдымен ой еңбегі дұрыс жүзеге асырылуы қажет. Ғалымның зерттеулері бүгінгі таңдағы Блум таксономиясының ойлау деңгейлеріне мүмкіндік ашады.

Жаңа форматтағы дайындалған ғалымдардың еңбектері де көптеп кездеседі. Соның бірі ғалым Ш.А. Убниязова «Оқыту үдерісінде интеграция негізіндегі студенттердің толеранттылығын қалыптастыру» деп аталатын философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында:

«...ғылымдар интеграциясының ерекшеліктерін талдау оқыту үдерісінде айқын көрініс табатын жалпы тенденцияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олар ғылымдардың дамуын барлық аспектіде сипаттайды: *білім жүйесінде, жаңа, шекаралық ғылымдардың пайда болуы,* зерттеудің кешенді бағыт алуы; іс-әрекеттер жүйесінде, ғылымаралық синтез тәсілдерін қалыптастыра отырып, әдістерді ғылымның бір түрінен екіншісіне көшіруді күшейту; ғылымның қоғамдық сананы басқа формаларымен қатынас жүйесінде, ғылымның аралас саласының техникалық маңызын арттыру; ғылымды ұйымдастыру жүйесінде, әр түрлі ғылым өкілдерінің ынтымақтастығын, ұжымдық шығармашылығын, кешенді зерттеушілігін дамыту» деп талдайды [91, б.28]. Ғалымның анықтамасынан, пәнаралық байланыс тұрғысынан жақын келіп тұрған категория интеграция болып отыр, ондағы ғылымаралық байланыс, ондағы бөліктердің тұтасқа біріге келе, үшінші бір ғылыммен шекаралық байланыстардың анықталуы және ондағы байланыстар дамуы тереңдетілген іс-қимылдың жүзеге асуына мүмкіндік беретіндігін айтуға болады. Сондай-ақ,

ЖОО білім берудегі міндеттерді шешудің негізгі аспектілері білім беру үдерісіндегі оқыту-нормативтік құжаттардың мазмұнын интеграциялау, пәндердің сабақтастығы мен жүйелілігін, теориялық және практикалық білімдердің өзара байланысын қамтамасыз ету, тиімді әдістерді қолдану, жоғары дәрежеде ұйымдастырылған оқу және өндірістік тәжірибелер болып табылады.

Интеграция – білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіреді, тұтастықты қалыптастырады. Білім алушылардың білім сапасын арттыруды қамтамасыз етуде интеграцияның пәнаралық байланыстар негізінде жүзеге асырылуы өте маңызды.

Интеграциялау негіздеріне бірнеше негізгі факторлар әсер етеді: пәндердің объективті даму заңдылықтары; ғылыми-техникалық дамытуды ескере отырып, білім беру мазмұнының сәйкестігі; мемлекеттік білім беру стандарттары; оқыту міндеттері; білімді біріктіру; оқу үрдісі мен білім беру мазмұнының бірлігі; оқу жоспарлары мен бағдарламалардың сәйкестігі; материалдық-техникалық база; ақпараттық және педагогикалық технологиялар.

Р.А. Дарменова өзінің «Пәнаралық байланыс негізінде студенттердің эстетикалық талғамын дамытудың педагогикалық шарттары» атты кандидаттық диссертациясында пәнаралық байланыс ұғымын нақтылауда: «...пәнаралық байланысты – ғаламдық бүртұтастық диалектикалық заңдылықтарды ғылыми тұрғыда, жүйелі түрде қарастырып пәндік бірлестік негізде *жаңа мазмұндық идеяға жетелейтін педагогикалық процесс*» деген анықтама береді. Пәнаралық байланыстың классификациясын талдап көрсетеді. Олар: пәнаралық байланыстың формалары(тақырып құрамы жағынан, байланыс бағыты бойынша, элементтердің байланысу тәсілі, байланысу вариантының түрлілігі); пәнаралық байланыстың типтері (мазмұндық, операциялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық, біржақты, екіжақты, көпжақты, хронологиялық, хронометриялық); пәнаралық байланыстың түрлері(дәлелді деректер, заңды фактілер, ғылыми теория, біліктілік, жүйелілік, ептілік, ойлау қабілеті,

педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану, тура байланыс, апперцептік – кері байланыс, вертикальді және горизонтальді, сабақтастық жалғастық, синхрондық (сәйкестік), келешектегі (перспективный), локальді (нақты бөлім), орташа мерзімді, ұзақ мерзімді) болып классификацияланады [102, б.31]. Ғалымның еңбегінде оқыту үдерісіндегі тақырыпты ашуда, басқа пәндермен байланысындағы сипаттамаларын толығырақ оқуға болады.

Жалпы алғанда, теориялық талдауларға сүйенсек, пәнаралық байланыс білім алушылардың жеке тұлғасын дамытуда, білім мен тәрбие беру міндеттерін шешуде маңызды болмақ, сондай-ақ білім беру үдерісінде педагогикалық іс-әрекеттердің ғылыми сипат алуына көмектеседі.

Сонымен «сабақтастық», «пәнаралық байланыс», «интеграция» категорияларына талдау жасауда оқыту процесінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен ғылыми ізденішілігі мен белсенділігінің дамуына оң әсерін тигізіп, болашақ мамандардың кәсіби тұрғыда даярлануындағы біртұтастықты қамтамасыздандыруда негізге алынады. Жоғарыдағы талдауларды топтай отырып, «пәнаралық сабақтастық», «оқытудағы байланыс», «интеграция» ұғымдарының контент талдауын ұсынамыз (кесте 3).

Кесте 3 - «Пәнаралық сабақтастық», «интеграция» ұғымдарының контент талдауы

Зерттеген ғалымдар	Ұғымдарға сипаттама
1	2
Н.Д.Хмель	Оқушыларда ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тұтас процесі оқытудағы сабақтастықпен, оқу пәндерінің бір-бірінің байланысымен қамтамасыз етіледі. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру бір құбылысты жан-жағынан көруге, ол туралы тұтас түсінік алуға мүмкіндік береді.
В.М.Лихач Р.С.Туревич	Оқытудағы сабақтастық – түсініктер, ұғымдар, біліктіліктер, дағдылар арасындағы өзара байланысты іске асыру мүмкіндігі.
Б.Г.Ананьев Ш.И.Ганелин	Пәнаралық сабақтастық – білім алушыларда білім, білік және дағдыларды қолдану және әрі қарай дамытуға тірек жасау, бұл арқылы оқушыларда әртүрлі байланыстар құрылады, тақырыптың негізгі идеялары ашылады, жаңа ескі білімдер өзара әрекет етеді, нәтижесінде терең және берік білімдер жүйесі қалыптасады.
А.А.Бейсенбаева	Пәнаралық байланысты, яғни жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу процесін танытады»; Ғылымдар интеграциясы – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі.

3 - кестенің жалғасы

1	2
Б.Г.Ананьев	Оқытудағы сабақтастық – бұл ғылым негіздерін байланыстыру барысында студенттер үшін берілетін білім жүйесін дамыту. Ол әр сабақта жаңа оқу материалын іс-әрекеттің ұқсас құбылыстары туралы жақында пайда болған немесе бұрыннан бар біліммен байланыстыру кезінде жүзеге асырылады. Сабақтастық бір пәннен келесі бір пәнге ауысу кезінде қызмет атқарады, яғни сабақтар жүйесінде бір пәннен сабақтас пәнге және т.б. әмбебап педагогикалық сипаты бар пәнаралық байланыс.
Н.А.Оразахынова	Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың жеке пәндерден алған білімі барынша күрделенсе, тиянақтала түседі, оқушылар бір пән аясымен шектелмей, оны өзге сабақтас пәндермен байланыстыра отырып, пәнді еркін меңгеруге мүмкіндік алады. Бұл – оқушының белгілі бір пәннен алған білім шеңберінің кеңеюіне, басқа сабақтас пәндердің мүмкіншілігін пайдалана білуі деген сөз.
С.Н. Жиенбаева	Білім беру мазмұнындағы сабақтастық – бұл пәндік-мазмұнды компоненттің үздіксіз дамуы, атап айтсақ,: әр кезеңде еңбек тақырыбын кеңейту және тереңдету есебінен, жоғары деңгейдегі базаны құру.
А.М.Мұханбетжанова	Ғылымның интеграциясы «қиылысушы» және «өтпелі» ғылымның пайда болуында байқалады. Ал білімнің синтезі неғұрлым жалпылама ұғымдарда, қағидаларда, теорияларда, тұжырымдарда, дүниенің локальдық бейнесін құруда, дүниенің жалпы ғылыми бейнесін жасауда көрініс табады.
А.Е. Манкеш	Сабақтастық – үздіксіз білім беру процесіндегі баланың дене және рухани дамуының ішкі үйлесімді байланысы мен жеке басы дамуының бір сатыдан екінші сатыға өтудегі ішкі дайындығы.
Г.К. Шолпанкулова	Пәнаралық байланыс – ғылымдар арасындағы интегративті фактор бола отырып, оқыту процесінің функциялары негізінде жеке тұлғаның гумандық қарым-қатынасты қалыптастырушылық қызмет атқарады.
Д.Ж. Кішібаева	Пәнаралық байланыс тұрғысынан практикалық іс-әрекеттерді жоспарлау және орындау – бұл төмендегідей тапсырмаларды орындаудан тұрады: тапсырманы орындау жоспарын құрастыру; бақылауды; өлшеуді және эксперименттерді жоспарлау және жүргізу; жүйенің дамуын болжау, іс-әрекетті орындау жоспарын талдау.
Ш.А.Убниязова	Білім жүйесінде жаңа, шекаралық ғылымдардың пайда болуы, әр түрлі ғылым өкілдерінің ынтымақтастығын, ұжымдық шығармашылығын, кешенді зерттеушілігін дамытады; интеграция кез-келген бөліктердің, субъектілердің тұтасқа бірігуі арқылы, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақтастықты іс-қимылын тереңдету.
В.Т.Сопегина	Интеграция – бұл белгілі бір тұтастықтың қалыптасу үдерісі мен нәтижесі, онда синтезделген компоненттердің өзара әрекеттесу қарқындылығы өседі, олардың салыстырмалы дербестігін азайту кезінде олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі күшейтіледі.
Р.А. Дәрменова	Пәнаралық байланысты – ғаламдық бүртұтастық диалектикалық заңдылықтарды ғылыми тұрғыда, жүйелі түрде қарастырып пәндік бірлестік негізде жаңа мазмұндық идеяға жетелейтін педагогикалық процесс.

Біршама зерттеулер көрсетіп отырғанындай, пәнаралық сабақтастықтың мән-мағынасы - оның дамуының әр сатыларына сәйкес келетін оқу пәні бөлімдерінің өз араларында қажет деп табылатын оң байланыстарды орнату болып табылады. Біз теориялық талдауларға сүйене отырып, пәнаралық байланыс пен пәнаралық сабақтастық ғылыми тіркестерінің өте жақын ұғымдар екендігіне көз жеткіздік. *«Пәнаралық сабақтастық»* ұғымы сонымен қатар оқу үдерісінің әрбір кезеңінде білім алушылардың білімдері мен қабілеттеріне, жаңа оқу материалын түсіндіру кезінде қолданыс табатын түрлі әдістер мен тәсілдерге және оларды жан-жақты игеруге бағытталған барлық жұмыстарға қойылатын талаптарды да қамтиды.

Жалпы алғанда, педагогикалық үдерісте, оқу материалын орналастыру мен белгілі бір пәнді игеруде қолданыс табатын әдістерді таңдауда пәнаралық сабақтастық төмендегі екі фактордың негізінде жүзеге асырылады. Олар: оқу процесіне сай келетін ғылымның мазмұны мен логикасы және білімді игеру процесінің өзіндік заңдылықтары.

Бірінші фактордың әрекеті *оқу пәнінің құрылымындағы сабақтастықты* сақтауда шешуші рөл атқарады.

Білімді игеру зандылықтарын қамтитын екінші фактордың әрекеті белгілі бір ғылым саласының мазмұнын бірден оқу пәніне кіргізе салуға жол бере қоймайды, яғни бұл мақсатты жүзеге асыру барысында пәннің мазмұны дидактикалық тұрғыдан қайта қарастырылады. Демек, сабақтастық тура жолмен ғана емес, сонымен қатар *оқу материалын араластыру* жолымен де жүзеге асырылады.

Ұғымдардың өзара байланысындағы диапазонының кеңеюіне қарай пәннің мазмұны одан әрі тереңдеп, оның өмір сүру формаларын игере білудегі сабақтастық камтамасыз етіліп отырады. Алайда, мұндай кезде тиянақсыз артық қайталаушылықтарға жол беріп алмауға тырысу керек. Пәнаралық сабақтастық жекелеген оқу материалдарымен қатар, олардың өз араларындағы қарым-қатынастарды да қамтуы тиіс. Өз кезегінде оған түрлі пәндерде оқылатын белгілі бір объектінің түрлі жақтарын қамтитын объективтік байланыстар негіз бола алады.

Пәнаралық байланыстарға сабақтастықтың біртіндеп тарауы – білім алушылардың бойында материалистік көзқарастарды қалыптастыру мен оқу бағдарламаларындағы қайталаушылықтарға жол бермеудің басты кепілі болып табылады.

Пәнаралық сабақтастық туралы ұсынылған ережеге сүйене отырып, біз бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби қалыптасуын қайталану сәттерімен сипатталатын үдемелі даму ретінде және болашақ кәсіби тұлғаның базалық сипаттамаларының кейбір жиынтығының неғұрлым жоғары деңгейде көрінуін қарастыруға болады. Демек, бұл көрініс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда өз нәтижесін берері анық [146].

Мамандарды сапалы дайындау және болашақта кәсіби іріктеу үшін кәсіби маңызды сапалардың мазмұнын сипаттау және оларды өлшеу бағанасының көрсеткіштері арқылы айқындалған түрленуінің ұолайлы шегін анықтау қажет.

Сол себепті, маманның іс-әрекетті табысты орындауына қажет сапалардың тұрғысында мамандықтарды жүйелі сипаттау мәселесі туындауда.

Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы көп параметрлі сипаттамалардың кәсіби қызмет түріндегі негізгі категориясы «кәсіби даярлық» ұғымы болады.

Кәсіби түсінігінің мәні қызмет тұрғысынан өзінің анықтауышын береді. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда студент өз саласы бойынша ғылыми-теориялық, әдістемелік және практикалық дайындығының арқасында ғылым жетістіктерін, аралас білім аймақтарын толық меңгеру және оларды өз тәжірибесінде пайдалану өнері арқылы кәсібилік негізін қамтамасыз ете алады.

Ендеше біз, *«кәсіби даярлық»* ұғымының теориялық талдаулардағы сипаттамаларын ұсынамыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың өзі педагогика ғылымының теориясы мен практикасында өз алдына дербес мәселе ретінде бірнеше ғалымдардың зерттеу еңбектеріне себепкер бола тұра, даярлауда үнемі дамуды, жетілдіруді, жаңадан жаңаны іздеуге жол ашып отырады. Ендеше, кәсіби даярлық ұғымына психологиялық тұрғыдан жақын келетін пікірлермен танысайық.

Өзін-өзі кәсіби анықтау көптеген сатылардан өтеді. Адамның кәсіби анықталу сатыларын әр психолог әр түрлі кезеңдерге бөледі. Мәселен, американдық психолог Д. Сюпер адамның кәсіби жолының кейбір өзіне тән сатыларын бөліп қарастырады. Оны ең бірінші адамның өзінің икемділігі мен қабілетін анықтау және соған сәйкес мамандықты іздеуі қызықтырған [147].

Р. Хейвигхерст кәсіби анықталу кезеңдерінде адамның міндеттерін толық атқаруда, жарамды жұмыс істеуге даярлығында адамның бағдарлануына және еңбек дағдыларына басты назар аударған. Р. Хейсвигхерст бойынша кәсіби даму сатылары: оптант, адепт, адаптант, интервал, шебер, авторитет, ұстаз [148]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың өзі тұлғаның кәсіби ниетінің қалыптасуынан, яғни оптация сатысынан бастау алады. Себебі, бастауыш сынып мамандығына ниеттің болмауы, болашақ маманның кәсібіне деген мотивациясын түгелдей жоққа шығарады. Ондай жағдайда әлсіз маманның даярлану қаупі туындайды.

Тұлға теориясының негізін қалаған ғалым Л.С. Выготскийдің еңбектерінде: «...кәсіби дайындықты – педагогикалық қызметке бағытталған дайындық кезеңінде пайда болатын болашақ педагогтың санасын, оның болатын *қызметке қатынасын анықтаушы жаңа құрылымдар*. Дайындық – кәсіби функцияларды орындауға *бағытталу механизмін*, педагогтың болатын қызмет барысына нақты бағытталуын білдіреді» деп нақтылайды [149]. Зерттеушінің пікірінен, болашақ мамандардың кәсіби қызметке дайындығы мамандыққа енуді, кәсіби білім стандарттарын, яғни нормаға, технологияландыруға жататындардың барлығын меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде пайдалануға білігі мен дағдысы болған жағдайда өз кәсібіне даярлығы бар деп саналатындығын пайымдауға болады.

В.А. Сластениннің зерттеуінде: «кәсіби даярлық – педагогикалық қызметтің функционалдық құрылымы арқылы берілетін, *кәсіби функциясын, кәсіби қызметін* орындау үшін қажетті практикалық және теориялық *дайындық бірлігі*» деп айтылады [150]. Автордың көзқарасы кәсіби даярлықты біліктілік шеше алады деп есептейді. Себебі, біздің түсінуіміз бойынша болашақ мамандарда дағдыдан гөрі біліктілік саналы түрде шығармашылыққа, сыни ойлауға ауысу мүмкіндігіне ие. Дегенмен де, кәсіби даярлық білім, білік, дағдылардың негізінде практикалық тәжірибе арқылы жүзеге асады. В.А. Сластениннің пікірінде, практикалық біліктілік – кенеттен болған жағдайдағы педагогикалық тапсырмаларды орындауға бағытталған *педагогикалық әрекеттер жүйесі* деп көрсетіліп отыр.

Білім беру үдерісінде кәсіби даярлық екі түрлі параметрлерді қамтып отырады. Олар: біріншіден, белгілі кәсіптің негізін қалайтын *ғылым немесе ғылымдар бойынша білімі.* Екіншіден, алған білімін *практика жүзінде қолдану біліктілігі мен дағдысы*. Біздің пікіріміз бойынша, бірінші параметрде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өз мамандығы бойынша кәсіби даярлануындағы жауапты ғылымдар философия (диалектика т.б.), психология (жас ерекшелік психологиясы т.б.), педагогика (бастауыш мектеп педагогикасы, дидактика т.б.) болады. Пәнаралық сабақтастықты жүйелі жүзеге асыру арқылы аталмыш ғылымдар бойынша білімі қалыптасады. Ал екінші параметрге байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы алған білімдерін тәжірибеде нәтижеге бағыттай алуы үшін практикада қалыптасатын біліктері мен дағдылары болуы шарт. Осы екі параметр қатар жүріп, қызметтік деңгейлерін жоғары көрсеткіштерде бере алған жағдайда болашақ мамандарды кәсіби даярлау арқылы *субъект интегративтілігінің сапалық сипаттамасы* жолға қойылады. Ендеше біз, субъектідегі интегративтік сапа сипаттамасының жалпы көрінісін төмендегі зерттеулерге қарап тұжырым жасаймыз.

Біз, кәсіби даярлық ұғымының мәнін айқындауда бірнеше ғалымдардың берген анықтамаларын және ондағы түйінді ойларын негіздеулерін ұсынуды жөн санап отырмыз (кесте 4).

Кесте 4 - «Кәсіби даярлық» түсігінің мәні

Автор	Кәсіби даярлық мазмұны	Түйінді сөздер
1	2	3
Н.Д.Хмель	Кәсіби іс-әрекет дайындығы – әлеуметтік маңызды мотивтерінің, психологиялық-педагогикалық білім жиынтықтары және тұтас педагогикалық үдеріс іс-әрекетінің жемісті орындалуын анықтаушы әрекет тәсілдері компоненттерінің бөлуімен сипатталады.	Әлеуметтік маңызды мотивтер мен білім жиынтықтары
В.А.Сластенин	Кәсіби даярлық – педагогикалық қызметтің функционалдық құрылымы арқылы берілетін, кәсіби функциясын, кәсіби қызметін орындау үшін қажетті практикалық және теориялық дайындық бірлігі.	Практикалық және теориялық дайындық бірлігі

4 - кестенің жалғасы

1	2	3
Т.С.Сабыров	Мұғалімдердің кәсіби даярлығына жататындар: олардың оқыту процесінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері, педагогикалық қызметке деген ынтасы (мотивтері) мен мүмкіндіктері.	Педагогикалық қызметке деген мотив
М. А. Чошанов	Болашақ маманның кәсіби даярлығы – білім, білік, дағдының өзара байланысындағы жаңалықты көруге, оны нақты жағдайларда тез әрі оңай пайдалануға тұрақты ұмтылу, мәселені алдын-ала айқындау, болжау, ойлаудың икемділігі мен сынилығы, ең оңтайлы және тиімді шешімдерді таңдау қабілетін меңгеру.	Білімді қолданудың жылдамдығы+ әдістердің оралымдылығы+ ойлаудың сынилығы
Б.А.Тұрғынбаева	Болашақ мұғалімнің даярлығы – өзінің педагогикалық әрекетін жаңашылдық тұрғыда табысты болуға бағыттай алуы.	Жаңашылдық тұрғыда табысты болу
Н.Н.Лобанова	Қызметке дайындық – педагогтың кәсіби қызметінің көрсеткіші, педагог шығармашылығы қалыптасуының және дамуының негізі. Кәсіби даярлық кәсіби құзырлылықтың іргелі негізі, қалыптасуының алғышарты.	Педагог шығармашылығы қалыптасуының және дамуының негізі
С.С.Татарченкова	Кәсіби-педагогикалық даярлық – субъект іс-әрекетінің жеке интегралдық сапалы сипаты, біртұтас жағдайы мен оны жүзеге асыруға жеке тұлғаның әзір екендігінде.	Жеке тұлғаның субьективтілігі
Б.С.Гершунский	Кәсіби-педагогикалық даярлық – танымдық және практикалық іс-әрекеттерде теориялық тәсілдерді меңгерумен сипатталатын жеке тұлғаның білімділігі мен жалпы мәдениеттілігі деңгейі.	Жалпы мәдениеттілігі деңгейі
А.К.Маркова	Кәсіби-педагогикалық даярлық – өз бетінше әрекет етуге ықпал ететін психикалық жағдай, адамның өз еңбегінің нәтижесінде арнайы еңбек функцияларын орындау қабілеттілігі мен шеберлігін меңгеруі.	Қабілеттілік пен шеберлікті меңгеру
Ұ.Ж.Қонақбаева	Кәсіби даярлау – болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғасын жетілдіру мақсатында және бүгінгі күн талабына сай өмірлік тәжірибені жинақтаған, әлеуметтендіру шамасына іс-әрекет түрлерін нақты анықтауға жоғары оқу орны түлегін, яғни болашақ мұғалімдердің теориялық және тәжірибелік даярлығының біртұтастығы.	Теориялық және тәжірибелік даярлығының біртұтастығы
С.П.Степанов	Кәсіби даярлық – болашақ маманның кәсіби қызметті табысты іс-әрекеттің қажетті шарты болатын кәсіби талаптар жүйесімен көзделген тұлғалық қабілеттер мен қасиеттердің, психологиялық және тұлғалық сипаттардың бірігуі.	Тұлғалық сипаттардың бірлігі

4 - кестенің жалғасы

1	2	3
М.И.Дьяченко Л.А.Кандыбович В.А.Пономаренко	Болашақтағы кәсіби қызметіне алдын-ала тұлғаның әлеуетті түрдегі дайындығы, тұлға әлеуетіне қажетті кәсіби деңгейі (білім, білік, дағдының, кәсіби қызметтің, кәсіби сапаларының қамтылуы).	Тұлғаның әлеуетті түрдегі дайындығы, тұлға әлеуетіне қажетті кәсіби деңгейі
Б.Т.Барсай	Болашақ маманның кәсіби даярлығы – педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби және дидактикалық құзыреттілігінің үйлесімділігі, тұлғалық кәсіби сапаларын үздіксіз дамыта білу қабілеті.	Тұлғалық кәсіби сапаларын үздіксіз дамыта білу қабілеті.
Сұлтанбек М.Ж.	Кәсіби-педагогикалық даярлығы – кәсіби даярлығына қатысты құзыреттіліктерді меңгеруі, өзінің даму деңгейіне сәйкес келетін және педагогикалық үдерісте туындаған кез келген мәселені мақсатына орай тез шешім қабылдай алатын, тұлғалық қасиеттер жиынтығы.	Кәсіби-тұлғалық қасиеттер жиынтығы

Кестедегі талдаулар көрсетіп отырғандай болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәісби даярлаудағы негізгі түйінді ойлар бір-бірінен алшақ емес. Байқап отырғанымыздай, педагогикалық қызметке деген мотивтер мен білім жиынтықтары, практикалық және теориялық дайындық бірлігі, қабілеттілік пен шеберлікті меңгеру, кәсіби-тұлғалық сапалар жиынтығы, білімді қолданудың жылдамдығы+әдістердің оралымдылығы+ойлаудың сынилығы, жаңашылдық тұрғыда табысты болу секілді түйінді ойларды біз өз анықтамамызды беруде негізге алатын боламыз.

Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда дүниетанымдық амал қызмет атқарады. Әлеуметтік құндылықтар негізінде студенттің мүмкіндігінің шексіздігін, өзін-өзі дамыту қабілеттілігіне деген сенімі мен ерік бостандығын, абыройын қорғау, кәсіби жолдағы жетістікее жету құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы дидактикалық талдауларда жаппай шеберлер дайындау идеясынан туындаған кәсіптің бірі. Болашақ мұғалімнің әдістемелік жағынан кемелденуі оның кәсіби даярланып жетілгендігінің көрсеткіштерімен байқалады. Мұндағы кәсіби даярлық деп отырғанымыз, тұлғаның белсенділігі, өмірлік және кәсіби мәселелерді шешудегі жауапкершілігі, өзінің дамуының жақын аймағын айқындай білуі, даму өрісін кеңейте алуы т.б.

Білім беру үдерісінде болашақ педагогтың пәнаралық сабақтастығын жүзеге асыру барысында бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби моделін қалыптастыру білім беру процесінде студенттердің өзіндік субъекті, өзін-өзі

жүзеге асыру, өзін-өзі бекіту және өзін-өзі ұйымдастыру призмасы арқылы жүзеге асырылады.

ЖОО-ның оқу-тәрбие үрдісінің органикалық бөлігі ретінде педагогикалық практика педагогтың тәрбие-білім беру мекемелеріндегі практикалық қызметімен теориялық дайындығының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған. Педагогикалық теория мен педагогикалық практиканың өзара байланысы бір жағынан педагогикалық теория педагогикалық практиканы тану, түсіндіру және болжау құралы болып табылады, ал екінші жағынан, мектеп практикасын жетілдіру құралы, оның тиімділігін бағалаудың негізі және өлшемі болып табылады.

Студенттерді педагогикалық үдеріске қосу және педагогикалық практиканың барлық түрлері бойы балалармен және педагогтармен тікелей өзара іс-қимыл жасау педагогикалық іс-әрекеттің дағдылары мен іскерлігін қалыптастыруға және оларды педагог-практика, әдіскер, мектеп білім беру басқарушысы деңгейінде құзыреттілікке айналдыруға ықпал етеді. Бұл тұста дидактикалық дайындықтың қажеттілігі маңызды.

Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда дидактикалық дайындықтың болуы қажет.

Т.С. Сабыровтың еңбектері контекстінде біршама педагогикалық идеяларын бүгінгі қоғам сұранысымен сабақтастыру арқылы байланыста талдауды қарастырып өтуді жөн деп ойлаймыз.

Ғалымның ірі еңбектерінің ішінде «Мұғалімдердің дидактикалық даярлығын жетілдіру жолдары» атты монографиясы 1995 жылы жарық көрді. Аталмыш еңбегінде ол, жоғары мектеп дидактикасының маңызды мәселелерін алға тартады. *«...Дидактикалық дайындық* – кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы». Ғалым: «... *педагогикалық қызметті атқаруға қажет мұғалімнің бойында мынандай дидактикалық қабілеттер болуы керек: оқыту процесін жоспарлай білуі, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алуы, жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындап отыруы»* - деп көрсетеді [19, б.57]. Автордың бұл педагогикалық идеясы бүгінгі таңда болашақ педагогтердің тұлғасына бағытталған білім алуға негіз бола алатындай университет оқытушылары мен білім алушылары үшін дидактикалық ережелер санаты болып табылады.

Бұл тұста оқыту процесін жоспарлау мәселесі – заманауи кәсіби білім жүйесіндегі (өзін-өзі дамыта отырып), яғни ұстаздардың кәсіби мотивтерін арттыруды дидактикалық әлеуетке ынталандыруда кәсіби шың мен жетістікее жетуінің көзі екендігі дау туғызбайды.

Б.Т. Барсай «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты докторлық диссертациясы бойынша болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы ойлары идеялық жағынан бізге өте жақын келеді. Ғалымның пайымдауы «дидактикалық құзыреттілік» ұғымын болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сипаты және оның *кәсіби мүмкіндігін қолдану аймағы* деп түсіндіріледі, сонымен қатар «бастауыш сынып мұғалімінің

дидактикалық құзыреттілігі бастауышта оқытылатын барлық пәннің ғылыми негіздерін, мазмұнын, оларды оқытудың ортақ және кейбір пәндердің жеке ерекшелігіне байланысты әдістемелерін, оқытуда қолданылатын технологияларды толық меңгеруімен, сабақ үдерісінде дидактикалық талаптарды (оқытудың ұстанымдары мен заңдылықтарын, оқыту формаларын, құралдарын, нәтижені бағалау әдістерін т.б.) жүзеге асыруға *қажетті білім, білік, дағдысының болуымен анықталатын кәсіби сапасы»* деп нақтылай түседі [23, б. 146]. Б.Т. Барсайдың пікірінен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бір-бірімен тығыз байланысқан, ғылыми-теориялық, қоғамдық-саяси, психологиялық-педагогикалық және арнайы даярлықты біріктіретін біртұтас жүйе болып табылатындығын байқауға болады.

Мұғалімнің кәсіби дайындығы ретінде, біз бастауыш білім беру саласында педагогикалық әрекетін тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін әрі нәтижесінде білім, білік, дағды, қабілеттері, құндылықты бағдарлар мен тұлғалық қасиеттері сияқты түрлі сипаттарының жүйесінің қалыптасуына әсер ететін кәсіби-педагогикалық даму үрдісі деп білеміз.

Теориялық талдауларды негізге алып, болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың құрылымында шартты түрде үш базалық құрамдасты белгілеуге болады. Мұндай базалық құрамдас ретінде біз, *білімділік* (кәсіби-маңызды жалпы мәдениеттік пен арнайы білімдер және онымен *байланысқан біліктер*); *құндылықты* (құндылықты бағдарлар, мұраттар, қызығушылықтар, *уәждер*); *тұлғалық* (жалпы және *педагогикалық икемділіктер мен тұлғалық қасиеттер*) деп қарастырамыз (сурет 3).



Сурет 3 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың базалық құрамдастары

Педагогтің, сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімнің кәсіби даярлығына арналған зерттеулердің талдауы оның құзырлылығы мен кәсіби дайындығына, білімге және тұлғалық ерекшеліктеріне қойылатын талаптарының күрделене түскенін айқындайды.

Сөйтіп, арнайы білімдер мен оларға негізделген білік пен дағдылар заманауи бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығының құрылымындағы өзінің «ядролық» мәнін сақтай отыра, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік аспектілермен толықтырылып кеңейтіледі.

Мысалы, мұғалімнің кәсіби даярлығының мазмұнына зерттеушілердің басым көпшілігі біліммен қатар тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды дайындықтың негізгі әрі қажетті бөлігі ретінде енгізеді.

Жоғарыдағы категориялар аумағындағы талдауларға сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығы оқу іс-әрекетіне байланысты қасиетіне (пән бойынша білімі; білім, іскерлік пен дағды сапасын бағалай білуі; жұмысты жоспарлай білуі, ойды дамыта алуы, қызығушылықты қалыптастыру, жоспарды уақытында, сапалы орындау іскерлігі, пәнаралық байланысты орнату, балаға жеке ықпалы, әр баланың қабілетіне, жеке қасиеттеріне орай қарым-қатынас жасай білуі, оқушылардың оқу еңбегіне дағдысын қалыптастыру; оқытудың педагогикалық - психологиялық негізі жөніндегі білімі) байланысты екендігін нақтылауға болады.

М.А. Чошанов болашақ маманның кәсіби даярлығы – білім, білік, дағдының өзара байланысындағы жаңалықты көруге, оны нақты жағдайларда тез әрі оңай пайдалануға тұрақты ұмтылу, мәселені алдын-ала айқындау, болжау, ойлаудың икемділігі мен сынилығы, ең оңтайлы және тиімді шешімдерді таңдау қабілетін меңгеру деп қарастырады. Ғалым кәсіби даярлықтың *білімді қолданудың жылдамдығы+әдістердің оралымдылығы+ойлаудың сынилығы* деп формуласын құрастырады [23, 160б].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы: кәсіби қалыптасу, кәсібіне бағытталу, кәсіби бағыттылық, еңбекке дайындық, кәсіпке бағдарлану секілді кезеңдерді өткереді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің басқа мамандықтардан айырмашылығы оның педагогикалық мәдениетінің құрылымында болады. Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық мәдениеті, олар: педагогикалық техника, педагогикалық ойлау стилі, педагогикалық психологиядағы білім, қарым-қатынас шеберлігі, әлеуметтік белсенділік, әдістемелік шеберлік.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ерекшелігі іс-әрекеттер жасаудың өте жиі сипаты, практикалық іскерліктің акме жағдайда болуы шарт. Осы тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби даярлығының құрылымы бойынша С.Е. Цареваның еңбектерінде кездеседі. Ғалым кәсіби даярлық құрылымын: *«даярлық» = «тілек білдіру» + «білім» + «біліктілік»* деген немесе *«дайынмын»= «тілеймін» + «білемін» + «істей аламын»* деп құрылымдық формуласын ұсынады [26, б.31].

Бастауыш мектеп мұғалімі педагогикалық және психологиялық білімдерінің игерілуіндегі кәсіби даярлығының ерекшелігі оның дидактикалық

техникасының өзгеше болуында. Бастауыш сынып мұғалімі ең біріншіден, іргелі көп салалы білімінің болуымен ерекшеленсе, екіншіден, кіші жастағы оқушыларды белсенді танымдық әрекетке жұмылдыра алуда, тұлғаның кіріктірілген қасиеттерінің жиынтығының болуымен ерекшеленеді.

Бұндай ерекшеліктер болашақ мамандардың білім беру үдерісінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырып, оқушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға өз үлестерін қоса алады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, құзыреттіліктің құрамы төмендегідей: кәсіби дайындықтың әдіснамалық бағыттылығы; қоғамдық саяси пәндердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы; психологиялық–педагогикалық дайындықтың бағыттылығы; математикалық дайындықтың кәсіби бағыттылығы; әдістемелік дайындықтың ғылыми-теориялық және практикалық бағыттылығы; студенттердің үздіксіз педагогикалық практикасының ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру; мамандарды дайындауда тұлғалық - әрекеттік тұғырды жүзеге асыру; болашақ мамандарды қазіргі педагогикалық және ақпараттық технологиямен қаруландыру; студенттердің үздіксіз компьютерлік дайындығын жүзеге асыру; оқу-ғылыми-өндірістік-педагогикалық кешен жасау.

З.И. Калмыкованың тұжырымдамасы бойынша, оқыту дамытушы, ал қалыптастырушы табысты және шығармашылық ойлау болып табылады. Ондай ойлаудың негізгілері:

- дағдыдан алыс, жауап алуға мүмкін *ойлаудың түпнұсқалылығы*;
- қайталанбайтын *ассоциалық байланыстың* жылдам және бірқалыпты пайда болуы;
- проблеманы түсінушілік қабілеті және оны басқаша *шешімін табу;*
- *ойдың жылдамдығы* – ассоциацияның саны, идеялар уақыт бірлігінің пайда болуы, оның кейбір талаптармен сәйкестігі [151].

Бұл тұжырымдама бойынша, ойлаудың табыстылығы меңгерген білімді кеңінен қолдануға, үйреншікті жағдайдан жаңа жағдайға көше білуге, кез келген мәселені шешуге, ақыл ойдың дамуын ықпалы зор. Жаңа білімді меңгертуде оқушылардың психологиялық ерекшелігін ескеруде, табысты ойлаудың нәтижесінде оқушылардың қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік туғызатынына назар аудартып болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда басшылыққа алу ұсынылады.

С.С. Татарченкова кәсіби-педагогикалық даярлықты «субъект іс-әрекетінің жеке интегралдық сапалы сипаты, біртұтас жағдайы мен оны жүзеге асыруға жеке тұлғаның әзір екендігінде» деп тұжырымдайды [152]. Ғалымның еңбектеріне сүйенсек, кәсіби-педагогикалық даярлықтың құрамдас бөлігі кәсіби және жеке тұлғалық жетілдіру нұсқауларынан, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі тәрбиелеуден тұрады деп түсінік береді.

Б.С. Гершунский кәсіби-педагогикалық даярлықты «танымдық және практикалық іс-әрекеттерде теориялық тәсілдерді меңгерумен сипатталатын жеке тұлғаның білімділігі мен жалпы мәдениеттілігі деңгейі» ретінде талдайды [153].

Р.К. Бекмағамбетова бастауыш мектеп мұғалім кадрларын даярлайтын оқу орындарының даму тарихын қоғамның әлеуметтік – саяси, экономикалық және мәдени дамуына сәйкес жеті кезеңге бөліп қарастырған. Елдің дамуының әр тарихи кезеңінде бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың өзіндік әлеуметтік бағыты болғандығын, соған сәйкес оқу орындарының да қызметі өзгеріп отырғанын зерделейді [37, б.112].

М.З. Джанбубекова жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау мәселесін келесі кезеңдер арқылы сипаттаған:

1) Мамандыққа бейімделу.

2) Танымдық-кәсіби қызметте студенттің өздігінше актуалдануы.

3)Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің қалыптасуы танымдық-қызметтік тәсілмен жүзеге асырылады.

4) Педагогикалық зерттеу жүргізуде жеке тұлғаның қалыптасу кезеңі.

Ғалым М.З. Джанбубекова болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау мәселесін жоғарыдағы кезеңдерге бөліп, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті қалыптастыру үрдісі алдымен оқу-зерттеу, содан соң кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке айнала отырып, жүзеге асырылады. Мұғалім тұлғасының қалыптасуының бастапқы кезеңі студентті *зерттеуші позициясына* қояды [113, б.46].

Пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау тұлғалық сапалардың жиынтығын құрайды деп айтамыз. Оқу саласы бойынша кәсіби-теориялық білімдерді эмоционалды және әлеуметтік интеллектпен топта жұмыс жасауда тиімді қолданып, көшбасшылық қасиетке ие бола отырып, мәселені сыни ойлауда шығармашылықпен шеше алатын, инновациялық тұрғыдан ойлауды еркін ассоциациялай алатын, мәселеде дербес идея табу және құру, астарлы мағынаны ажырату үшін ғылыми-зерттеу дағдылары мен креативтілігі қалыптасуындағы түлектің атрибуттарын қамтамасыз ету үшін кәсіби-тұлғалық сапалардың жиынтығы ретінде көрініс береді. Жалпы бұл ойымыз туралы алдағы параграфтарда талдау жүргіземіз.

Бастауыш мектептің болашақ мұғалімдерін кәсіби даярлау процесі, біздің ойымызша тұтас және жүйелі түрде жүзеге асырылады, яғни жалпы білім беретін, жалпы кәсіптік және арнайы пәндерін меңгеруді қамтиды. Олардың әрқайсысы бір-біріне қатысты функционалдық тәуелділікте, өзара тығыз байланыста, өзара шарттастықта және өзара түсінушілікте болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың біртұтас жүйесі, білім алушыларда танымдық және кәсіби мәселелерді шешу үдерісінің тұтас көрінісін жасау үшін оның ғылыми мазмұнын қолдану қажеттілігі мен іскерлігін тәрбиелеуге бағытталған. Осыдан, оқу пәндерінің әр түрлі топтарының нақты пәнаралық функциялары пайда болады.

Оқу-танымдық қызметті ұйымдастыруға осындай тәсілде педагогикалық цикл пәндерін оқытудағы терең байланыс, сабақтастық, материалды қайталаудың жеткіліктілігі және болмауы, арнайы, кәсіби даярлықтың интеграциясы қамтамасыз етіледі, бұл білім беру ортасының белгілі бір

дүниетанымын қалыптастыруға және пәнді меңгеруге, яғни материалмен мақсатты жұмыс істей алуға мүмкіндік береді.

Біз жасаған теориялық әдістерге сай зерттеулердің талдауы көрсеткендей, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастық мәселесі және оны жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесінде, ғалымдар негізінен зерделеу кезінде мынадай білім беру проблемаларын қарастырған, яғни ол білім беру жүйесінің тұтастығы, оқыту теориясы және тұлғаны тәрбиелеу мен өзіндік өмірге дайындау.

ЖОО-дағы заманауи білім беру үрдісінің негізгі стратегиялық мақсаты – өз мамандығына шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, кемел маман болу үшін жалпы әлеуметтік қажеттілікті талап етеді.

Студент белгілі бір құндылықтар жүйесіне ие болуы керек: жеке, жалпы адамзаттық, кәсіби. Оқыту барысында қалыптасатын жеке құндылықтардың қатарына: танымдық қызығушылықтар мен қажеттіліктер, әлеуметтік себептер, конструктивтік шығармашылық ойлау, бағалау пайымдаулары және т.б. жаңа ақпараттық технологиялар студенттер тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқытудың келесі түрлері арқылы іске асырылуы мүмкін: интеграцияланған сабақтар, кәсіби іскерлік ойындар, кәсіби міндеттерді моделдеу, жеке және сараланған оқыту [154].

Осы орайда қазақстандық ғалым Г.Н. Губайдуллина өзінің «Особенности подготовки будущего учителя к реализации двустороннего характера целостного педагогического процесса» атты кандидаттық диссертациясында болашақ мамандарды даярлаудың ерекшеліктерін:

- іс-әрекет – адамның атрибутивтік сипаттамасы;
- индивидтің қызметтегі белсенділігі;
- тұлғаның дамуы, оның маңызды күштері;
- бірлескен қызметтің негізі – субъектілердің өзара іс – қимылы деп талдау жасайды. Ғалым өзінің тұжырымдауында бірлескен қызметке қажеттіліктерді жеке және қызметтік өзін-өзі реттеу, шығармашылық белсенділік, алгоритмдік әрекеттерден шығармашылыққа көшу қабілетінің болуы, жұмыстың жеке стилінің болуы, кәсіби өсуге қанағаттанушылық, педагогикалық процестің жағдайы туралы ақпарат жинай білу, оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі бекіту үшін жағдайларды қамтамасыз ете білу деп түсіндіріледі [155].

Бастауыш мектептің мұғалімі мынадай күрделі және ауқымды кәсіби қызмет түрлерін орындауға тиісті:

- диагностикалық – оқушы тұлғасын, оқыту, тәрбиелеу және даму нәтижелерін зерттеу;
- ұйымдастырушылық-технологиялық (педагогикалық технологиялар негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру);
- педагогикалық басқару («субъект – субъектінің» өзара әрекеті, білім беру менеджменті);
- жобалау (бастауыш мектептегі білім беруді модельдеу);

- ғылыми-зерттеу (білім беру мекемелеріндегі мәселелерді шешудегі шығармашылық ізденіс, педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия).

Пәндерді оқыту процесінде: жалпы кәсіптік және пәндік дайындық кезінде жаңа білімді неғұрлым жоғары деңгейде саналы меңгеруге және жаңа материалды баяндауға еске салу, сілтемелер, сұрақтар және пәнаралық мазмұнның міндеттері, әңгімелесу сияқты басқа пән мазмұнының элементтерін енгізуге мүмкіндік беретін барлық құралдар мен тәсілдер қолданылуы тиіс. Оларды пайдалану: бастауыш мектеп білім беру сабақтастығының әртүрлі аспектілерін ашатын тақырыптардың мазмұнын меңгерудің сабақтастық байланысын; оқу материалы мазмұнының, формаларының, әдістері мен құралдарының бағыттылығын қамтамасыз етеді; құзыреттілікке айналдыру; кәсіби қызметті модельдейтін, имитациялайтын міндеттерді шешу арқылы әр пәннің мазмұнында әр түрлі кәсіптік қызмет түрлері туралы білімді көрсету; студенттерді танымдық, практикалық, әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметінде және тиісті құзыреттілікті қалыптастыруға белсенді қолдануға шақыру.

Бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлығының құрылымы 4-суретте берілді.



Сурет 4 - Бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлығының құрылымы

Студенттер үшін мамандық, яғни арнайы білімді меңгеруге мүмкіндік беретін пәндер ерекше құнды. Бұл жалпы кәсіптік және пәндік дайындық блогына енгізілген педагогикалық цикл пәндері: жалпы педагогика, мектеп педагогикасы, дербес әдістемелер болады.

Осы аталған кәсіби қызмет түрлерін нәтижелі орындау үшін болашақ бастауыш мектебінің мұғалімі кәсіби құзыреттерді меңгеруге тиісті. Бітіруші білімдік қызмет саласында бастауыш мектепте оқушыларға сапалы білім беру үшін кәсіптік қызметті жоғары деңгейде меңгеруі тиіс. Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие процесін нәтижелі ұйымдастырудың және іске асырудың білімдеріне, іскерліктеріне және дағдыларына ие болуы керек [156].

Студенттер үшін бұл пәндер мазмұнының құндылығы мамандық ерекшелігін, оның қалыптасу тарихын, болашақ кәсіби қызметінің мүмкіндіктерін ашудан тұрады. Кәсіптік білімнің ерекшелігі олардың кешенді сипаты болып табылады.

Аталмыш зерттеушілердің енбектерін жан-жақты талдау нәтижесінде, біздің пікірімізше, мұғалімнің кәсіптік даярлығы кәсіби дамуының процесі, оның нәтижесінде әртүрлі сипаттамалардың көп жақты жүйесі құрылады, яғни білімдік, іскерлік, дағдылық, қабілеттер, құндылық бағдар, тұлғалық белгілер және сапалар, сөйтіп бастауыш білім беру аясында педагогикалық әрекетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Қорыта келгенде, *«пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау – жаңартылған білім беру жағдайында студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын меңгерту»* болып нақтыланады.

Аталмыш параграфтағы талдауларға сүйене отырып, студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын меңгертуді жүйелі әрекетте көрсету үшін біз, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру процесінде бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби моделін қалыптастырудың негізгі белгілерін анықтадық:

1) болашақ педагогта оның кәсіби қызметтің осы түріне көзқарасын айқындайтын уәждемелік-тұлғалық қасиеттерінің комбинациясының болуы;

2) тұлғаның және жалпы білім беру жүйесінің үздіксіз және сабақтастық дамуы үшін оның мәнін, механизмдерімен мәнін ұғыну және түсіну негізін құрайтын ғылыми және арнайы білім жүйесін меңгеру;

3) кәсіби қызметтің осы түріне шығармашылықпен қарауға және бағалау-рефлексивтік дағдылардың жиынтығына мүмкіндік беретін, өз іс-әрекеттері мен қызметін сауатты талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық-іскерліктер кешенін меңгеру.

Осылайша, сабақтастықтың бұрынғы және жаңа білімдерді, бұрынғы және жаңа тәжірибені ұғыну, өзара әрекет арқылы тұлғаның даму үдерісі екенін білдіреді. Бұл өз кезегінде бізге, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудағы негізге алатын ұстанымдарды талдауды ұсынады. Сондай-ақ, ЖОО-ның оқу процесінде оның өтуінің тиімділігі оқытушының педагогикалық процесті моделдеу және студенттердің ғылыми білім жүйесін табысты игеруі үшін қолайлы жағдай жасау, іс-әрекеттің осы бағытында практикалық іскерлікті, дағдыларды және кәсіби даярлықты меңгеруіне байланысты, студенттерді

кәсіби даярлау үдерісін модельдеу – бұл болашақ нәтижелердің болжамдық көрінісі.

Осылайша, ғылыми таным мақсатында педагогикалық жүйелерді модельдеу маңызды сипаттамаларды, иерархиялық құрылымды, жүйенің негізгі компоненттерін және олардың арасындағы байланыс тәсілдерін анықтауға, педагогикалық білімдердің дамуына ғылыми негізделген болжамын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1.3 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби дайындық моделінің ерекшеліктерін түзуде осы кезеңдегі міндеттер санына қарай олардың түрлері мен мазмұнын одан әрі анықтауды талап етеді.

Оларды анықтаудың ғылыми-теориялық негізі Қазақстанның Болон процесіне қосылуына байланысты және оқыту сапасын арттыру, жоғары оқу орындары түлектерінің қоғамдағы одан әрі қызмет пен өмірге дайындығын қалыптастыру сияқты жоғары кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды мәселелерін белгілеуге байланысты жоғары білім беруде қалыптасқан талаптар болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4-тарауының 13-бабында білім беру мазмұнының ұғымы келесідей көрсетілген:

- білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені);
- білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады [3, б. 14].

Осы орайда, қазақстандық білім кеңістігінде әлі де кезең-кезеңмен қалыптасып жатқан заманауи білімді реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдармен үндес келіп, іске асырылып жатыр.

Ендеше, еліміздің білім беру жүйесін дамытуда шешілуге тиіс кейбір *міндеттер төмендегідей:*

- ЖОО-дағы білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру;
- білім мен ғылымның іс жүзінде интеграциялануын қамтамасыз ету;
- ресурстарды жұмылдыру және білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда қамтамасыз ету.


Осы міндеттерге сәйкес, бүгінгі білім жүйесін реформалаудың кейбір басты *бағыттары:*

- білім технологиясындағы пәнаралық байланыстарды (интеграция) іске асыру деп беріледі.

ҚР тәуелсіздігіне орай, қоғам талаптарының күшеюіне байланысты білім беру мәселелері әр түрлі уақыт кезеңдерінде жаңаша бағытта дамуға көшті.

Осыған сәйкес, ҚР білім беру бағытын, мақсатын, мазмұнын айқындайтын нормативтік құжаттар қабылданғаны анық, яғни құжаттарда білім берудегі мақсат пен жаңа міндеттер айқындалып, білім беру жүйесінің дамуы үшін Заңнамалық база негізі қалыптасты. Бұл орайда мамандарды даярлаудың мазмұнына қойылатын талаптарды қайта қарау қажеттігі туындап, білім беруді реформалау жағдайында, яғни жаңартылған білім беру мазмұнына көшудегі әдіснамалық негіздеулер, Заңдарда өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, жоғары ұлттық білім беру жүйесінің қызметін жеделдетіп, қарқынды өзгерістерді жүзеге асыруға алып келді. Ендеше, ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай, оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің парадигмасы жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Прагматикалық үлгілер тәжірибелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру тәсілі болып табылатындықтан, болашақ маманның тиімді іс-әрекеттер мен олардың нәтижелерін ұсыну тәсілі, яғни жоғарыдағы тәсілдер мен болашақ кәсіби іс-әрекет жүйесі түрінде көрініске ие болып табылатындығын негізге алып, болжамдылыққа құрылған прагматикалық үлгісін ұсынамыз (сурет 5).



Сурет 5 - Болашақ мұғалімдерді даярлаудың прагматикалық үлгісі

Білімдік парадигма, білім үдерісін және білім практикасын жобалаудың нақты амалдарын анықтаушы, педагогикалық сабақтастықтың теориялық, дүниетанымдық алғы шарттарының жиынтығын құраушы. Ол өз кезегінде жаңартылған білім беруге көшудегі негізгі тетіктер болатын тиімді оқыту мен оқу бағдарламасының нәтижесінің маңызын көрсетеді. Аталған тиімді оқыту (деңгейлік бағдарламалар бойынша модульдер) және оқу бағдарламасының басты мақсаты дәріс сабақтарды жеті модуль аясында ұйымдастыру болып табылады. Олар:

- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;

- сын тұрғысынан ойлауға үйрету;

- оқу үшін бағалау және оқуды бағалау;

- оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

- талантты және дарынды балаларды оқыту;

- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;

- оқытуды басқару және көшбасшылық.

Жоғарыдағы жеті модуль идеясын жоғары мектептің оқыту үдерісіне енгізу болашақ мамандарды кәсіби даярлауда негізге алу жан-жақты маман қалыптастыруда маңызды серпілістер болып табылады.

Талдаулар көрсетіп отырғанындай, бастауыш білім берудің жаңартылған білім мазмұнына көшуде нормативтік-құқықтық базаның біршама өзгертулермен толықтырылғаны белгілі. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген ЖББМЖМС білім алушылардың дайындық деңгейіне берілетін жалпы ережелердің бірі ретінде дескрипторлар (descriptors) «студенттердің жоғары оқу орнындағы білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы», - деп көрсетіледі.

ЖОО-да болашақ педагог мамандарды даярлауда көрсетілген талаптар ЖББМЖМС білім алушылардың дайындықтың бірінші деңгейіндегі дескрипторларында берілген (2.7):

- білім алушы өзіндік алған білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана алуы;

- өзіндік пайымдаулар жасауға қажетті ақпараттар мен интерпретациялауды іске асыру үшін әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескерудің қажеттігі;

- мамандарға және маман еместерге ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді [157].

Жоғарыда аталған болашақ бастауыш сынып мамандарына қойылған талаптар өз кезегінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ мамандардың кәсіби сапаларының маңызын жоғарылатуды көздейді. Сондықтан да мұғалім-жаңашыл, мұғалім-шебер, мұғалім-зерттеуші, мұғалім-көшбасшы, мұғалім-менеджер болып қалыптасуы үшін оған өз жұмысына сыни көзбен қарап, педагогикалық инновацияларды іздестіру тән болуы қажет. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда бастауыш сынып мұғалімі жаңашылдық, педагогикалық шеберлік, зерттеушілік, көшбасшылық, менеджерлік сапаларды меңгеруі үшін инновациялық дамудың кезеңдерін қатаң ұстануы қажет деп санаймыз. Инновациялық даму мына кезеңдерден тұрады: инновацияның бастапқы кезеңдерін: *(өзгерістердің қажеттілігін анықтау, ақпарат жинау және жағдайды талдау, инновацияның сипатын дамыту және сипаттау);* инновацияның даму кезеңі *(мониторинг идеялары, тұжырымдамалар, технологиялар, материалдарды өңдеу, инновацияны қолдану, алғашқы нәтижелерді бағалау);* инновацияны енгізу кезеңі

(көпшілікке және жазбаша хабарламалық талдауларға, ашық сабақтарға, бейневөнімдерге, жарияланымдарға тәжірибеде енгізу) [158] деп бөлеміз.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейінің талаптары өзгеріске ұшырады. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Сондықтан ЖОО даярлайтын мамандардың моделі жаңа білімдік парадигманың сипатына сай болуы шарт. Ал екінші кезекте, болашақ маманға қойылатын талаптардың бірі болашақтағы кәсіби қалыптасуы жолында педагогикалық техникасы жоғары бола тұра, ол оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтижені бермейді. Жаңартылған білім берудегі негізгі идеялардың бірі – оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асатындығында. Өмір бойы оқу, өздігінен білім алу сынды сұрақтарды қамтиды.

Жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды пәнаралық сабақтастық арқылы кәсіби даярлаудың маңызы бізге, тиімді оқу мен оқыту бағдарламасынан соң жаңартылған білім берудің негізгі ерекшеліктерін талдап өтуді міндеттейді. Олар:

- *пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі;*
- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының *иерархиясы;*
- бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында *«ортақ тақырыптардың» берілуі;*
- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
- *білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты* ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған *тақырыптардың* уақыт талабына сәйкес келуі, ондағы сабақтастық пен пәнаралық байланысты *еркін ассоциациялай* алуға назар аударылуы;
- оқытудағы *жүйелі және іс-әрекеттік ұстанымдар* (білім алу үдерісіне белсенді қатысу) [159].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша берілген педагогикалық тәсілдемелерді ұйымдастыру және орындау қажеттігі болашақ бастауыш сынып мамандарын кәсіби даярлаудағы білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары ретінде бірқатар рухани құндылықтар мен дағдыларды ұсынады.

Жалпы айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасында көрсетілген дағдылардың барлығы дерлік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пәнаралық сабақтастық арқылы кәсіби даярлауда олардың жеке даму траекториясын ұйымдастыруға икемді дескрипторлары бола алады. Жаңартылған білім берудегі дағдылар:

1) сын тұрғысынан ойлау;
2) білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
3) проблемаларды шешу қабілеті;

4) ғылыми-зерттеу дағдылары;
5) қарым-қатынас дағдылары;
6) жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
7) АКТ саласындағы дағдылар.

Жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда пәнаралық байланыс пен жаңартылған білім берудегі дағдылардың байланысын талдау жүргізу барысында ашып көрсетеміз.

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда ең қажеттісі ол *сын тұрғысынан ойлау дағдысы* болмақ. Сыни ойлауға үйрену қазіргі жоғары оқу орындары білімгерлері үшін қажетті сапа. Қазіргі кездегі пәнаралық байланыс, интеграция, кіріктіру сынды категориялардың педагогикалық ғылымда теориялық негіздерін анықтауда үдерістің өзгеру, даму, жалпы ортақ байланыстағы және құбылыстағы нәтижеге, әлеуметтік қатынастарға сыни көзқараста қорытынды мен объективті пайымдау жасауға, болжамдар құруға, шешімнің жаңа жолдарын жобалауға, ортақ шешім табуға ұмтылуға болашақ мамандарды дағдыландыру үшін әлеуметтік ойлаудың шыңдалған үлгісі болып табылады. Бұл ретте сыни ойлау, біздің зерттеу мәселеміздің шеңберінде логика мен ғылым әдіснамасы, философия тарихы мен жаратылыстану, коммуникация теориясы мен шешімдер қабылдау теориясы секілді пәнаралық кеңістікке тән нәтижелерді есепке алады. Олар: қызығушылық, танымдық, өзіне деген сенімділік, басқаның ойына төзімділік, ойын еркін білдіру, батылдық, өз идеясын ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан қорғау сияқты қажетті сапалары, олар дамиды әрі білімнің синергетикалық тұрғыдағы қызметіне ауысады.

2. Бүгінгі білімнің жаңа мазмұны бойынша берілетін білім «өмір бойына» деген қағидадан өзгертіліп, білімді «өмір бойы оқу» деген бағытқа ауысуда. Ендеше пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыра отырып берілетін білім күнделікті өмірдегі өзгерістерді есепке ала алатын, білімді алу еркіндігі, өздігінен білімді іздену, жетілдіру, ізденістерін шығармашылық бағытта ұсыну, дәлелдеу арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сапалық көрсеткіштерін арттыруға үлесін қосады. Бұл өз кезегінде сыни ойлай алатын болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби жолдағы *пәнаралық сабақтастықта берілетін білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілетінің болуының* сыртқы көрінісін шарттайды, студенттердің болашақ мамандықтарына бейімделулеріне, одан кейінгі кәсіптік дамуларына жол ашады.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлануындағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда олардың сыни және шығармашылық тұрғыда ойлауы үшін білімдік проблемалар болуы қажет немесе оның бар екенін ұғына білу тұлғаның қабілеттілігіне жатады. Демек бұл жаңартылған білім беру бағдарламасындағы *проблемаларды шешу қабілеті* дағдысының басты мәселе екендігіне дәлел бола алады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне пәнаралық байланыс сұрақтарын қамтитын проблемалық

пайымдауларды шешуде педагогикалық ойлаумен қатар, қарым-қатынастағы еркіндік, оны жүзеге асырудағы әртүрлі жағдайлар мен практикадағы әдістемелік қиындық туғызатын бірқатар қиыншылықтарды реттеудегі эмоционалдық тұрақтылық, яғни психологиялық бірқалыптылықты сақтай алу, мобильділік (өмірге ашықтық), төзімділік (толеранттылық) сияқты сапалардың болуы шарт. Жалпы алғанда, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің проблемалық сұрақтарды шешу қабілетінің болуы орта білім беруде білім сапасының артуының кепілі болады.

4. Жаңартылған білім берудегі қажетті дағдылардың бірі – *ғылыми-зерттеу дағдысы.* Ғылыми зерттеумен айналысу – жоғарыда талдап өткен дағдыларды (сыни ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу, проблемаларды шешуді) қамтамасыз ететін ой қызметімен тікелей байланысты. Жоғары оқу орындарында пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі маңызды. Себебі, болашақ мамандарға дербес әдістемелік пәндердегі сабақтастықта тақырыптық бірліктер құру, бастауыш сынып пәндерінің кіріктірілген оқу түрін зерттеу оқытудың сындарлық теориясына сүйенеді. Әдетте, бастауыш сыныптардағы дербес әдістемелік пәндердің құбылыстарын, байланыстарын зерттеуге негізделген оқу бастауыш сыныптарда оқытылатын «жаратылыстану» пәнімен байланыстырылып, ол кез-келген пән үшін негіз бола алады, сонымен қатар, «дүниетану» сияқты әлеуметтік мәселелермен байланысты пәндер үшін керемет сай келеді.

5. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша болашақ бастауыш сынып мамандарын кәсіби даярлауда ең басты қажеттілік – *қарым-қатынас дағдыларының* болуы. Яғни, қарым-қатынас қажеттілігі, жетістіктерге жету қажеттілігі. Ал бұл өз кезегінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда құрылымдық үдерістерді зерделеу барысында білім алушылардың тұлғасының дамуының «бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет» (С.М. Жақыпов тұжырымдамасы бойынша) деңгейіне жетуге бағыттайды. Жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда қарым-қатынас дағдыларының болуы субъектілердің (оқытушы мен студент) арасындағы кәсіби-тұлғалық сапаларының жетілуінің педагогикалық қарым-қатынастағы өзара танымдық әрекеттестіктің құрылымына байланыстылығының көрінісі. Біздің пікірімізше, қарым-қатынас – өзімізді басқаларға бейімдеу.

6. Болашақ мамандарда *жеке және топпен жұмыс істей білу қабілетінің* болуы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда әрекеттің жоғары көрсеткішін реттейді. Пәнаралық сабақтастықтың негізгі тапсырмалар жүйесін топқа, жұпқа немесе жекеге орындату барысында бірін-бірі топ жұмысына жұмылдыру, идеялардың дербестігін табу, белсенді түрде тыңдау, негізін табу, астарлы мағынаны ажырату, тың идеяларды ұсыну белсенді жұмысқа кірісуін қамтамасыз ете алады.

7. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы тағы бір маңыздысы – *АКТ саласындағы дағдылар.* Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ЖОО-да

«оқытушы – сенсорлық құралдар - студент» жүйесінде ақпараттық, тренингтік, бақылаушы, дамытушы сияқты оқытудың түрлі бағдарламалары арқылы жүзеге асады. Ақпараттық коммуникациялық технологиялары басқару және жетекшілік жасау белгісімен сипатталады. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтуге, сызбалау, графикалау, бейнелеу т.б.танымдық белсенділігін іске қосуға мүмкіндік береді. Қорыта алғанда, студенттердің өзімен, өзгелермен әрекеттесудің ақпараттық кеңістігін құрайды.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту ұстанымдары - білім беру мен оқытудың өзара байланыс сипатын айқындайтын, білім беру үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асырудағы нормативтік талаптар, жетекші идеялары. Жүйелілік белгілі пән бойынша өтілетін тақырыптар мен бөлімдердің өзара байланыстылығын, яғни пәннің ішкі сабақтастығын сақтау үшін де, пәнаралық сабақтастықты сақтау үшін де аса маңызды.

Сабақтастықтың жалпы әдіснамалық маңыздылығына байланысты, біз бірнеше қағидаларға сүйенеміз. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда бағдарлану әрекеттері барлық мүмкін болатын қатынастарды қарастыруды қажет етеді [160].

Сондықтан біз зерттеуімізде, жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының мазмұнына қатысты пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда келесі қағидалардың көмегіне жүгінеміз. Олар: таным мен белсенділік, теория мен практиканың бірлігі, жан-жақтылық, сана мен әрекеттің бірлігі қағидалары.

Таным және белсенділік қағидасы. Бұл қағида пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудағы басты қағидалардың бірі. Ең алдымен еркін және терең ойлау басшылыққа алынады. Бұлар арқылы тұлғаның таным процестері сферасының интегралдық конструкторы ретінде әлемнің тұтас бейнесі – «адамның әлем туралы түсінігінің көп деңгейлі жүйесі, әлемнің көпұғымды бейнесіне» танымның болуы, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы танымдық іс-әрекеттерді интерпретациялауда белсенділік таныту негізгі рөл атқарады. Танымдық әрекеттері дүниетанымын тереңдетуге, белсенділік арқылы оны өмірмен, практикамен байланысын тереңдету, білімдегі фактілердің, құбылыстардың маңыздылығын ұғыну болады. Аталмыш қағида арқылы қалыптасқан дүниетанымды іске асыруда теория мен практиканың бірлігі қағидасы жетекшілік жасайды.

Теория мен практиканың бірлігі қағидасы – пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауда үлкен рөл атқарады. Ойлау бағыттылығының бағытталатынын ескерсек, ақылдың 2 түрі ерекшеленді: *теория және практика.*

Теориялық ақыл құбылысты сол күйінде таниды (пәнаралық сабақтастық, кәсіби даярлық түсініктеріндегі нақтылаулар, дәлелдер т.б.). Бұл – ғылым. Мұндағы ең бастысы – пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау жөнінде зерттеулерге сүйеніп

шындықты қалыптастыру. Практикалық ақыл іс-әрекетке бағытталған. Практика қандай да бір теориялық ереженің ақиқаттығының өлшемі. Бірақ практикаға негізделмеген теория шындықты анық бейнелей алмайды. Сондай-ақ, теорияны басшылыққа алмаған практикада тиімсіздіктер орын алады. Теория – өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен бірге болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың бірінші механизмі және ол практикаға жол ашады. Ал практика – білімді жүзеге асыру сферасы. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың өмірде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Педагогикалық практиканы ұйымдастыруды теориялық білімді меңгерумен қатар студенттерге мұғалімнің кәсіби қызметінің ерекшелігін анық түсінуге, нақты (педагогикалық) жағдайларда алған арнайы, метапедагогикалық білімдер мен біліктерді қолдануға, зерттеулер жүргізуге, өзінің жеке мүмкіндіктерін талдауға және бағалауға, сонымен кәсіби рефлексия жасауға, өзінің педагогикалық қызметінде өзін-өзі бағалауға, өзінің жеке (дара) стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жан-жақтылық қағидасы. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін даярлауда аталмыш қағиданы басшылыққа алу зерттеу жұмысымыздың маңыздылығын қамтамасыз етеді. Болашақ маманның кәсіби даярлығы басқа да құбылыстармен байланыста қалыптасатындықтан оны жеке дара қарастыруға болмайды. Қазіргі білім беру талаптарына сәйкес білім алушылардың өзіндік жұмыс деңгейінің жоғары болуы аса маңызды. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы білім алушы бойында, ізденушілік мотивациясын, оқу қызметіндегі инновациялық ресурстарды белсендіру мен жүзеге асыра алу шеберлігін арттыру, әлеуметтік зияттылықтың даму жолында алынатын нәтиженің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті сезінуге дағдыландыру, өзіндік мақсатының субъектісі болуға бағыттау қажеттігі бар. Демек бұл ретте жан-жақтылық қағидасын негіздеуде, табиғи біртұтастық идеясы алға шығарылады. Ал біртұтас дегеніміз, ол сана мен әрекеттің бірлігі болады.

Сана мен әрекеттің бірлігі қағидасы. Алғаш рет сана мен әрекеттің бірлігі жайындағы идеяны алға тартқан Л.С. Рубинштейн болды. Ол 1933 жылы тұңғыш рет сана мен әрекеттің бірлігі туралы қағиданы тұжырымдаған. Бұл қағида сана мен іс-әрекеттің бір-біріне ешқашан қарама-қайшы келмейтінін және тепе-тең де келмейтінін ашып, олардың өзара біртұтас бірлікте болатынын білдіреді. Себебі, болашақ мамандарды даярлаудағы өзіндік сана, яғни өзін-өзі тануда, өзін-өзі дамытуда тұлғаның ішкі де, сыртқы да әлемінің бастауы мен барлық мазмұны осы іс-әрекетте деп ойлаймыз. Бұдан байқайтынымыз, сана тек ішкі құбылыс қана емес, немесе әрекет те тек тысқы көріністермен ғана танылып қалмайды, ол өзіне тән ішкі мазмұнға да ие екендігіне мән береді. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудағы білім алушылардың өзін-өзі

дамыту – субъект-субъект бағдарындағы өзіндік санадан келетін әрекеттің ерекше түрі. Тұлғаның өзін-өзі тануы, субъективтілігі, креативтілігі, өзін-өзі басқара алуы, өзін-өзі айқындауы, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі реттеуі, жетілдіруі біртұтас жүйенің интегративтік сапалары болып табылады. Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы кәсіби дамуға өту жолында өзін-өзі дамыту тұлғаның ішкі санасының түрленуінің аса күрделі формасы. Әрекет арқылы ізденушілікке қадам басады, соның нәтижесінде білім мен білік, дағдының бірлігінде өз қабілетін жүзеге асырады. Сонымен, жоғарыда басшылыққа алынған қағидалар бізге, алға қойған мақсатқа жету жолын, алға тартқан нәтиже сипатын және қолданатын тәсілдер мен құралдардың тиімділігін анықтауға жол ашады. Ал ұстаным ғылыми әдіснамада өте жиі қолданылатын категория болып табылады, теориялық және практкиалық тұрғыдағы зерттеудің көріністерін шешуде қолданыс табады.

Ұсынылған қағидалар, талданған ережелер, жаңартылған білім дағдыларының зерттеуімізге бүтін сәйкестікте келуінің барлығы, бізге ЖОО-дағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлау моделін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік жасады.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруды кәсіби дайындау моделінің құрылымын анықтайтын зерттеулеріне сүйене отырып, біз кәсіби үлгілердің үш компоненттерін бөліп қарастырамыз: *мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалаушылық-рефлексиялық.*

Маманды дайындауға қойылатын талаптар тұрғысынан ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлық моделінің әрбір компонентінің мазмұны педагогті білімді, іскерлікті, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың міндеттерін шешудегі іс-әрекет тәсілдерін мақсатты, мағыналы қолдануға дайындау сапасының интегралды сипаттамалары болып табылады.

Мотивациялық-мақсаттылық компонент мазмұнын анықтау кезінде біз, өмірлік-тәжірибелік және ғылыми білімді жалпысын жинақтауды қарастырамыз, сондай-ақ, педагогикалық ойлауға негізделген педагогикалық шындықты ғылыми түсінуді талдайды.

Зерттеуіміздегі бұл компонент студенттің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру бойынша болашақ қызметке тұрақты мотивациялық-мақсаттылық қатынасын анықтайтын жеке қасиеттерін, яғни бастауыш мектеп мұғалімі мамандығына деген қажеттіліктен туындайтын түрткі болатын құндылықтарды қалыптастыруды көздейді. Біздің ойымызша, оларды қалыптастыру болашақ педагогтардың осы қызмет түріне деген қызығушылық, қажеттілік, мағыналық, саналы көзқарасы мен тұлға қалыптастыруда негізге ала отырып, оны жүзеге асыру тұжырымдамасын қалыптастыруға және ынталандыруға бағытталуы тиіс.

Осы орайда, мотивациялық (ынталандыру) - бұл кез-келген қызметті зерттеуге, оқу міндеттерін шешуге және жүзеге асыруға итермелеуді

анықтайтын танымдық және белсенділік қағидасын негізге ала отырып, барлық факторлардың жиынтығын құрайды. Мотивациялық-мақсаттылық компоненттің мазмұнын анықтау және іске асыру үшін бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлаудағы белгілі бір түрткінің әрекетке итермелеуін мотивация десек, ол – әрекетті реттеп, түрткі үшін арнайы мақсатты күйлерге жетуге бағыттайтын үрдіс болады. Мотивация адамды іс-әрекетке ынталандыратын қажеттіліктер мен мүдделерден тұрады.

Мазмұндық-іс-әрекеттік компоненті пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауда теория мен практиканың бірлігі қағидасына сәйкес, тұлғада қалыптасатын іскерліктерді алға тартады.

Бағалаушылық-рефлексиялық компоненті болашақ мамандардың интегративтік сапалар жиынтығында өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың үлгісін жасау және ойша тәжірибе жүргізу әдістеріне сүйеніп, теориялық-әдіснамалық негіздеріне, категориялардың сипатталуы мен нақтылануы бойынша және сабақтастық ұстанымын қамтамасыздандыра алатын басшылықтағы қағидалардың бекітілуіндегі компоненттерді *мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалаушылық-рефлексиялық* деп таңдап отырмыз (кесте 5).

Кесте 5 - Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
Мотивациялық-мақсаттылық	Бастауыш сынып пәндерінің сабақтастығы арқылы кәсіби даярлыққа мотивациялық-құндылық қатынасы	-пәнаралық сабақтастық негіздеріне кәсіби ізденушілік пен танымдық қызығушылықтың болуы;. -жоо-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың ғылыми-педагогикалық маңызы мен қажеттілігін түсіну;
Мазмұндық-іс-әрекеттік	Пәнаралық сабақтастық негізінде кәсіби теориялық білімдері мен біліктерінің болуы	- дербес әдістемелік пәндерді оқытудағы жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жүйелі білімі;. - пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың әдістемесін игеруі. - пәнаралық сабақтастықты негізінде еркін ассоциациялау іскерлігі; - нәтижені талдауда білім, білік, дағды сапалар жиынтығы және оңтайлы нәтиже барысында кәсіби кеңес берудегі шығармашылық белсенділігі.

5 - кестенің жалғасы

1	2	3
Бағалаушылық-рефлексиялық	Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру нәтижесінде кәсіби біртұтас дамудың болуы	- пәнаралық сабақтастық бойынша өзінің танымдық қызығушылығы арқылы қол жеткен нәтижеге баға береді; - кәсіби білім алуда пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда тың идея құра алады және ұсынады ; - идеялардың дербестігін таба алады және астарлы мағынаны ажыратады;

Кестеде беріліп отырған, сондай-ақ болашақ маманды кәсіби даярлаудың мазмұнын реттейтін компоненттер барысында сәйкесінше қызмет атқаратын өлшемдері мен көрсеткіштері жіктеліп ұсынылады.

Мотивациялық-мақсаттылық компоненттің өлшемі бастауыш сынып пәндерінің сабақтастығына мотивациялық-құндылық қатынасы дегенді білдіреді және ол өз кезегінде бірнеше көрсеткіштерді анықтайды. Бұл компоненттің бастауыш сынып пәндерінің сабақтастығы арқылы кәсіби даярлыққа мотивациялық-құндылық қатынасы өлшеміндегі көрсеткіштер: пәнаралық сабақтастық негіздеріне кәсіби ізденушілік пен танымдық қызығушылықтың болуы; ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың ғылыми-педагогикалық маңызы мен қажеттілігін түсіну болып табылады. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудағы осы мамандыққа деген қызығушылық, белсенділік, кәсіби ізденушіліктің өзі интегративтік сапаларды құрайды. Пәнаралық сабақтастықты қажетсінуі мен ондағы ғылыми-педагогикалық маңыздылықты түсінуді көрсетеді.

Мазмұндық-іс-әрекеттік компоненттің өлшемі пәнаралық сабақтастық негізінде кәсіби теориялық білімдері мен біліктерінің болуымен өлшенеді, бірнеше маңызды көрсеткіштерді реттеп береді. Олар: болашақ мамандар кәсіби білім алуда дербес әдістемелік пәндерді оқытудағы жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жүйелі білімі; пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың әдістемесін игеруі; пәнаралық сабақтастықты негізінде еркін ассоциациялау іскерлігі; нәтижені талдауда білім, білік, дағды сапалар жиынтығы және оңтайлы нәтиже барысында кәсіби кеңес берудегі шығармашылық белсенділігі іс-әрекеттері арқылы кәсіби даярлығы өлшенеді.

Бағалаушылық-рефлексиялық компоненттің өлшемі пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру нәтижесінде кәсіби біртұтас дамудың болуымен анықталады. Кәсіби білім, біліктерді меңгеруіндегі рефлексиялық тұрғыдан пәнаралық сабақтастық бойынша өзінің танымдық қызығушылығы арқылы қол жеткен нәтижеге баға береді; кәсіби білім алуда пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда тың идея құра алады және ұсынады; идеялардың дербестігін таба алады және астарлы мағынаны ажыратады деген көрсеткіштермен өлшенеді.

Педагогикалық рефлексия педагогикалық қызметтің барлық түрлерін табысты шешу механизмдерінің бірі болып табылады, өйткені педагогқа оның процесінде неғұрлым икемді болуына, өз ойларын шығармашылықпен жүзеге асыруға, қажетті өзгерістерді енгізе отырып, педагогикалық өзара іс-қимылдың басқа да қатысушыларымен қарым-қатынасты нәтижелі құруға көмектеседі.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда бағалаушылық-рефлексивті компонент, осы қызмет түріндегі маманның кәсібилігін анықтайтын жүйеқұраушы фактор болып табылады. Педагогикалық рефлексия педагогты кәсіби қызметке дайындау компоненті ретінде анықталатын зерттеулерге сүйене отырып, кәсіби сапа, ынталандырушы және дамытушы қызмет, біз оны ЖОО-да сабақтастық үдерісін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігін анықтадық.

ЖОО-да оқу үдерісінде оның жүруінің тиімділігі оқытушының педагогикалық процесті моделдеуіне және студенттердің ғылыми білім жүйесін табысты игеруі, практикалық іскерлікті меңгеруі, дағдыны меңгеруі үшін қолайлы жағдай жасауына байланысты. Студенттерді кәсіптік қызметке даярлау процесін моделдеу – бұл болашақ нәтижелерді болжамдап көре алуы. Ол білімнің көмегімен кәсіби дайындықтың мазмұнын, шарттарын өзгертуге, жақсартуға қалай әсер ететінін түсініп қана қоймай, сонымен қатар студенттер – болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуы процесі кезінде өзін-өзі жетілдіріп, дамыта алатынын түсінуіне ықпал ету. Осылайша, ғылыми таным мақсатындағы педагогикалық жүйелерді моделдеу маңызды сипаттамаларды, иерархиялық құрылымды, жүйенің негізгі компоненттерін және олардың арасындағы байланыс тәсілдерін анықтауға, оның дамуының ғылыми негізделген болжамын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Моделдің өзін құрастыру барысында ғылыми тәсілді таңдауға немесе қалыптастыруға үлкен мән беріледі. Біз әзірлеген моделдің негізіне жүйелік тәсіл алынды, ол зерттелетін объектіге бірқатар талаптар қояды және ұсынылатын мақсаттарды белгілеу мен нақтылау ерекшеліктерін анықтайды, туындаған кіші жүйелерді, блоктарды анықтауға, олардың өзара байланысы мен ұштастырылуын белгілеуге негізделген.

Моделдің үлгісі ретінде біз ішкі ұйым мен түпнұсқаның құрылымын, мінез-құлық тәсілдерін (түпнұсқа функциясын) бейнелейтін құрылымдық-мазмұндық модельді таңдадық. Бұл модель білім беру және дамыту мазмұнын орындайды.

Заманауи ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерді даярлаудың білім беру мазмұны осы кезеңдегі сабақтастықтың мәні туралы, ұйымдастыру жағдайлары мен оны жүзеге асыру механизмдері туралы білім жүйесін меңгеруден тұрады, сондай-ақ алынған білімді практикалық қолдану және оларды бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлық моделіне айналдыру туралы білім жүйесін меңгеруден тұрады.

Дамытушылық функциясы студенттің білімді меңгеруін тұлғалық және кәсіби дамуының белгілі бір деңгейімен байланысты екендігін анықтайды, ол оның қарым-қатынасын, сабақтастық байланыстарын жүзеге асыру бойынша

мақсатты әрекетке ұмтылу себептерін және бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби дайындығының моделін қалыптастыруға және осы міндеттерді табысты шешуге ықпал етеді.

Осының нәтижесінде, біз ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттердің білімді кешенді меңгеруінің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсындық (сурет 6).

Бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлау моделінде студенттердің кәсіби бағыттылығын, олардың алдағы іс-әрекетке қызығушылығын, қолда бар білімді меңгеруі мен өзектендіруге қажеттілігін дамытуы, біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыруы және жаңашылдықты меңгеруі айқындалған, яғни, тұрақты кәсіби себептер мен қызметтің осы түріне деген қызығушылықты қалыптастыруға негізделген. Студенттер үшін мамандық меңгеруге мүмкіндік беретін, яғни арнайы білімді беретін пәндер ерекше құнды. Студенттер үшін бұл пәндер мазмұнының құндылығы мамандық ерекшелігін, оның қалыптасу тарихын, болашақ кәсіби қызметінің мүмкіндіктерін ашудан тұрады.

Кәсіптік білімнің ерекшелігі ретінде олардың кешенді сипаты болып табылады. Кәсіби қызметті оқытудың табыстылығы көп жағдайда студенттің ғылым мен практиканың әр түрлі салаларынан білімдерін синтездеуіне байланысты, және оларды өзінің педагогикалық қызметінің және кәсіби-тұлғалық өзін-өзі жетілдірудің құралы ретінде жеке жетістікке айналдыру қабілетіне байланысты болады. Білім - қажетті, бірақ болашақ педагогтарды ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруға дайындаудың жеткілікті шарты емес. Педагог қызметінің бұл түрінің жетістігі ретінде көбінесе пәнаралық сабақтастықтын функцияларын іске асыратын оқыту принципі ретінде түсіндіріледі және оларды практикада қолдана білуімен анықталады.

Осыған орай біз, пәнаралық сабақтастықты жалпы педагогикалық принцип ретінде қарастырамыз және оның құрылымдық компоненттерін анықтадық.

Кесте 6 - Жоғары оқу орнында педагогикалық біртұтас жүйедегі пәнаралық сабақтастықтың құрылымы мен компоненттері

ЖОО – да пәнаралық сабақтастықтың құрылымы	
Іс жүргізу-оқыту сабақтастығы (ЖОО мұғалімі)	Оқу-танымдық сабақтастық (болашақ бастауыш сынып мұғалімі)
ЖОО – да пәнаралық сабақтастықтың компоненттері	
Нормативтік-ұйымдастырушылық	Мотивациялық-мақсаттылық
Реттеушілік-әдістемелік	Мазмұндық-іс-әрекеттік
Тексеруші-бағалаушылық	Бағалаушылық-рефлексиялық

Осы компоненттердің мазмұнын оқытудағы сабақтастықтың мәні тұрғысынан қарай отырып, оқу-танымдық сабақтастықтың неғұрлым барабар құрылымы болып саналады, ол келесі компоненттерден тұрады: мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық.

Атап өтетін бір жайт, нормативтік-ұйымдастырушылық, реттеушілік-әдістемелік және тексеруші-бағалаушылық компоненттерінен тұратын іс жүргізу-оқыту (сыртқы) сабақтастығы негізінен нормативтік базаны – білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, білім беру бағдарламаларын және т.б. жаңарту арқылы дамиды.

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудын компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерінің негізінде біз, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығының деңгейлерін анықтадық.

Төмен деңгейі – пәнаралық сабақтастық мәселелеріне тұрақсыз қызығушылықпен сипатталады және оны бастауыш білім беруде жүзеге асырады; іске асырудың жеке мәні жоқ; пайда болған педагогикалық білім жүйесі педагогикалық процестің субъектілері ретіндегі білім алушымен лайықты қарым-қатынас стилін таба алмайды.


Пәнаралық сабақтастықтағы педагогикалық білім жүйеленбейді және оны жүзеге асырудың дәстүрлі әдістеріне бағытталған, педагогикалық рефлексиялық әрекеттер қалыптаспаған.

Орта деңгейі - тұрақты қызығушылық пен пәнаралық сабақтастыққа деген көзқарасымен сипатталады; оған деген танымдық қызығушылық бастауыш мектеп білімінің табиғаты мен ерекшеліктері туралы педагогикалық білім негізінде қалыптаса бастайды, бірақ бұл білім үстірт және жүйеленбейді; білім беру салалары арасындағы сабақтастық қажеттілігін түсіну жеке емес; Педагогикалық рефлексиялық ұстаным пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы өзіндік үлесін білумен байланысты, жалпы мағынада көбірек назар аударумен, тұрақтылықпен, бастауыш мектепте білім беруді жүзеге асырудың тәсілдері мен оларды таңдауды білуімен сипатталады; пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру ниеті саналы және жеке мағынасы бар; оны өз тәжірибелерінде қолдау терең педагогикалық білімге негізделген, бірақ шығармашылық тұрғыдан ойлау арқылы қолдамайды.

Нәтижесінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда іс-әрекеттер дәстүрлі түрде іске асыруға бағытталған, ал педагогикалық рефлексия жеке стильді дамыту арқылы өзін-өзі растау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асырумен байланысты.

Жоғары деңгейі - кәсіби шеберлікті жетілдіру қажеттілігінің сенімділігімен сипатталады, бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады; кәсіби қызмет пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы педагогикалық білімге негізделген; рефлексиялық ұстаным талдау арқылы көкейтестілігі мен байланысты және өзіндік іс-әрекетті түзететін субъект ретінде қарастыра алады. Білім беру үдерісін жүзеге асыру арқылы шығармашылықты жасау, креативтіліктің туындауын қажеттілік және маңызды деп санайды.

Сонымен қатар, осы моделдің негізінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауды нысанға аламыз.



Сурет 6 - ЖОО пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Демек, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлау моделін қалыптастыру – күрделі түрде жүзеге асатын дәйекті үдеріс деп білеміз.

Жалпы жоғарыдағы модельдің мазмұндық компоненттерін талдау нәтижесінде, біз пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлау моделін жасап, оның құрылымдық-мазмұндық үлгісін ұсынамыз (сурет 6).

Әдістерді таңдау кәсіби білім беруді жетілдірудің негізгі үрдістерімен жүзеге асырылды, олар білім беру процесін студенттің білімді, біліктілікті және дағдыларды берік меңгеруіне ғана емес, оның жеке тұлғасын, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, ал ең бастысы - креативті өрісті қалыптастыруға бағыттауды талап етеді. Сонымен қатар, оқытудың кез-келген әдісі білім беру мазмұнының белгілі бір элементін меңгеруге бағытталуы мүмкін екені ескерілді. Болашақ педагогтарды ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты қамтамасыз етуге дайындаудың белгілі мақсатында анықталған дидактикалық үдерісті тиімді басқару мен оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін біз дайындаған диагностикасы мен әдістемесін қолдануды қарастырады.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты қамтамасыз ететін маманды кәсіби даярлау моделін қалыптастырудың әрбір кезеңінде олардың қалыптасу деңгейінің алғашқы, аралық және қорытынды диагностикасы қарастырылған. Алғашқы диагностикасының көмегімен бастапқы кезеңде студенттердің кәсіби дайындығының бастапқы үлгілерін қалыптастыру және хабардар болу деңгейі анықталады. Аралық диагностика ағымдағы кезеңде бастауыш мектеп мұғалімінің білімін меңгерудегі және кәсіби даярлық моделін қалыптастырудағы «бос орындарды» анықтайды. Оның нәтижелері модельдің қажетті кешенін дайындау және қалыптастыру үрдісін түзетуге мүмкіндік береді.

Моделді пайдалануда болашақ педагогтардың ЖОО-да сабақтастықты жүзеге асыруға дайындығының барабар деңгейін және жоғары оқу орнында оның сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ететін бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлық моделінің кешенінің қалыптасуын қамтамасыз етеді деп болжайды.

Біздің жұмысымызда, болашақ педагогтердің пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлау моделін қалыптастыру нәтижесі «педагогтың кәсіби дайындығы», «жоғары оқу орнындағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы педагогтың кәсіби даярлығы» мазмұнының көрінісі арқылы қаралатын болады.

Педагогтың кәсіби дайындығы субъекті кәсіби-педагогикалық білім жүйесін, кәсіби қызмет әдістемесін, қызметті шығармашылықпен жүзеге асыру тәжірибесін және педагогикалық мәдениетке мотивациялық-құндылық қарым-қатынасты игеруді және кәсіпқойландыру үдерісін түсіндіретіндіктен, педагогтың ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруға дайындығы тұлғаның осы қызмет түрін жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығын қамтитын, интегративті білімі болып табылады.

2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың диагностикасы

Диагностика білім алушының мотивациялық-мақсаттылық, тұлғалық шығармашылық қасиеттерінің қалыптасуын, студенттердің академиялық ұтқырлығына және олардың еңбек нарығында кәсіби даярлығы арқасында табысты бейімделуіне қол жеткізуге бағытталған, сонымен қатар олардың даму деңгейлерін анықтауға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық зерттеуге негізделген.

Жалпы біздің зерттеу жағдайымызда, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауды диагностикалау үшін *зерттеу әдістері* ерекше мәнге ие. Бұл жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудағы зерттеу әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. Себебі, кез-келген ғылымның дамуы қайнар көзі, оның әдістерінің нақтылығымен тікелей байланысты болмақ.

Ол бір жағынан, педагог тұлғасын жан-жақты зерттеудің қажеттілігімен және мұны бір әдістің көмегімен жасау мүмкін емес екендігі белгілі.

Екінші жағынан, педагогикалық мамандықты зерттеуде диагностикалық әдістер әлі де болса жеткіліксіз әзірленген, сондықтан да оңтайлы әдістер мен әдістемелерді анықтау қиындау соғатындығымен түсіндіріледі [161].

Сондықтан жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауды зерттеуде экспериментте қойылған міндеттерді шешу үшін және көзделген мақсатқа жету үшін біз төмендегідей әдістер мен зерттеу формаларын қолдандық:

Біздің диссертациямыздағы маңызды деп саналатын зерттеу әдістері – теориялық: философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау, «5В010200 -Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын талдау, педагогикалық тәжірибені зерделеу, алынған мәліметтерді талдау және синтездеу; эмпирикалық: педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу; эксперимент нәтижелерін математикалық талдау; эксперименттік мәліметтерді жүйелеу және түсіндіру.

Енді осы әдістердің әрқайсысына және оларды қолдану арқылы жүргізілген жұмыстарға қысқаша сипаттама беріледі. Кез-келген зерттеу *бақылаудан* басталады.

Зерттеу тақырыбымыз бойынша эксперименттік-тәжірибе жұмыстарында І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетіндегі бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттері іс-тәжірибелік сынақтан өткізілді.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысының мақсаты – жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығының моделі әзірленіп, оның мазмұндық компоненттерінің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы тексеру болып табылады.

Зерттеу бойынша эксперименттік-тәжірибе жұмыстарына 155 студент қатысты: эксперименттік топта «*5В010200* – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 80 студенті (І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетінен), бақылау тобында «*5В010200* – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 студенті (Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті) болды.

Эксперименттік-тәжірибе үш кезеңді қамтыды, олар: анықтау эксперименті; қалыптастыру эксперименті; бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті.

Анықтау экспериментінің мақсаты – жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығының алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, оқытудағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруға арқылы кәсіби модельді қалыптастыру үшін көрсетілген компоненттері *(мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық)* бойынша *жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың* деңгейлерін (төмен, орташа, жоғары) айқындау болып табылады.

Пәнаралық сабақтастық арқылы жүзеге асыру арқылы студенттерді кәсіби даярлау диагностикасы екі кезеңнен тұрады: студенттер сауалнамасының нәтижелерін талдау және әдістемелер кешенінің көмегімен жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығының қалыптасу деңгейін анықтау. Диагностиканың нәтижелері әр компонент бойынша жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығының қалыптасуын сандық және сапалы сипаттауға мүмкіндік береді. Ол негізгі элементтері: мақсаты, принциптері, оны іске асыру шарттары мен технологиясы және модельдің нәтижесі болып табылатын интеграцияланған жүйе болып табылады.

Осы орайда *жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау төмендегідей* әдістемелер мен сауалнамалар кешені айқындалды және пайдаланылды:

- сауалнама;
- Өзін-өзі таныту (А. Маслоу);
- «Жеке адамның жетістікке жету түрткісін диагностикалау» әдістемесі (Т. Элерс);
- кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін анықтауға *контент-талдау әдісі;*

- «Жеке адамның мотивациялық құрылымының диагностикалау» (В.Э.Мильман);
- Е.Е. Туниктің «Жеке адамның (креативтілік) шығармашылығын психодиагностикалау» тесті.

Кесте 7 - Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығының бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

Компоненттері мен өлшемдер	Әдістеменің аты
Мотивациялық-мақсаттылық компонент, өлшемі – мотивациялық құндылық қатынасы танымдық дербестігін қалыптастыру	1.Сауалнама; 2.Маслоудың «Өзін-өзі таныту» тесті 3.«Жеке адамның жетістікке жету қажеттілігін психодиагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс)
Мазмұндық-іс-әрекеттік компонент, өлшемі – теориялық білімнің болуы, ҒЗ кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыра білу	4.Кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін анықтауға *контент-талдау әдісі* 5.Сауалнама әдісі (ҒЗ іс-әрекетінде әлеуеттік маңыздылығын мойындау)
Бағалаушылық-рефлексиялық компоненті, өлшемі - тұлғалық табыстылық және тұлғаның креативтілік деңгейлері, кәсіби тұлғалық рефлексиясын бағалау	6.Сауалнама (кәсіби тұлғалық рефлексиясын бағалау); 7.Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның креативтілік шығармашылығын психодиагностикалау» тесті

Кестеде көрсетілген диагностикалық әдістемелердің көмегімен алғашқы алынған тәжірибелік мәліметтердің нәтижелерін қарастырамыз.

Сондықтан жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлығын дамыту бойынша айқындаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттері, моделдің мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерін, өлшемдері мен деңгейлерін бағалау көрсеткіштерінен алынған нәтижелері ашып көрсетіледі.

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау деңгейін анықтау үшін тәжірибелік және бақылау топтарының студенттеріне бес балдық жүйе бойынша өз қызметінде ұсынылды.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау деңгейін анықтау әдістемелерінің кешені тәжірибелік зерттеудің айқындаушы эксперимент кезеңінде қолданылды. Айқындаушы экспериментті зерттеу барысында ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ педагогты кәсіби даярлау деңгейін анықтау мақсатында тұлғалық мотивациялық табыстылығын зерттеу мақсатында студенттермен сауалнама жүргізілді. Сауалнама негізінде алғашқы алынған тәжірибелік мағлұматтар арқылы нақты қорытынды жасауға болатынын болжамдайды.

Бұл сауалнамада ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үрдісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау деңгейін анықтауда оқуда жетістікее жетуге жағдай жасаған және жетістікке ұмтылуға, жетістікке жетуге кедергі болған факторларды белгілеу ұсынылады.

Ең алдымен осы сауалнама бойынша студенттерден алынған нәтижелерге тоқталайық (кесте 8).

Кесте 8 – Анықтаушы эксперимент барысында бақылау және эксперименттік топ студенттерінің «Болашақ педагогты кәсіби даярлауда жетістікее жетуіне негіз болатын факторларын анықтау» сауалнамасы бойынша алынған нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Мамандық	Болашақ педагогты ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде кәсіби даярлауда оқуда жетістікке жетуіне негіз болатын факторлар	%	«Болашақ педагогты ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде кәсіби даярлауда оқуда жетістікке жетуіне кедергі келтіретін факторлар	%
1	2	3	4	5
Бақылау тобы (Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті)	Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтеді	27 (36%)	студенттердің ғылыми білім жүйесін табысты игеруі үшін қолайлы жағдайдың болмауы	26 (34,6 %)
	Ғылыми жұмыстарды орындаудағы қызығушылық	30 (40%)	АКТ жетіспеушілігі ғылыми жұмыстарды оңтайлы атқаруға кедергі болуы	19 (25,4%)
БОПжӘ 75 студенті)	ЖОО-да креативті, ізденімпаз оқытушылардың болуы	18 (24%)	Пәнаралық сабақтастықтың тапсырмалар жүйесін топқа, жұпқа немесе жекеге орындату барысында бірін-бірі топ жұмысына жұмылдыру, идеяларды ұсыну белсенді жұмысқа кірісуін қамтамасыз ете алатын жүйелі іс-шаралардың өткізілмеуі	30 (40 %)
Эксперименттік топ (І.Жансүгіров атындағы ЖМУ ПжПФ БОПжӘ 80 студенті)	Ақпараттық коммуникациялық технологиялары қолдану білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтеді	18 (22,5%)	Студенттердің ғылыми білім жүйесін табысты игеруі үшін қолайлы жағдайдың болмауы	24 (30%)
	Тұрақты бақылау;	20 (25 %)	Пәнаралық сабақтастыққа қатысты іс-шаралардың жүйелі түрде өткізілмеуі;	13 (16,25%)

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Студенттердің кәсіби дамуына мән беретін оқытушылардың болуы	26 (32,5%)	ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде кәсіби даярлауға қатысты тренингтер мен семинарлардың жүйелі түрде өткізілмеуі	24 (30%)
	Ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысты іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы	16 (20%)	Жаңа білім беру бағдарламасы аясында студенттерге кәсіби даярлауда ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты конференциялардың т.б. жүйелі өткізілмеуі	19 (23,75%

Осы сауалнама негізінде айқындаушы эксперимент барысында «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің бақылау тобындағы студенттердің жетістікее жетуге үлес қосатын факторларына: Ақпараттық коммуникациялық технологиялары қолдану білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтеді 36%; ғылыми жұмыстарды орындаудағы қызығушылық 40%; ЖОО-да креативті, ізденімпаз оқытушылардың болуы деп 24% есептеді. Ал, «Болашақ педагогты ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде кәсіби даярлауда оқуда жетістікке жетуіне кедергі келтіретін факторлар кейбір студенттердің ғылыми білім жүйесін табысты игеруі үшін қолайлы жағдайдың болмауы 34,6%; АКТ жетіспеушілігінің ғылыми жұмыстарды оңтайлы атқаруға кедергі болуы 25,4% пайызды, пәнаралық сабақтастықтың тапсырмалар жүйесін топқа, жұпқа немесе жекеге орындату барысында бірін-бірі топ жұмысына жұмылдыру, идеяларды ұсыну белсенді жұмысқа кірісуін қамтамасыз ете алатын жүйелі іс-шаралардың өткізілмеуі 40% пайызды құрады.

Айқындаушы экспериментте эксперименттік топты құрайтын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 80 студентінің «Болашақ педагогты ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде кәсіби даярлауда оқуда жетістікке жетуіне негіз болатын факторларына зерттелушілердің 22,5%-пайызы ақпараттық коммуникациялық технологиялары қолдану білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтеді, тұрақты бақылау-25%; студенттердің тұлғалық дамуына мән беретін оқытушылардың болуы – 32,5%; ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысты іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы -20% деп жетістікке жетуге негіз болатын факторларын атап өтті. Эксперименттік топта зерттелушілердің оқу орнындағы студенттердің ғылыми білім жүйесін табысты игеруі үшін қолайлы жағдайдың болмауы -30%; пәнаралық сабақтастықтың қатысты іс-шаралардың жүйелі түрде өткізілмеуі;-

16,25%, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде кәсіби даярлауға қатысты тренингтер мен семинарлардың жүйелі түрде өткзілмеуі - 30%; жаңа білім беру бағдарламасы аясында студенттерге кәсіби даярлауда ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты конференциялардың т.б. жүйелі өткізілмеуі 23,75% пайызы деген сияқты аталмыш факторларды болашақ педагогты ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде кәсіби даярлауда оқуда жетістікке жетуіне кедергі келтіретін факторлар болады деп атап өткен.

Айқындаушы эксперименттік зерттеудің 2-кезеңінде ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында тұлғаның танымдық қызығушылықтарын қалыптасуын және меңгеруін білдіретін кәсіби мәнді сапаларын зерттедік.

Бұл кезеңде студенттердің көп мәнді тұлғалық ерекшеліктерін анықтайтын Маслоудың «Өзін-өзі таныту» тесті қолданылды. Бұл тест бойынша айқындаушы эксперименттен алынған орта арифметикалық көрсеткіштер 9-кестеде көрсетілген.

Кесте 9 – Айқындаушы эксперименттен кейін анықталған студенттерінің өзін-өзі таныту параметрлерінің орта арифметикалық көрсеткіштері

Эксперимент түрлері	Өзін-өзі таныту параметрлері				
	Құндылықты қ бағдарлар	Мінез-құлық икемділігі	Қарым-қатынас	Танымдық қажеттіліктер	Креативтілік
Айқындаушы эксперимент	5,5	5,2	4,4	4,4	4,4

Біз бұл тестінің өз зерттеу мақсатымызға сәйкес ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында тұлғаның қарым-қатынастағы өзін-өзі таныту ерекшеліктерін анықтайтын 8 шкаласы (соның ішінде сәйкес 5 шкала) - құндылықтық бағдарлар, мінез-құлық икемділігі, карым-қатынасы, танымдық қажетіліктер мен креативтілік шкалалары бойынша зерттеу жүргіздік. «Өзін-өзі таныту» тесті бойынша алынған нәтижелерге негізделе отырып, біз зерттелуші студенттердің айқындаушы экспериментте анықталған ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында өзін-өзі таныту деңгейінің пайыздық мөлшері анықталды.

Кесте 10 - Студенттердің айқындаушы экспериментте анықталған өзін-өзі таныту деңгейінің пайыздық мөлшері

Шкалалар	Деңгейі		
	Жоғары	Орташа	Төмен

10 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
	Зерт-р саны	%	Зерт-р саны	%	Зерт-р саны	%
Құндылықтық бағдарлар	21	14	72	46	62	40
Мінез-құлық икемділігі	25	16,2	49	31,6	81	52,2
Қарым-қатынас	12	7,8	56	36	87	56,2
Танымдық қажеттіліктер	20	12,9	65	29	70	45,1
Креативтілік	23	15	64	42	68	43

Зерттелушілердің өзін-өзі таныту сипаттамаларының нәтижелерінің талдауы көрсеткендей, олардың 40 % «Құндылықтық бағдарлар» шкаласы бойынша төмен нәтижеге көрсетіп, өзін-өзі танытатын жеке адам құндылықтарына сай келмейтіндігін білдірді. Зерттелушілердің 46 % өзін-өзі танытатын жеке адам құндылықтарын жартылай бөлісетін болса, ал 14 % пайызы ғана осындай құндылықтарды жоғары қабылдайтынын таңытты

Зерттелушілердің «Мінез-құлық икемділігі» шкаласы бойынша алынған нәтижелерден, олардың 52,2% бұл шкаладан төмен балл, өзгермелі жағдайларда ортаға бейімделу қабілеттерінің төмен екендігін көрсетті. Зерттелушілердің 31,6 % пайызы ғана, осындай қабілеттердің тек орташа деңгейді, ал 26,2% пайызы ғана жоғары деңгейін көрсете алды.

«Қарым-қатынас» шкаласы бойынша 56% пайызы студенттердің субъект-субъектілік қарым-қатынасты орнатуға деген икемділіктері мен дағдыларының төмендігін білдірсе, 7,8 % пайзы студенттерде осы икемділіктің жоғары деңгейде қалыптасқандығын танытты. Ал 36 %- пайызында карым-қатынас орташа деңгейде екендігін көрсетті.

Респондент студенттердің «Танымдық қажеттіліктер» шкаласы бойынша 45,1 % пайызын көрсетті. «Креативтілік шығармашылық » шкаласынан төмен балл алуы олардың шығармашылыққа қызығушылықтарының 43% пайыз төмен екендігін танытты. 42% пайызы студенттердің қызығушылықтары орташа деңгейде екендігін көрсетсе, ал тек 15 % пайызы ғана таным мен шығармашылыққа жағымды қарым-қатынасы, олардың шығармашылығын көрсетті.

Үшінші кезекте анықтау эксперименті барысында 2016-2017 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған І. Жансүгіров атындағы ЖМУ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 80 студентінің және бақылау тобына қатысқан Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 студентінің мотивациялық – мақсаттылық компоненті бойынша деңгейлерін айқындау мақсатында Т.Элерстің *«Жеке адамның жетістікке жетуі мотивациясын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша зерттеу жүргізілді.*


Зерттеу нәтижесінде субъектілердің жетістікке жетуге деген көзқарастары орташа екендігін байқауға болады. Жетістікке жетуге деген қажетттіліктің

жоғары деңгейін дұрыс көретіні анықталды. Респонденттердің берген жауаптарына орай Т. Элерстің әдістемесінің кілтіне сәйкес, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында студенттердің оқуда жетістікке жету мотивациясын сандық және сапалық тұрғыда талдау жасалынды. Тәжірибеден алынған алғашқы мәліметтер төменде көрсетілген 11-кестеде бейнеленген.

Кесте 11 – Анықтау эксперименті бойынша 2016-2017 оқу жылындағы 2-ші курс студенттерінің Т. Элерс әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (75 студент)	Эксперименттік топ (80 студент)
Тым жоғары (22 және одан көп)	1 (1,3%)	0 (0%)
Жоғары (18-21)	2 (2,6%)	4 (5%)
Орта (12-17)	25 (33,1 %)	23 (29%)
Төмен((1-11)	47 (63%)	53 (66%)

Анықтау экспериментінің көрсеткіштерін Т. Элерс әдістемесін зерттеу мақсатымызға орай модификациялап ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында жетістікее жету мотивациясы бойынша тым жоғары, жоғары, орташа, төмен деңгейлері негізінде өлшемдеріне сүйене отырып, бақылау тобы мен эксперименттік топтарының пайыздық салыстырмалы көрсеткіштері диаграммада келтірілді (сурет 7).



Сурет 7 - Анықтау эксперименті бойынша 2016-2017 оқу жылындағы 2-ші курс студенттерінің Т. Элерс әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау барысында жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Бұл диаграммадан байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында жетістікке жету қажеттілігі, оған ұмтылу мотивациясының әлі де кемшін тұстары барын танытты. Бақылау топтары бойынша жетістікке жетудің орташа көрсеткішін 33,1% пайызы, және эксперименттік топ бойынша оқуда жетістікке жету мотивациясының қажеттілік көрсеткіші 29% пайызын қамтамасыз етті.

Аталмыш әдістеме бойынша алынған эмпирикалық мәліметтердің интерпретациясы жетістікке жетудің қажеттілік мотивациясы төмен студенттер қорғану мотивациясын ұстанады. Мұндай қажеттіліктер адамның кез-келген іс-әрекетте жетістікке жетуге ұмтылысын немесе мақсатына жетуіне жағымсыз әсер ететінін ескергеніміз жөн.

Зерттеуде ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында студенттердің білім алдуа жетістікке жетуіне орташа бағдарланып, тәуекел ету деңгейі орташа болды.

Төртінші кезекте анықтау экспериментi барысында 2017-2018 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған І. Жансүгіров атындағы ЖМУ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 80 студентінің және бақылау тобына қатысқан Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 студентінің мазмұндық-іс-әрекеттік компоненті бойынша теориялық білім деңгейлерін айқындадық. Осыған орай, диагностикалау мақсатында анықтаушы экспериментке қатысушыларды ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау барысында әртүрлі іс-әрекетте: оқу, аудиториядан тыс, ғылыми және тәрбие жұмыстары арқылы *бақыладық.* ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлығын анықтауда мазмұндық іс-әрекеттік компоненті бойынша студенттердің теориялық білімінің көрінуін оқу іс-әрекеті және оқудан тыс жұмыстарға белсенді қатысып сәттілікке ұмтылуларынан байқадық.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау мәселесі бойынша студенттердің кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін *контент-талдау әдісі* негізінде кездесу жиілігін анықтауға мүмкіндік берді (кесте 12).

Кесте 12 - Айқындаушы экспериментте бақылау тобы бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлығын айқындау бойынша оқыту семинарлары негізінде студенттердің кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінің кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері (%)

Студенттердің кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері	Кездесу жиілігі							
	ақпараттың жаңашылдығы	кәсіби біліктілігін арттыру	қызығушылығы	өз білімін бағалацуы	жаңа ғылымды игеру, ғылыми ұмыстың тиімділігін байқау	бағыт-бағдар беру	өз ойын еркін жеткізу	белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі
Проблемалық оқыту әдісі	32	44	14	44	19	9	9	14
Топтық жұмыс	40	32	12	16	14	56	47	17
Эссе	23	14	12	26	28	43	36	15
Рөлдік ойындар	45	35	19	17	16	14	45	11
Ақпараттың толық болуы	30	25	45	19	40	17	26	41
ώ%	34,8%	29,2%	48,8%	29,8%	21,8%	40%	36,6%	48,2 %

Айқындаушы экспериментте бақылау тобына қатысқан Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 студентінің мазмұндық іс-әрекеттік компоненті бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау негізінде студенттердің кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінің кездесу жиілігінің 29,2 % пайызын құрап, белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі 48,2 % пайызын құрады. Оқытушылардың бағыт-бағдар беруі 40% пайызын құрайды. Қызығушылықтары 48,8 % пайызын құрады және пайызын қамтыды (кесте 13).

Айқындаушы экспериментте эксперимент тобына І. Жансүгіров атындағы ЖМУ «БОПмӘ» мамандығының 80 студентінің мазмұндық іс-әрекеттік компоненті бойынша ЖОО-да студенттің кәсіби даярлығын айқындау негізінде проблемалық-оқыту семинарлары өткізіліп, студенттердің кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінің кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері кәсіби біліктілігін арттыру 25 % пайызын құрады, белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі 45,2 % пайызын құрады. Оқытушылардың бағыт-бағдар беруі 38% пайызын құрайды. Қызығушылықтары 47 % пайызын құрады және пайызын қамтыды.

Кесте 13 - Айқындаушы экспериментте эксперимент тобы бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлықты қалыптастыру бойынша студенттердің кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінің кездесу жиілігі пайыздық көрсеткіштері (%)

Студенттердің	Кездесу жиілігі

13-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері	Ақпараттың жаңашылдығы	Кәсіби біліктілігін арттыру	қызығушылығы	өз білімін бағалацуы	жаңа ғылымды игеру, ғылыми жұмыстың тиімділігін байқау	Бағыт-бағдар беру	өз ойын еркін жеткізу	Белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі
Проблемалық оқыту әдісі	28	41	21	42	17	14	12	24
Топтық жұмыс	30	29	15	19	11	46	56	7
Эссе	23	25	9	21	8	38	46	5
Рөлдік ойындар	15	15	11	14	24	12	15	11
Ақпараттың толық болуы	42	21	38	18	45	14	6	41
ώ%	34,8%	25%	47%	29,8%	45%	38%	36,6%	45,2%

Бесінші кезекте анықтау эксперименті барысында сауалнама жүргізу барысында ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында даму нәтижелерінің жаңартылған білім беру аясында *қоғамдағы кәсіби* маңыздылығын мойындау жағына құндылық бағдарлаудың доминанттарының ауысуы атап өтілді. «Студенттердің практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері құнды және пайдалы деп санайсыз ба?» деген сауалға студенттердің жауаптары (бұдан әрі үш жауаптан артық емес таңдау құқығы бар позициялар тізбесі ұсынылды) берілген (кесте 14).


Кесте 14 - Айқындаушы экспериментте сауалнама нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтары зерттеушілерінің 1 жыл ішінде ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында *қоғамдағы кәсіби* маңыздылығын мойындау динамикасының пайыздық көрсеткіштері %

Жауап нұсқалары	Зерттеушілер саны %			
	Эксперименттік тобы (80 студент)		Бақылау тобы (75 студент)	
	1-жыл	2-жыл	1-жыл	2-жыл
1	2	3	4	5
Студенттің өзі	30	19	34	30
Курстас құрбыларының жауаптары	19	14	7	4
Осы қызметтің нәтижелерін өздерінің ғылыми әзірлемелерінде пайдалана алатын оқытушылар	13	15	10	14

14-кестенің жалғасы


1	2	3	4	5
Білім беру мәселелерін шешуге тырысатын педагогтардың қауымдастығы	0	6	1	0
Педагогикалық ғылым	0	16	0	8
Әсіресе, ешкім үшін	6	10	7	7
Жауап беруге қиналамын	12	0	15	12

Кестеде берілген деректер арнайы құрылған педагогикалық жағдайларда оқыған студенттер үшін өнімді (ғылыми-зерттеу) қызметке қатысуға қатысты өз ұстанымын айқын анықтауға тән.



Сурет 8- Айқындаушы эксперименттегі сауалнама нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтары зерттеушілерінің 1 жыл ішіндегі ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде ЖОО –да пәнаралық сабақтастық арқылы кәсіби даярлығының *қоғамдағы кәсіби* маңыздылығын мойындау динамикасының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Осылайша, зерттеу қызметінің нәтижелері өздерінің кәсіби өзін-өзі іске асыруының құрамдас бөлігі ретінде олар үшін жеке маңызы бар деп ойлайтын студенттер саны екі еседен астам өсті. Жүргізілген студенттік зерттеулердің нәтижелері оқытушылардың ғылыми жұмысындағы шынайы және өзекті деректер ретінде пайдаланылуы мүмкін деп ойлайтындардың саны үш есеге дерлік өсті.



Сурет 9 - Айқындаушы эксперименттегі сауалнама нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтары зерттеушілерінің 2 жыл ішіндегі ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында ЖОО –да пәнаралық сабақтастық арқылы кәсіби даярлығының *қоғамдағы кәсіби* маңыздылығын мойындау динамикасының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы


Әрбір бесінші сұралған студент педагогикалық қоғамдастық үшін өзінің зерттеу қызметі нәтижелерінің практикалық маңыздылығын сезінуге мүмкіндік алды, әрбір үшіншісі өз зерттеулерінің ғылыми маңыздылығын мойындауға негіз болды. Бақылау тобы бойынша деректер ұсынылған жауаптардың барлық нұсқалары бойынша елеусіз өзгерістер орын алғанын, мүмкін, стихиялық процесс ретінде көрініс тапты. Өзіндік танымдық іс-әрекетін жүзеге асыруға байланысты ЭӘЖ қатысушы-студенттердің мазмұндық іс-әрекеттік компонентінің бағдарлары өзгерістерге ұшырады (кесте 15).

Кесте 15 - Айқындаушы эксперимент барысында эксперимент және бақылау топтары бойынша алынған сауалнама бойынша студенттердің 1 жыл ішіндегі ҒЗЖ мотивациясының пайыздық көрсеткіштері %

Жауаптары	Зерттеушілер саны, %			
	ЭТ (80 студент)		БТ (75 студент)	
	1-ші жыл	2-ші жыл	1 - ші жыл	2-ші жыл
1	2	3	4	5
Оқытушының (ғылыми жетекшінің) талаптарын орындау	25 (32 %)	16 (20%)	8 (11%)	18 (24%)
Бір кездері пайдалы болуы мүмкін қызметті игеруге тілек	2 (2,5%)	6 (7,5%)	2 (3%)	8 (10,8%)
Мен мұны өзімнің кәсіби дамуымның бір бөлігі ретінде қарастырамын	11 (14 %)	7 (8,75%)	5 (6%)	9 (12%)
Менің өмірлік жоспарым ғылыми жұмыспен байланысты	8 (10%)	14 (17,5%)	6 (8%)	11 (14,6%)


15-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Менің ойымша, зерттеу іскерліктерін меңгеру өмірлік маңызды мәселелерді шешуде маған көмектеседі	2 (2,5%)	5 (6,25%)	0	6 (8%)
Әсіресе, ештеңе жоқ	4 (5%)	8 (10%)	21(28%)	10 (13,3%)
Жауап беруге қиналамын	28 (34%)	24 (30%)	33 (44%)	13 (17,3%)



Сурет 10- Айқындаушы эксперимент барысында эксперимент және бақылау топтарынан алынған сауалнама бойынша студенттердің 2 жыл ішіндегі ҒЗЖ мотивациясының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Айқындаушы экспериментте екінші жылдың соңына қарай ЭӘЖ - ға қатысқан студенттердің өзіндік кәсіби қалыптасуының маңызды факторы ретінде өзіндік зерттеу қызметіне ішкі мотивация мен көзқарасты басым сипаттайды.



Сурет 11 - Айқындаушы эксперимент барысында эксперимент және бақылау топтарынан сауалнама бойынша алынған студенттердің 1 жыл ішіндегі ҒЗЖ мотивациясының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Сонымен қатар, зерттеу қызметінің креативті дағдыларын меңгеруді өмірде жетістікее жетумен байланыстыруға бейім студенттердің саны эксперименттік топта аз мөлшерде болса да өсті (2-пайыздан 6,25% пайызға дейін), тіпті ол нақты кәсіби-педагогикалық қызмет саласымен ұштаспайтын болса да. Сыртқы уәждемені көрсеткен студенттердің саны нөлге жетті.

Бақылау тобында, алдыңғы жағдайдағыдай, креативті қызметті дамытуға байланысты мотивация мен өмірлік жоспарлардың көрінетін өзгерістері болған жоқ.


Алтыншы *кезекте* анықтау эксперименті барысында 2016-2017 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған І. Жансүгіров атындағы ЖМУ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 80 студентінің және бақылау тобына қатысқан Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 студентінің бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша тұлғалық табыстылық және тұлғаның креативтілік деңгейлерін кәсіби тұлғалық рефлексиясын бағалау мақсатында сауалнама құрастырып айқындадық.

Айқындаушы экспериментте ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы рефлексивтік-бағалау компоненті бойынша *кәсіби даярлау динамикасын бағалауға мүмкіндік беретін кәсіби креативтілік деңгейін анықтау үшін* эксперименттік және бақылау топтарының студенттеріне сауалнама толтыру ұсынылды.

Осыған ұқсас үрдістер студенттердің рефлексирленетін жеке жаңадан пайда болуына қатысты сауалнама сұрағына жауаптарда да байқалады. Екінші жылдың соңына қарай ЭЭН-ға қатысқан студенттерде бұл жаңа өсуі ерекше көрсетілген (кесте 16).

Кесте 16 - Айқындаушы эксперимент нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтарының 1 және 2 жыл ішіндегі студенттерінің тұлғалық рефлексия динамикасының пайыздық көрсеткіштері

Жауап	Зерттеушілер саны, %			
	Эксперименттік тобы (80)		Бақылау тобы (75)	
	1-ші жыл	2-ші жыл	1 - ші жыл	2-ші жыл
Мен ерекше, стандартты емес шешімдер қабылдауды талап ететін мәселелерді шешуде дербес боламын	27 (34%)	29 (36,25%)	19 (25,5%)	20 (27,2%)
Менің қызықты адамдармен кәсіби байланыстарым көбірек пайда болды	15 (18,5%)	17 (21,25%)	14 (19%)	15 (20%)
Менің көбірек білуіме себептер бар	12 (15%)	12 (15%)	20 (26,6%)	21 (28%)
Мен жақсы оқыдым	12 (15%)	12 (15%)	9 (12%)	10 (13,3%)
Мен өмірімде өзімді сенімді сезінемін	7 (8,75%)	8 (10%)	4 (5%)	4 (5%)
Мен бұрын түсінбегендердің көпшілігін түсіне бастадым	4 (5%)	1 (1,25%)	3 (4%)	2 (2,6%)
Ешқандай ерекше өзгерістер болмайды	1 (1,25%)	1 (1,25%)	2 (2,6%)	1 (1,3%)
Жауап беруге қиналамын	2 (2,5%)	0 (%)	4 (5,3%)	2 (2,6%)



Сурет 12- Айқындаушы эксперимент барысында сауалнама нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтарының 1 және 2 жыл ішіндегі студенттерінің тұлғалық рефлексия динамикасының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Өзін-өзі бағалау өсуінің жалпы үрдісі өзіне кәсіби дайындықты жеке басының сапасы ретінде қалыптастырумен ұштасқан барлық ұстанымдар

бойынша: дербестік, кәсіби байланыстардың әртүрлілігі, өз күшіне сенімділік, күрделі өмірлік жағдайларды түсіну қабілеті. Әсіресе, эксперименттік топта сұралғандардың тек 3%-ы ғана болып жатқан өзгерістерді байқамайды.

Айқындаушы эксперименттің бақылау тобында, алдыңғы жағдайлардағыдай, кәсіби даярлық көрсеткіштерінің біршама өсуі байқалады, бірақ ол айтарлықтай аз дәрежеде көрінеді және барлық көріну бойынша, өсудің және өмірлік тәжірибе алудың жалпы процестерімен байланысты. Диагностика циклін студенттердің кәсіби даярлығының айқындаушы экспериментте қалыптасу критерийі бойынша педагогикалық үдерістің тиімділігін жалпы бағалауды анықтау аяқтады. Келтірілген мәліметтер студенттердің кәсіби дайындық көрсеткіштерінің өсуін, олардың мәселелерді тұжырымдауға, шешуге және қабылданған шешімдердің негізділігін дәлелдеуге дайындығын сипаттайтын барлық негізгі көрсеткіштер бойынша куәландырады. Абсолюттік сандарда студенттердің кәсіби шеберлігі мен қабілеттерінің жылдамдатылған деңгейі өте жоғары, алайда оның өсу қарқыны құрылған педагогикалық жағдайларда кәсіби дайындықты қалыптастыру процесі жоғары оқу орнында жүретінін көрсетеді.

Педагогикалық диагностика нәтижелері студенттерді оқытудың жасалған шарттарының тиімділігін сипаттады.

Студенттердің сауалнамалық мәліметтерінің нәтижелері бойынша алынған мәліметтерді салыстыра отырып, біз эксперименталды және бақылау топтарында студенттердің пікірлерінде өзгерістер болғанын анықтадық. Алайда эксперименттік топтарда өзгерістер айтарлықтай.

Сауалнама нәтижелерін талдау және әңгімелесу сұрақтарын нақтылайтын сұрақтар эксперименталды топ студенттерінің 69,4%-да және бақылау тобының 54,1%-да ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлаудың маңыздылығын бірыңғай білім беру жүйесінде тұлғаның біртұтас даму талаптарымен байланыстырылатынын көрсетті. Өз таңдауын дәлелдей отырып, студенттер зерттеудің айқындаушы экспериментінің айқындау кезеңінде алынған алғашқы эмпирикалық жауаптардан сапалы ерекшеленетін маңызды дәлелдерді келтірді.

Мысалы, студент О. білім беру жүйесінің негізгі регламенттеуші актілерінің ережелеріне сүйене отырып, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби дамудың маңыздылығын дәлелдеп берді. Ал студент А. мемлекеттік деңгейде қабылданған нормативтік құжаттарға сүйене отырып, бұл үрдістің маңызын анықтады.

Жетінші *кезекте* анықтау эксперименті барысында 2016-2017 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған І. Жансүгіров атындағы ЖМУ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 80 студентінің және бақылау тобына қатысқан Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 студентінің бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша тұлғалық жетістікке жету және жеке адамның креативтілік шығармашылық деңгейлерін кәсіби тұлғалық рефлексиясын бағалау

мақсатында сауалнама Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» тесті арқылы жүргізілді.

Нұсқаулық. Бұл әдістің көмегімен креативті, шығармашыл адам екеніңізді білуге болады. Сауалнамада берілген сипаттамалардан басқасына қарағанда өзіңізге керектісін таңдайсыз. Әрқайсысына көп ойланбастан жауап беруге тырысамыз. Бұл жерде дұрыс немесе дұрыс емес жауаптар болмайды. Берілген мәтінді оқи отырып, ойыңызға алғашқы келген жауабын белгілеу керек. Бұл тапсырмада шектеуі жоқ, бірақ та да жылдамырақ жауап береміз. Әр сөйлемге жауап беру барысында әр кім өзіне керектісін бағанға «+» белгісін белгілеу керек!

Мәліметтерді өңдеу

Сауалнама мәліметтерін сараптау кезінде жеке адамның креативті шығармашылықпен өзара байланысын көрсететін екі фактор алынды. Оған кіретіндер: Білімге деген құштарлық (Қ), тәуекелге етуге бейімделу (Б). Әр фактор ретінде екі өңделмеген көрсеткіштердің жалпы қосындысын алып қарастырамыз.

Мәліметтерді өңдеу кезінде тест рецензенттердің берген жауаптарын кілтпен салыстыру керек.

Кілт

Тәуекел етуге бейімділігі (жауаптарын 2 баллмен бағалау)

а) + : 1,2,4, 5, 15, 21,22,25,28,29, 33,40,41,43,46, 48;

б) -теріс жауаптар: 3, 6, 9, 10, 11, 12, 19,20,23,24, 30,31,34, 35,39,42.

в) «мүмкін» сұрақтардың жауаптары 1 балл

г) сұрақтарға «білмеймін» деген жауаптарына 1 балл

Білімге құштарлық (жауаптарына 2 баллмен есептелінеді)

а) оң жауаптар: 7, 8, 11, 13, 14,15,16,17,18, 25,26,27, 32, 36,37, 38, 47, 49.

б) теріс жауаптар: 50

в) «мүмкін» деген барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл.

Айқындаушы экспериментте ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы рефлексивтік-бағалау компоненті бойынша *кәсіби даярлау динамикасын бағалауға мүмкіндік беретін кәсіби креативтілік шығармашылық деңгейін анықтау үшін* эксперменттік және бақылау топтарының студенттеріне, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық деңгейін анықтауда қолданылған аталмыш әдістеме нәтижелері бойынша зерттелуші студенттердің жауаптары үшін берілген ұпайлар қосындысы сауалнаманың кілті арқылы есептелінеді. Олай болса, анықтаушы эксперименті бойынша 2016-2017 оқу жылында болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне Е.Е. Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» сауалнамасы бойынша шығаршылық ойлау тестісінен алынған эмпирикалық алғашқы зерттеу нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштері *алынады.*

Айқындаушы эксперименттің 2-ші кезеңінде шығармашылық белсенділік деңгейін диагностикалау үшін жүргізілген «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» сауалнамасын сандық және сапалық мәліметтерін салыстыра отырып, оның барлық креативтілік факторлары


бойынша белгіленіп анықталды. Білімге құмарлық критерийі бойынша алынған көрсеткіш бақылау тобында алынған эмпирикалық алғашқы сандық және сапалық мәліметтердің көрсеткіштері эксперимент тобына салыстырғанда нәтижелердің көрсеткіштері біршама төмен.

Кесте 18-Анықтаушы экспериментті бойынша 2016-2017 оқу жылындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру мақсатында Е.Е.Туниктің ««Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» сауалнамасынан алынған креативті шығармашылықтың пайыздық көрсеткіштері (%)

Көрсеткіштері	Бақылау тобы (75 студент)			Эксперименттік топ (80 студент)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Тәуекел етуге бейімділігі (ТЕБ)	21 (28%)	19 (25,4 %)	35 (46,6 %)	17 (27,9%)	19 (25,05 %)	44 (47,05%)
Білімге құмарлық (БҚ)	26 (34,6%)	16 (21,4%)	33 (44%)	25 (31,25%)	22 (27,5%)	33 (41,25%)


Анықтаушы эксперименттегі Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» саулнамасы бойынша 2016-2017 оқу жылындағы бақылау тобында ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* студенттердің ішінен ТЕБ 21 зерттелушінің 28 % пайызын төменгі даму деңгейлері 35 зерттелушіні 46,6% пайызы басымырақ көрсеткіштерді атап көрсетті. Ал эксперименттік топта 27,9%, орташа деңгейі ретінде 25 % қамтамасыз етілсе, төменгі көрсеткіші ретінде 44 адамның пайызының көрсеткіштері диаграммада беріліп отыр. Бақылау тобына байланысты БҚ көрсеткіші бойынша 34,6% көрсетті. Даму деңгейі орташа көрсеткішін танытқан 16 адамнан -21,4% байқатты. Сонымен қатар, төменгі даму көрсеткіші бойынша 33 адамның 44% көрсетеді. Ал эксперимент тобында 25 адамның 31,25% қамтыды. Орташа деңгейі бойынша көрсеткіші 22 адамнан 27,5% , төменгі деңгейі бойынша 3 студенттен 41,25% қамтамасыз етті.

Анықтаушы эксперимент бойынша бақылау және эксперимент тобындағы ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» сауалнамасынан алынған креативтілікті шығармашылықтың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі суретте айқын көрсетілген (сурет 13).



Сурет 13 – 2016-2017 оқу жылындағы бақылау тобындағы ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті шығармашылықтарының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Анықтау экспериментінің көрсеткіштерін жоғары, төмен, орта деңгейлері негізінде өлшемдері алынып, екі зерттелуші топтардың салыстырмалы диаграммалары келтірілген (сурет 13). Онда байқағанымыздай, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* креативті шығармашылық ойлауының әлі де қалыптаспағандығын байқатты.



Сурет 14 – Анықтаушы эксперимент бойынша 2016-2017 оқу жылындағы эксперименттік топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* Е.Е.Туниктің сауалнамасы бойынша пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Сондықтан зерттеу барысындағы алынған мәліметтерге сүйене отырып, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің модельдегі компоненттері бойынша (мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық) бойынша сипатталды.

Айқындаушы эксперимент барысында бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша қосымша сауалнамалар жүргізілді. Эксперименталды

топтарда педагог қызметін аса маңызды емес деп санайтын студенттер саны азайды. Егер зерттеудің 1 жылында бастапқы кезеңінде осы студенттердің саны 15,7% - ды құраса, 2 жылында тек 9,8%-ды құрады.

Сондай-ақ, респонденттер сабақтастықтың мәнімен ойланбағанын куәландыратын студенттердің жауаптарының саны азайды. Айқындаушы эксперименттің 1 жылында бұл студенттердің жауаптары 28,4% - ды құрады, ал 2 жылында эксперименттен кейін -14,8%, бұл студенттердің осы қызмет түріне деген қызығушылығын ынталандыру және қолдау бойынша атқарылған жұмыстың тиімділігін растайды.

Айқындаушы экспериментте ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы міндеттерді шешуге бағытталған қызметтің ерекшелігіне қатысты студенттердің ұсыныстары да айтарлықтай өзгерді. Эксперименталды топ студенттерінің 52,9% -ы және бақылау тобы студенттері 50,7%-ы педагогтардың бұл қызмет түрін ерекше деп санайды.

Эксперименталдық топ студенттерінің 37,3% және бақылау тобы студенттерінің 50% ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы тапсырмаларды шешуді, алынған нәтижелерге сүйенсек, студенттер біздің ойымызша, пәнаралық сабақтастықтың міндеттерін шеше отырып, білім берудің келесі сатысының талаптарына, ол жүзеге асыратын қызмет түрлері мен бағыттарына бағдарлануы керек деп санайды.

Бақылау тобында осы көрсеткіштер бойынша студенттердің ұсыныстарының динамикасы да бар, бірақ ол маңызды емес. Орын алған өзгерістер тек бір немесе басқа сөйлемнің пайдасына сандық ауытқуды көрсетеді, бірақ ұсыныстардың мазмұны аса терендетілмегендігін көрсетеді. Мысалы, *Қазақстан Республикасында білім беруді жаңарту мазмұнына сәйкес пәнаралық сабақтастықтың мәнін неғұрлым толық ашатын ұғымды таңдау туралы сауалнама* мәселесі бойынша, бастапқы кезеңде екі жауапты таңдаған студенттер санының азаюы есебінен бір немесе басқа ұғымды қалайтын студенттер санының көбеюін көрсетеді. Осылайша, айқындаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында бақылау тобында бірінші ұғымға студенттердің 26,5%-ы артықшылық берілді, 2 жыл соңында бұл ұғымды студенттердің 29,4%-ы таңдады. Екінші ұғым айқындаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында бірінші кезеңінде бақылау тобы студенттерінің 11,8% - ы атап өтті. Студенттердің бірінші және екінші жауап нұсқасын таңдау санының динамикасына байланысты екі ұғымды толық санайтын бақылау тобының студенттерінің пайызы 0,58% - ға азайды.

Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда студенттердің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлі де қалыптаспағандығын көрсетті. Сондықтан біз өз зерттеуімізде болашақ маман ретінде студенттердің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлаудың* алғы шарты ретінде оқудан тыс жұмысты жүргізуге дайындығының жоғары деңгейде болуын талап еттік.

Диагностикалау барысында анықтау экспериментінің мақсатына сәйкес жүргізілген сауалнама және қолданылған әдістемелер нәтижесі оқу, оқудан тыс әрекеттер негізінде бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдері бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығының даму деңгейлері төмендегідей анықталды.

Студенттердің мотивациялық-мақсаттылық компоненті бойынша, өлшемі – мотивациялық құндылық қатынасы деңгейі бақылау тобында 28% - жоғары, 46% – орта, 26% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің мотивациялық құндылық қатынасы деңгейі 24%- жоғары, 30% - орта, төмен деңгей көрсеткіші 46% құрайды.

Мазмұндық іс-әрекеттік компонент бойынша – теориялық білімнің болуы бақылау тобы студенттерінің 27% - жоғары, 48% – орта, 25% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің теориялық білімнің болу деңгейі 27%- жоғары, 23% - орта, төмен деңгей 50% көрсетеді.

Бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша тұлғалық табыстылық деңгейі бақылау тобы студенттерінің 30% - жоғары, 30 – орта, 40% – төмен деңгейде, ал эксперимент тобында студенттердің тұлғалық табыстылық деңгейі 23%- жоғары, 27% - орта, төмен деңгей көрсеткіші 50% көрсетеді.


Сонымен ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша кәсіби даярлау мақсатында мотивациялық құндылық қатынасы ұстаным, құбылыстарды талдау, кәсіби ойлау және әрекет ету ұстанымы, тұлғалық табыстылықтың, өз ойларын шығармашылықпен ұштастыру үш деңгейдегі көрсеткіштеріне сүйене отырып, орташа пайыздың көрсеткіштері анықталды: ол бақылау тобында 18% - жоғары, 40% - орта, 42% - төмен деңгейде болса, ал эксперименттік топта 15% - жоғары, 36% - орта, 49% - төмен деңгейді көрсетеді (кесте 19).

Кесте 19 – Анықтау эксперименті бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің компонентері мен өлшемдерінің деңгейлерінің диаграммасы

Компоненттері мен өлшемдер	Бақылау тобы (n=80) адам)			Эксперименттік топ (n=75)		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
1	2	3	4	5	6	7
Мотивациялық-мақсаттылық компонент, өлшемі – мотивациялық құндылық қатынасы, танымдық дербестігін қалыптастыру	23 (28%)	37 (46%)	20 (26%)	18 (24%)	22 (30%)	35 (46%)
Мазмұндық-іс-әрекеттік компонент, өлшемі – теориялық білімнің болуы, ҒЗ	22 (27%)	38 (48%)	20 (25%)	20 (27%)	17 (23%)	38 (50%)

19-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастара білу;						
Бағалаушылық-рефлексиялық компоненті, өлшемі - тұлғалық табыстылық және тұлғаның креативтілік деңгейлері, кәсіби тұлғалық рефлексиясын бағалау	24 (30%)	24 (30%)	32 (40%)	16 (23%)	21 (27%)	38 (50%)
Орташа көрсеткіш	17%	38%	45%	19%	37%	44%
Ескерту: Ж-жоғары, О-орта, Т-төмен						



Сурет 15-Анықтау экспериментi бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің компонентері мен өлшемдері деңгейлерінің матрицасы


Демек, анықтау эксперименттің мәліметтері мен нәтижелерінен ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ маманның кәсіби даярлығын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарының жеткілікті дәрежеде жүргізілмегендігін байқадық.

Кесте 20 – Анықтау эксперименті бойынша студенттердің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін *кәсіби даярлау мақсатында* мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері (%)

Деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	17%	19%
Орта	38%	37%
Төмен	45%	44%

Бірақ ЖОО-ны жағдайында оқудан тыс әрекеттерге қатысу, бос уақытты ұтымды әрі пайдалы іске арнау, сол арқылы мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша *кәсіби даярлауды* жинақтау мәселелері ескерілмегендіктен қоршаған ортамен қарым-қатынаста, жетістікке жету болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда төмен деңгейде дамығаны анықталды.

ЖОО да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерді кәсіби даярлау мақсатында жүргізілген диагностикасы әрбір компоненттің қалыптасуының орташа мәнін анықтауға және олардың қалыптасу көрсеткіштері жоғары емес және орташа деңгейге сәйкес келетіні анықталды (сурет 16).



Сурет 16 - Анықтау экспериментінің көрсеткіші

Бұл диаграммадан байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес, бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің көрсеткіштерінде біршама айырмашылық бар екені айқындалды. Алынған деректер эксперименталды қызметтің бастапқы кезеңінде туындаған ұсыныстарды тағы да растайды. Бір жағынан, студенттер пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлықты қалыптастыру үшін мазмұндық-іс-әрекеттік компонентінің және олардың көріністеріне анық мән береді. Қорыта келгенде, статистикалық зерттеу нәтижелері пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттердің кәсіби іс-әрекетке жүйелі

дайындығын қалыптастырудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының келесі кезеңдерін іске асыруға, әр компоненттің даму дәрежесін көрнекі түрде көрсетуге және қалпына келтіруге және оларды жетілдіру үшін пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдістемесін дайындауға мүмкіндік берді.

2.2 Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың әдістемесі

Пәнаралық сабақтастық оқытудың әрбір сатысында оқушылардың жаңа оқу материалын түсіндіру түрлеріне, білімдері мен біліктеріне, әдістері мен тәсілдеріне және оны бекітуге бағытталған барлық жұмыстарға қойылатын талаптарды сипаттайды.

Сабақтастық ұстанымы мен жоғарыда ұсынып отырған әдіснамалық тұғырлар, қағидалар оқыту стратегиясы мен тактикасын айқындайтын құрамдас бөлігі болып табылады.

Сондықтан да оқытудағы сабақтастық ұстанымының талаптарына мыналарды жатқызған жөн:

- үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде жан-жақты, әрі үйлесімді тұлғаны дамытуды қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үрдісінің бағыттарын бөлу;
- оқушылардың жеке басының оң қасиеттерін анықтау мен оларды одан әрі дамытуға мүмкіндік туғызу;
- білім алушылардың білімді, дағдылар мен қасиеттерін қалыптастыру құралдары мен формаларын, әдістерін тиімді үйлестіру және оңтайлы таңдау;
- педагогикалық әрекеттің бірлігін сақтау;
- оқу және өндірістік қызмет үрдісінде меңгерген білімді үздіксіз дамыту мен қолдану үшін жағдай жасау;
- хронологиялық және тақырыптық бағдарламаларын келісу;
- оқыту үрдісінде білім алушылардың саналы және субъективтік рөлін кезең-кезеңмен дамыту;
- болашақ маманның кәсіби және тұлғалық қасиеттерінің өзгеру динамикасы мен ұйымдастыру деңгейін көрсететін деректер жинақтау.

Жоғарыда берілген талаптар тізбесі өзара байланысты педагогикалық құбылыстардың сипатына қарай өзгеруі мүмкін [163].

Осы тұрғыда білімнің жаңа мазмұны бойынша негізгі идеясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пәнаралық сабақтастық арқылы кәсіби даярлау мынадай критерийлермен өлшенеді:

- жаңа білімнің талаптарын орындауда (дербес әдістемелік пәндерді оқытуда спиральді білім беру, критериалды бағалау және т.б.) мамандықтың білім беру бағдарламасының нәтижесіне сай пәнаралық сабақтастықты үйлестіруде ассоциациялық еркін ойлаудың пайда болуы қажеттігінің артуы;
- жаңартылған білім мазмұнының идеяларын іске асыруда пәнаралық байланыс арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы білімдік-танымдық

пәндік байланыстардың арақатынасындағы қарама-қайшылықтың пайда болуының жылдамдығы мен ондағы ортақтықты табудағы ғылыми-тәжірибелік білімнің басымдығы;

- өзінің ғылыми-педагогикалық кәсіби жолында пәнаралық сабақтастықтың сұрақтарын қамтамасыз ететін кәсіби ізденушілік пен танымдық қызығушылықтарды қамтитын іскерліктері [164].

Оқу бағдарламаларын жетілдіру және оқыту үдерісіне қолданудың қажеттігі; бағдарламалардың сабақтастығына негізделген оқыту әдістерін әзірлеу және оны тәжірибе жүзінде қолдану; оқыту үдерісінде сабақтастық бағдарламалар, жалпы білім беру, жалпы кәсіби және арнайы пәндерге негізделген студенттердің білімін бағалаудың қазіргі заманғы әдістерін әзірлеу. Сонымен қатар, сабақтастықпен қамтамасыз етілген оқу-әдістемелік құралдарды құру сапасының тиімділігі артады, арнайы пәндер мен мамандарды оқытуға қойылатын заманауи талаптарға жауап береді [165].

Бұл ретте интеграцияға байланысты білім беру бағдарламаларын әзірлеу пәнаралық сабақтастыққа негізделген. Бұл жалпы білім беретін пәндер, базалық пәндер, кәсіптік пәндер бағдарламалары бойынша кәсіби стандарт талаптарына сай құндылықтары ескеріледі.

ЖОО-дағы құрылатын білім беру бағдарламаларындағы әрбір модуль – бұл жалпы, базалық және кәсіптік білім беру жүйесінде нақты міндетті шешуге бағытталған өзара байланысты және өзара келісілген пәндердің жиынтығы ретінде *түлектегі болатын атрибуттарды* көрсете алады.

Жоғары білім беру үдерісінде пәнаралық өзара байланысты жүзеге асыру білім беру процесінің жоғары нәтижелілігін қамтамасыз ететін мазмұндық және әдіснамалық деңгейлерде оқытылатын пәндер арасында қажетті байланыстарды орнату ретінде қарастырылады.

Модульдер арасындағы пәнаралық байланыстарды анықтау, түзету және орнату білім беру мен одан әрі дамытуға мақсатты дайындықты арттыруға, білім алушылардың болашақ кәсіби қызметінің тұтас бейнесін алуға, кәсіби қызметте қажетті интегративтік сапаларды меңгеріп, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

Болашақ педагогтердің пәндік дайындығының осы пәндерінің мазмұны негізгі функцияларымен (оқыту, дамыту, тәрбие) қатар, бағдарлы және ынталандыру сипаттағы функцияларды да жүзеге асыра алады. Бұл функциялар студенттердің ынтасын, зерттеу пәні призмасы арқылы одан әрі қызмет ету үшін қажетті негізгі білім мен біліктілікті меңгеруін қамтамасыз етеді; оның негізгі ұғымдарын, міндеттерін, функцияларын, әдістерін, құралдарын, жолдарын қалыптастыруға және тұтас педагогикалық үдерістің теориясымен, педагогикадағы мақсатқа бағытталуымен байланысын қадағалауға мүмкіндік береді [166].

Жалпы кәсіптік және пәндік дайындық пәндерін оқыту үрдісінде жаңа білімді неғұрлым жоғары деңгейде саналы меңгеруге мүмкіндік беретін барлық құралдар мен тәсілдер пайдаланылуы тиіс және жаңа материалды еске салу,

сілтемелер, сұрақтар және пәнаралық мазмұнның міндеттері, әңгімелесу сияқты басқа пән мазмұнының элементтері енгізілуі тиіс.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының пәнаралық сабақтастығын жүзеге асыру жоспарында студенттердің барлық оқу кезеңінде алған білімдері мен іскерліктерін жүйелі түрде күрделендіріп, кеңейту маңызды. Ол үшін ЖОО-да педагогикалық білім беру стандартына сәйкес жалпы мәдени цикл пәндерімен қатар, педагогикалық практика жүйесімен толықтырылған жалпы кәсіптік және пәндік дайындық пәндерінің әртүрлі үйлесімі енгізіледі.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығының мазмұнындағы сабақтастық ұстанымы әрбір жаңа кезеңде базалық білімдерді, іскерлікті, кәсіби қасиеттерін, құндылықтарын, қабілеттерін алдыңғы кезеңдердің нәтижесі ретінде сақтауды және оларды кәсіби қалыптасуда жылжыту мүмкіндігін көздейді [167].

Осы кезеңде, біз бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби біліміне бастауыш сыныптарда қажетті пәндік білімдер мен оқыту әдістемелерін меңгеруді; бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін: жалпы эрудицияны, кең мәдени ой-өрісін; бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологияларын, қарым-қатынас технологияларын меңгеруді жатқызамыз.

Білімдерінен басқа, дайындықтың осы компоненті оларға негізделген іскерліктерді:

- педагогикалық жағдайларды өз бетінше шешу; қазіргі психологиялық-педагогикалық тәсілдер тұрғысынан қолда бар психологиялық-педагогикалық білім негізінде кәсіби педагогикалық қызметті жобалау мен моделдеуді жүзеге асыру;

- психологиялық-педагогикалық заңдылықтар мен принциптерге сүйеніп, оқу материалын іріктеу және құрылымдау;

- білім беру процесінің психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүргізу және педагогикалық жағдайлардың дамуын болжау;

- алған ақпаратты оқушы позициясынан түсіндіре білу, оқу-тәрбие процесінде қабылданған педагогикалық шешімдердің нәтижелілігі мен мақсаттылығын бағалау;

- мақсат қоя білу және оны шешу жолдарын таңдау, ұйымдастырушылық іскерліктер мен дағдыларды қамтиды.

Бұдан шығатын қорытынды жаңа философиялық тұжырымдамалардың іске асуын қамтамасыз ететін жаңартылған білім мазмұнының парадигмасы – «*білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін», «өздігінен ойлай алатын», «өзін-өзі дамытатын», «өзін-өзі білімдендіретін»* адамға ауыстыруды сипаттайтын бастапқы тұжырымдық сызба болады. Біз, жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауда бізге негіз болатын басты құжат болып саналатын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына арналған білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасына, құрылымы мен мазмұнына

талдау жүргізуді жөн санаймыз. Қарастырылып отырған білім беру бағдарламасының паспортындағы жалпы сипаттамаларын талдай отырып, ЖОО-дағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру көздерін табуды қарастыруды жөн санаймыз. Жалпы біз қолға алып отырған «6В01301– Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алуда білім бакалавры академиялық дәрежесі берілетін мамандықтың білім беру бағдарламасындағы құндылықтарға тоқталайық. Олар: тәртіптілік, кәсібилік, әлеуметтік, академиялық еркіндік, ашықтық, жаһандық азаматтық. ЖОО-дағы әрбір дайындалатын білім беру бағдарламалары стратегиялық мақсатқа негізделеді. Стратегиялық мақсаты: бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау болады. ББББ-ның құрылымдық жүйесі бойынша стратегиялық мақсаттан туындайтын бағдарламаны жүзеге асырудағы мақсаты: рефлексия, мақсатты болжау, диагностикалау, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын қолдана отырып, жүйелендірілген теориялық және практикалық білімді пайдаланып, өзінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне жауап бере алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, психологиялық-педагогикалық қызметті модельдеуге қабілетті бастауыш оқыту саласындағы білікті мамандарды даярлау деп айқындалады. Сондай-ақ, ББББ-ның негіздемесін реттеуде заманауи білімдік технологияның өзгеруіне, ЖОО білім беру жүйесіндегі болашақ кадрларды даярлаудың мазмұнына, тенденцияларына аса мән бере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қалыптастыруға классикалық және инновациялық мазмұндағы кешенді пәндерді ұсынады. Сонымен бірге мектеп, қоғам, кәсіби қызмет арасында тұрақты байланыс орнатуға мүмкіндік беруі қажет. Стратегиялық мақсаттың іске асырылуында «түлек атрибуты», яғни түлек моделі ұсынылады. Түлек атрибуттары(төлсипаттары) мыналар:

ТА -1 – озық тәжірибе мен инновация элементтерін қоса алғанда өзінің пәндік саласындағы білім мен білікті игерген (*оқу саласы бойынша терең кәсіби білімі мен түсінігі бар*);

ТА-2 – креативті ойлайды және жаңа проблемалық жағдайларды бастамашылдық және даралық таныта отырып, шығармашылық тұрғыда шешеді (*эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие*);

ТА-3 – күнделікті кәсіби қызметіне қажетті білім, білік, дағдыларды өз бетімен кеңейте алады және тереңдетеді (*жаһандық сын-қатерлерге ие*);

ТА-4 – кәсіби этика нормаларын сақтайды, өзінің міндеттерін адал және жауапкершілікпен атқарады (*көшбасшылық қасиеттерге ие)*;

ТА-5 – жеке және топта жұмыс істеу білігі мен дағдысының дамығандығын, тиімді коммуникацияға қабілеттілігін көрсетеді (*кәсіпкерлік дағдылары бар, мәселелерді анықтап, шеше алады*);

ТА-6 – жинақылық, жоспарлауға қабілеттілік, нәтижеге бағытталушылық таныта отырып, уақытты басқару және басымдық беру білігін игерген (*инновациялық ойлауды ассоциациялайды);*

Біз, білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылып отырған түлек атрибуттарындағы негізгі ойларды қысқаша мәнді категорияларға

сәйкестендіріп алуды жөн санаймыз. Сондай-ақ, бұл бізге эксперимент жұмыстарын жүргізуде нақтылық жағдайында өз тиімділігін береді деп сенеміз.

Жалпылама сипаттау барысында атрибуттарға сәйкесінше, түлек моделі өз мамандығы бойынша терең кәсіби білімі мен танымдық және шығармашылық қабілеті бар, эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие, сыни ойлау категориясы бар, көшбасшылық қасиеттерге ие, кәсіпкерлік дағдылары бар, мәселелерді анықтап, шеше алады, инновациялық ойлауды ассоциациялайды.

Ол үшін оқытудың күтілетін нәтижесі қойылады. ББББ-на сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы *оқытудың күтілетін нәтижелері* келесідей болады:

– әлемнің ғылыми, философиялық және діни картиналарын, Қазақстан аумағындағы әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың тарихи ерекшелігі мен құрылу ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының тарихын түсінеді және біледі (ОКН-1);

– адамның адамға, қоғамға, ортаға, адамзат дамуының қазіргі кезеңіндегі қарым-қатынас психологиясына, жас мамандардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды біледі (ОКН-2);

– нарықтық экономика негіздерін, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін, экология мәселелерін біледі (ОКН-3);

– білім берудің жаңартылған жүйесінде – оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым бойынша сөйлеу қызметінің негізгі түрлерінен білімдерін көрсетеді (ОКН-4);

– білім беруді және жалпы кәсіптік ғылымды дамытудың негізгі бағыттары мен перспективаларына, педагогикалық ғылымды зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістеріне баға береді. Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық технологиялар туралы алған білімін қолданады (ОКН-5);

– бастауыш білімнің ерекшелігін, құндылығын біледі, мектепке дейінгі, кіші мектеп және жасөспірімдерді тәрбиелеу, оқыту, әлеуметтендіру сабақтастығын іске асыруға қабілетті (ОКН-6);

– ақпараттық технологиялардың озық жетістіктеріне негізделген білімді пайдаланады, ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін меңгерген (ОКН-7);

– төменгі сынып оқушы тұлғасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін, психологиялық және әлеуметтік дамуы заңдылықтарын талдайды және есепке алады (ОКН-8);

– бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартын және оқу бағдарламаларын, кәсіптік міндеттерді шешуде бастауыш мектептің оқу пәндерін оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесін түсінеді (ОКН-9);

– оқу материалын таңдау кезінде іріктеуді және біріктіруді пайдаланады: қажетті дидактикалық материалдарды өз бетінше дайындайды, бастауыш мектептің оқу үдерісінде оқытудың техникалық құралдарын қолданады, оқу-тәрбие үдерісінің жобаларын әзірлейді және іске асырады, білім беру сапасын арттыруға ықпал ете отырып, педагогикалық мәселелерді шешеді (ОКН-10);

– оқу-тәрбиені жоспарлау кезінде шағын жинақты мектептің педагогикалық үдерісін ұйымдастыру теориясы мен оқыту әдістемесін талдайды (ОКН-11);

– ерекше білім беру қажеттілігі бар кіші мектеп оқушысының балаларымен жұмысты жоспарлайды (ОКН-12).

Ұсынылып отырған ББББ-ның дайындалуы барысында экономика сұраныстарына сәйкес еңбек нарығын зерттеудегі қойылатын талаптарды ескереді.

Жалпы білім беру мұғалімдеріне, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдеріне қажеттілікті талдау «http.//stat.gov.kz/official/industry/11statistic/5» ресми сайты, «Статистика» ұлттық жиынтығын қолдану арқылы статистикалық мәліметтер, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ 2018ж. жарық көрген «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі» атты Ұлттық жинақ, сонымен қатар Қазақстан Республикасының аймақтық білім беру басқармаларының мәліметтері негізінде жүргізілді [168].

Кәсіби қызмет саласы «6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасындағы бакалаврдың кәсіби қызметінің бағыттары: әртүрлі типтегі оқу орындарында (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, оқуорталықтары, шағын мектептер және т.б.) бастауыш білімнің оқу процесін жобалау және жүзеге асыру;

«6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- *диагностикалы*қ – оқушының жеке тұлғасын оқыту, тәрбиелеу және дамыту нәтижелерін зерттеу;

- *ұйымдастырушылық-технологиялық* (педагогикалық технологиялар негізінде оқыту және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру);

- *басқарушылық және педагогикалық* («субъект-субъект» өзара әрекеттесуі, білім берудегі менеджмент, *«үйретуші-үйренушіден» «үйретуші-үйретуші» диадасына ауысу*);

- *ғылыми-зерттеушілік* (білім беру мәселелерін шешудегі шығармашылық ізденіс, педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия).

Жоғарыдағы ББББ-ның жалпы сипаттамасын талдау барысында біз, студенттерге білім берудегі қойылған түлек атрибуттары оқытудың күтілетін нәтижелеріне орай шешімін табуы ББББ-ның мазмұнындағы оқу жоспарына сай беріліп отырған бағдарламалық модульдер мен ондағы берілген пәндерді оқытудағы пәнаралық сабақтастықтың сәйкестік нұсқаларын табу арқылы дәлелдеуді шарттайды.

Мәселен, білім беру бағдарламасындағы модульдер, яғни «Жалпы білім» (ЖББП МК), «Математика және табиғи-ғылыми бағытының негіздері» (БП ТК), «Білім берудегі инновациялар» (КП ТК) деп беріледі. Енді осы модульдердегі берілетін міндетті және таңдау компонентін қамтамасыз ететін пәндердегі пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру мүмкіндіктерін ашуға болады. Оны біз кесте түрінде ұсынамыз (кесте 21).

Кесте 21 - Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы түлек атрибуты (ТА-5)

Модуль атауы	Пәндер атауы	Күтілетін нәтиже	Пәнаралық сабақтастық
Жалпы білім (ЖББП МК)	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;	Ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу және таратуға арналған ақпараттық технологиялар арқылы кәсіби асатын коммуникацияның заманауи әдістері мен құралдарын зерттейді. Мәліметтер базасы, кестелік процессорлар, е-технологиялар, Smart және бұлттық технологиялармен жұмыс істеу дағдысын дамытады (ОКН-1).	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогикалық технологиялар, мультимедиалық өнімдер, программалау.
«Математика және табиғи-ғылыми бағытының негіздері» (БП ТК)	Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар		
«Білім берудегі инновациялар» (КП ТК)	Бағалаудың өлшемдік технологиялары		
Түлек атрибуты (ТА-5)	Жеке және топта жұмыс істеу білігі мен дағдысының дамығандығын, тиімді ақпараттық коммуникацияға қабілеттілігін көрсетеді.		

Кестеде көріп отырғанымыздай, студенттердің модульдер бойынша жеке пәндерден алған білімдері барынша күрделене келе, бір пән аясында ғана шектелмей, басқа да сабақтас модульдермен, пәндермен байланыстыра отырып, күтілетін нәтижеге бірге жету жолы қарастырылады. Жалпы алғанда, үш аталмыш модульдер мен пәндердегі пәнаралық сабақтастық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогикалық технологиялар, мультимедиалық өнімдер, программалау сынды білімдерді бере отырып, болашақ мамандардың кәсіби даярлануындағы түлек атрибуты, яғни инновациялық ойлауды ассоциациялауы туындап отыр. Ендеше, ТА-5=ОКН-1 өзара байланысы нәтиже береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың нәтижесінде мамандықты АКТ саласы бойынша меңгеріп, оған педагогикалық тұрғыдан бейімделуі, болашақ мұғалім кәсібіне қажетті тәсілдер мен технологияларды, нормаларды үйренеді. Бұл өз кезегінде ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау жағдайында студенттердің мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді пайдалануын, оқытудың жаңа әдістерін, формаларын, тәсілдерін жасап, оларды үйлесімді қолдана алуын, бар тәжірибені жаңа жағдайда тиімді қолдана білуін, АКТ және басқа да технологияларды жетік меңгеруде жаңа мақсаттарға сай белігіліні жетілдіре, тиімділігін арттыра, модернизациялай алуын қамтамасыз етеді. Біз, білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнына сүйене отырып, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда дербес әдістемелік пәндер қатарынан таңдау жасап отырмыз. «Әлеуметтік гуманитарлық білім беру негіздері» (ЖББП МК) – Қоғамтану білімі (пәнаралық курс); «Мамандық модульдері» (БП ТК) – Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту; Бастауыш сынып оқу

пәндерінен ресурстар дайындау әдістемесі атты пәндердің өзара байланысын талдап, оқытудың күтілетін нәтижесі, пәнаралық сабақтастығы, түлек атрибуттарының сәйкестігін 22-кестеден көреміз. Біздің болжауымызда (ТА-3=ОКН-1) іріктелген пәндер бойынша болашақ студенттердің өз мамандықтарында өзін-өзі өзектендіре білу деңгейінің жоғарылауы, яғни өзінің даралық ерекшеліктерін дамытудағы бастауыш сынып мұғалімі мамандығын өзін-өзі дамыту құралы ретінде қолдануға бағыттауы, өзінің жағымды қасиеттері соның ішінде салауатты өмір салтына бағдарлануы арқылы өмір бойына жеке білім траекториясын қалыптастырып, кәсіби қызметті қамтамасыз ететін күш жинайды (кесте 22).

Кесте 22 - Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы түлек атрибуты (ТА-4)

<table>
<tr><th>Модуль атауы</th><th>Пәндер атауы</th><th>Күтілетін нәтиже</th><th>Пәнаралық сабақтастық</th></tr>
<tr><td>Әлеуметтік гуманитарлық білім беру негіздері (ЖББП МК)</td><td>Қоғамтану білімі (пәнаралық курс)</td><td rowspan="2">Адам мен қоғам дамуының объективті және субъективті үдерістерін терең тануға қажетті заңдылықтарды, механизмдер мен фактілерді көрсететін</td><td rowspan="2">Студенттердің экономиканың қызмет ету заңдылықтары жайлы кешенді түсініктерін қалыптастыруға, іскерлік білім алуына бағдарланған, өз жеке</td></tr>
<tr><td>Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (БП ТК)</td><td>Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту</td></tr>
<tr><td>Жеке пәндерді оқыту әдістемесі (БП ТК)</td><td>Бастауыш сынып оқу пәндерінен ресурстар дайындау әдістемесі</td><td>әлеуметтік-саяси және психологиялық білімді қамтиды (ОКН-1).</td><td>кәсібін ашу және оны сәтті жүргізудің ерекшеліктерін айқындайды.</td></tr>
<tr><td>Түлек атрибуты (ТА-3)</td><td colspan="3">Күнделікті кәсіби қызметіне қажетті білім, білік, дағдыларды өз бетімен кеңейте алады және тереңдетеді.</td></tr>
</table>

Келесі талдау тұлғаның дербес әдістемелер туралы білімді қамтамасыз ететін пәндер турасында болмақ. ББББ-дағы «Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (БП ТК)» – Инклюзивті білім беру, «Негізгі пәндердің теориялық негіздері және оқыту әдістемесі (БП ТК)» - Сауат ашуды оқыту әдістемесі, жаратылыстануды оқыту әдістемесі, математиканы оқыту әдістемесі, «Бітіруші модуль» - Педагогикалық практика (сабақ беріп көру) кезеңі» пәндерінің арасындағы сабақтастықты жүзеге асыруда біз, студенттердің бір мәселені шешудің бірнеше вариантарын көре алуын байқаймыз (ТА-1=ОКН-12). Инклюзивті білім беру, тілдік, математикалық, жаратылыстанудың әдістемелерін оқып үйрену жағдайындағы педагогикалық практиканың маңызын сабақтастықта дұрыс пайдалану болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда әдістемелік нұсқаулар, теориялық ережелерді педагогикалық істерге айналдыра білу іскерліктері пайда болады.

Кесте 23- Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы түлек атрибуты (ТА-1)

Модуль атауы	Пәндер атауы	Күтілетін нәтиже	Пәнаралық сабақтастық
Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (БП ТК)	Инклюзивті білім беру	бастауыш сынып оқушыларына математика, сауат ашу, оқу, жаратылыстану, көркем шығармашылық негіздерін қазіргі заманғы білім талаптарына сай, оны инклюзивті тәсілмен жүзеге асыра отырып оқыту процесін құрастырады және қалыптастырады (ОКН-5);	Дербес әдістемелік пәндердің әдістемесін оқып біліп, оларды инклюзивті білім беру жағдайында да жүзеге асырады.
Негізгі пәндердің теориялық негіздері және оқыту әдістемесі (БП ТК)	Сауат ашуды оқыту әдістемесі, жаратылыстануды оқыту әдістемесі, математиканы оқыту әдістемесі.		
Бітіруші модуль	Педагогикалық практика (сабақ беріп көру) кезеңі.		
Түлек атрибуты (ТА-1)	Оқу саласы бойынша терең кәсіби білімі мен түсінігі бар		

Қорыта келгенде, біз І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына арналған білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасына, құрылымы мен мазмұнына талдау жүргізу барысында ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы түзілетін оқытудың күтілетін нәтижесі мен түлек атрибуттарының түпкі ойы сәйкестенеді. Бұл жағдай бұрын болмаған жаңа сапалық мүмкіндіктердің пайда болуына қызмет етеді. Педагогтердің кәсіби қызметке даярлығын теориялық негіздеу мәселесіне ғалымдардың назарын аудару кәсіби тәсіл призмасы арқылы оны қарауға алып келді, бұл жағдайда мамандыққа қойылатын талаптар тек білім жиынтығын ғана емес, сонымен қатар белгілі бір функцияларды, қызметті, әрекеттерді орындау қабілетін көрсететін кәсіби моделдер кешеніне айналады.Жоғарыдағы авторлардың пікірінше, базалық сабақтастық қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде білім беру жүйесінің талаптары мәнінде кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсетеді. Ал пәнаралық сабақтастық нақты пәндік кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсетеді, негізгі және базалық кәсіби моделдерді жүзеге асыру ретінде қарастырылады.

Жоғарыдағы бөлімде айтылғандай *ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың* бастапқы деңгейін айқындау жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінде жүзеге асырылды. Ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің маңыздылығын түсінуін, яғни қарым-қатынасының болуын; сол саласы бойынша білімі мен жетістік феноменін тұрғысынан түсінуін зерттеуге бағытталған; өзін-өзі таныта алуы, өзінің кәсіби іс-әрекеттерін жете түсінуі мен өздігінен бағалай алу деңгейін анықтауға бағытталған.

Эксперименттік-тәжірибе жұмысында *ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау* моделіндегі мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік; бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері және соған сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері бойынша деңгейлерін бағалау көрсетіледі.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың даму дәрежесін анықтау, сонымен бірге олардың осы мәселеге қатынасын айқындау, тұтас алғанда білім беру үдерісі үшін оның маңыздылығын түсінуін білу.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыруға төмендегідей міндеттер қойылды:

- студенттерді кәсіби даярлауда пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үшін қажетті теориялық таным – түсініктерін толықтыру;
- жоғары оқу орынындағы білімдік үдерісте пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру әдістерінің барлық мүмкіндіктерін толық пайдалану;
- қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін өңдеп, практикалық ұсыныстар беру.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші бөлімінде 2017-2018 оқу жылының наурыз айында *«Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықтың педагогикалық негіздері»* атты оқыту семинарының бағдарламасы (ЖОО оқытушыларына арналған) дайындалып, педагогика және психология факультетінің оқытушыларына ұйымдастырылды.

Оқыту семинарының мақсаты: жоо оқытушыларының жаңартылған білімнің тұжырымдамаларына сәйкес пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерді кәсіби даярлаудың педагогикалық негіздері жайлы кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Оқыту семинарының міндеттері:

- жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тәжірибе алмасу;
- білім беру бағдарламаларын саралау, нұсқаулықтар әзірлеу.

Күтілетін нәтиже:

- педагогтердің ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық аясы кеңейеді;
- білім беру бағдарламалары сараланады, нұсқаулықтар әзірленеді.

Кесте 24 - Оқыту семинарының жүргізілу барысы (оқу жоспары)

Тақырыптар	Дәріс-диалог	Брифинг	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Сағат саны
1	2	3	4	5	6

24-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Кәсіби даярлауды қамтамасыз етудегі ҚР жоғары білімді дамыту тұжырымдамалары	2				2
Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерді кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері			2		2
Білім беруді жаңарту жағдайында пәнаралық сабақтастық ұстанымымен ЖОО білім беру бағдарламаларының дайындалу ерекшеліктері		4			4
Бастауыш білімнің жаңартылған мазмұны бойынша болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы оқу орындары оқытушыларының пәнаралық сабақтастықты үйлестіру қызметі				2	2
Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету			2		2
Барлығы	2	4	4	2	12

«Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықтың педагогикалық негіздері» атты оқыту семинарының бағдарламасы (ЖОО оқытушыларына арналған) бойынша өткізу формаларына талдау жасап өтейік.

Дәріс-диалог – интербелсенді дәріс-диалог түрінде өтеді. Дәріс-диалогтің басты мақсаты – қатысушыларға ақпарат ұсыну («беру») емес, олардың әлеуметтік және кәсіби дағдылары мен құзырлылықтарын дамыту. Дәріс бөлімдерінің арасы (2-5 минуттық үзілістері) қатысушылардың бірлескен белсенді әрекеттерімен толтырылуы қажет.

Брифинг – негізгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша нұсқау, қысқа мәжіліс жасау. Барлық қатысушылардың кездесуі. Онда белгілі бір мәселе төңірегінде баяндалады қатысушы жақтардың көзқарасы хабарланады. Брифинг конференцияның үлгісі тәріздес.

Тренинг – қысқа мерзім ішінде практикалық қолданыста қажетті әрі тиімді біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған оқу сабақтары. Әдетте, тренингтерде мынандай интербелсенді тәсілдер қолданады: іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдайлар мен ситуацияларды талдау, топтық пікірталастар, презентациялар [169].

Қалыптастырушы экспериментінің келесі бөлімінде міндеттерді іске асыру үшін *«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»* тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы жасалып тәжірибеден өтті.

Біз дайындап ұсынып отырған элективті курс бағдарламасы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультеті Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының

2017-2018, 2018-2019 оқу жылында бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығындағы 3 курс оқу жоспары бағдарламасына ендірілген.

Курстың мақсаты: студенттерге пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудың теориясы мен әдістемесін меңгерту.

Курстың негізгі міндеттері:

- болашақ мамандарды пәнаралық сабақтастықтағы кәсіби даярлаудың теориялық негіздерімен қаруландыру;

- пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа тұжырымдамалық қағидаларын педагогикалық-психологиялық тұрғыдан анықтауға жағдай жасау;

- пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда білім сапасын арттыруды оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін жолдарды ұғындыру және оны ұйымдастыруға кеңес беру.

«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері» атты курстың мазмұны төмендегідей теориялық және қолданбалы бөліктерден түзілген:

Теориялық мазмұны:

- тұлға және сабақтастық теориялары;

- кәсіби даярлаудың өзектілігі мен мәні;

- пәнаралық сабақтастық және оның ішкі құрамаларының кәсіби даярлыққа деген маңызы;

Курстың қолданбалы бөлігі:

- пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудағы жаңартылған білім мазмұнына сай интеграцияланған оқу қызметтерінің формаларын ұйымдастыру.

Дайындалып отырған *«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»* элективті курсын оқыту нәтижесінде:

- болашақ мамандарды пәнаралық сабақтастықтағы кәсіби даярлаудың теориялық негіздері бойынша білімі;

- пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа тұжырымдамалық қағидаларына педагогикалық-психологиялық тұрғыдан теориялық түсініктері;

- пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда білім сапасын арттыруды оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін жаңа теорияларды жасау және ұйымдастыруда кәсіби білігі, оларды педагогикалық үдерісте қолдану дағдылары *қалыптасатын болады. «Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»* атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспарын ұсынамыз (кесте 25).

Кесте 25 - *«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»* атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

Сабақтың тақырыптары	Сағат саны/формасы			
	дәріс	практикалық сабақ	СОӨЖ	СӨЖ
1	2	3	4	5
Білім берудегі пәнаралық сабақтастықты қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік құжаттар мазмұны.	1	1	4	4
«Пәнаралық сабақтастықтың» көп аспектілігі: «ғылымның интеграциясы», «сабақтастық», «пәнаралық байланыс», «интеграция», «кіріктіру», «пәнаралық іскерлік», «пәндердің байланыс спектрі», «ассоциация», «ортақ нәтиже», «атрибут» т.б.	2	2	4	4
Білім беру жүйесіндегі пәнаралық сабақтастық ұстанымы. Сабақтастықтың философиялық, психологиялық, педагогикалық теориялары.	2	2	4	4
Пәнаралық сабақтастық негізінде кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары.	2	2	3	3
Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы жаңа философиялық тұжырымдамалар (уәждеу, спиральді білім беру, критериалды бағалау, АКТ саласындағы дағдысы, ғылыми-зерттеу дағдысы, белсенді оқу және т.б.).	2	2	4	4
Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бастауыш мектеп мұғалімі кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұны (кәсіби ізденушілік, танымдық қызығушылық, еркін ассоциациялау іскерлігі, іс-әрекеттегі зерттеу, дербес идеялар, 4Кмоделі, stem білім, htpp://www.kundelik.kz және т.б.)	2	2	4	4
Педагогикалық практика, сабақ беріп көру кезеңінің маңызды сапалары(пәнаралық сабақтастық, интеграцияланған сабақ және т.б.).	2	2	4	4
Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығының диагностикасы.	2	2	3	3
Барлығы:	15	15	30	30

«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері» атты элективті курстың бағдарламасына сай, ұсынылып отырған тақырыптардың ұйымдастырылу барысы жайлы толығырақ тоқталамыз.

1-тақырып. Білім берудегі пәнаралық сабақтастықты қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік құжаттар мазмұны деп ұсынып, оның қысқаша түсініктері мен сипатын келесідей қысқа баяндаймыз.

Қазақстандағы жоғары білімді дамытудың заңнамалық базасы. ҚР «Білім туралы» Заң 1999ж., 7 маусым; 2007 жылғы 27 шілде (№319-III ҚРЗ, Астана, Ақорда), 2012 жыл 09 қаңтардағы толықтырулармен; 24.11.2015 №419; 09.04.2016 №501; 05.05.2017 № 60; 05.07.2017 № 88; 04.07.2018 №172; 01.04.2019 №240 өзгертулер мен толықтырулармен; Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011; ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. 16.11.2009ж.; Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы Астана, 2019. 1 сәуір; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана 2016. 1 наурыз, №205 Жарлығы және т.б.

2-тақырып. «Пәнаралық сабақтастықтың» көп аспектілігі: «ғылымның интеграциясы», «сабақтастық», «пәнаралық байланыс», «интеграция», «кіріктіру», «пәнаралық іскерлік», «пәндердің байланыс спектрі», «ассоциация», «ортақ нәтиже», «атрибут» т.б. деп беріліп отыр.

Болашақ мамандарды кәсіби даярлауда пәнаралық сабақтастықтың көп аспектілі қырларына тереңірек талдау жасауды міндеттейді. Ендеше, әр түсінікке қысқаша түсініктеме беріп өтейік.

«Ғылымның интеграциясы» – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, заңдылықтарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі болады; «интеграция», «кіріктіру» - латын тілінен аударғанда *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін) субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақтың іс-қимылын тереңдету, бұл дегеніміз, бірлесе қызмет атқаруға, ал кейбір жағдайларда түрлі елдердің бірігуіне әкелетін үдерістер. Екінші мағынасында интеграция ретінде ортақ мақсатқа бірлесе қол жеткізу үшін құрылған қандай да бір салааралық бірлестіктер алынады, ал *кіріктіру* – бұл бір оқу мазмұнының әр түрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі; *«пәнаралық іскерлік»* - білім алушылардың бір пәннен меңгерген білім, іскерлік, ептілік, дағдыларын екінші пәндерді меңгеруде пайдалана, қолдана білу қабілетін анықтайды; *«ассоциация»* - бұл тұлғаның санасында көрсетілген қызмет әрекеттері мен құбылыстарының демократиялық стилдегі өзара байланысы; Олардың пайда болуы тұлғаның субъективті тәжірибесіне, оның жеке ерекшеліктеріне байланысты; *«ортақ нәтиже»* - істі бірлесіп жүргізу, ниеттестік, нәтижеге екі жақтың да оң көзқарасы; *«атрибут»* - білім берудегі қойылған мақсат, міндеттерден бастау алып, бірлескен әрекетке дейінгі үдерісте өзіне қажеттіні меңгеруі, яғни студенттің төлсипаты болып саналады.

3-тақырып. Білім беру жүйесіндегі пәнаралық сабақтастық ұстанымы. Сабақтастықтың философиялық, психологиялық, педагогикалық теориялары деп беріледі.

Философия ғылымында сабақтастық ұғымының түпкі категорияларының философиялық бағыты *гармония, адамның пайымы мен ақылының арасындағы қарама-қайшылық, шындық пен азаттық, әсемдік пен жақсылық, ортақ*

себептілік байланыс, құндылықтық кеңістігі, бастапқы теорияны сақтап қалу үшін логика ережелерін субъективті пайдалану, аргументтердің көп түрінің жиынтығы т.б. деген түсініктермен қамтамасыз етіледі.

Психология ғылымында идеялар мен түсініктер байланысы өзінің репродуктивті ойлаудың заңына бағына отырып, пәндер арасындағы байланыс, тақырып арасындағы интеграция психологиялық тұрғыда: *танымдық ойлау, идеялар байланысы, ұқсас ұғымдар үшін күрес, есте сақтау, арнайы іскерлік дағдылар, байланыс механизмі* ретінде көрініс табады.

Педагогика ғылымында, бұл проблема - *«бірізділік», «жүйелілік», «біртұтастық» т.б.* ұғымдарына мағынасы жағынан жақын және көп жағдайда осы ұғымдардың синонимі ретінде қарастырылады. Бұл ғылым негіздерін байланыстыру барысында студенттер үшін берілетін білім жүйесін дамыту. Ол әр сабақта *жаңа оқу материалын іс-әрекеттің ұқсас құбылыстары* туралы жақында пайда болған немесе бұрыннан бар біліммен байланыстыру кезінде жүзеге асырылады.

4-тақырып. Пәнаралық сабақтастық негізінде кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары деп аталады. Зерттеудің категориялық аппаратын, стилін, ғылыми тілін, ғылыми таным формаларын анықтау үшін педагогикаға тән теориялық тұжырымдарды біріктіруді жоғары оқу орындарында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық базасын *жүйелілік тұғыр, интегративтік тұғыр, кешендік тұғыр, тұтастық тұғыр, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғырлар* қамтамасыз етеді.

5-тақырып. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы жаңа философиялық тұжырымдамалар (уәждеу, спиральді білім беру, критериалды бағалау, АКТ саласындағы дағдысы, ғылыми-зерттеу дағдысы, белсенді оқу және т.б.).

Болашақ мамандар табысты болу үшін студенттерге білім қандай қажет болса, білік пен дағдыда соншалықты қажет. Бүгінгі таңдағы технология, коммуникация, ғылым салалары елеулі өзгерістерге ұшырады, сондай-ақ, бірнше жаңа философиялық тұжырымдамаларды жүзеге асыру көзделген.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша *уәждеу* тәсілдемелері екіге, яғни ішкі және сыртқы деп бөлінеді. Ішкі уәж – жеке тұлғаның өзінен туындайтын, бастау алатын уәж, сыртқы уәжге қарағанда анағұрлым адам бойындағы іргелі білім бастауы деуге келеді. Ал сыртқы уәж – тұлғаға сырттан әсер ететін факторларға негізделеді, фаторлардың салдарынан дамиды. *Спиральді (шырышықты) білім беру бағдарламасы* – спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылады. Бұл бағдарлама белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу), бейнелік (суреттер мен графикалық бейнелердің көмегімен білім алу), таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) деп аталатын шартты түрде бөлінген сатылардан тұратын танымдық теорияға негізделген.

Жаңартылған білім беру мазмұнының тағы бір педагогикалық тәсілдемелерінің бірі – критериалдық бағалау. «Бағалау» терминінің - латын тілінен аударғанда «жақын отыру» деген мағынаны білдіруі кездейсоқтық емес деп ойлаймыз. Өйткені, бағалаудың негізгі сипаты бірін-бірі бақылау, өзін-өзі бақылау жағдайында дербес пікір тудыру тәртібінен туындайды. Сондай-ақ, бұл тәртіптің өзі мұқият бақылауды міндеттейді. Критериалды бағалаудың түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар:

- мұқият қадағалау;
- алынған мәліметтердің интерпретациясы(логикалық қорытынды);
- іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды болады.

Критериалды бағалау ұғымының категорияларының бірі модерация болып табылады. Модерация – кәсіби оқудың маңызды бөлігі [170]. Уәждеу, спиральді білім беру, критериалды бағалау, АКТ саласындағы дағдысы, ғылыми-зерттеу дағдысы, белсенді оқу т.б. барлығы да білім беру бағдарламалары мен бағалауды оқыту үдерісінен күтілетін нәтижелерді тұжырымдауда маңызды рөл атқарады.

6-тақырып. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бастауыш мектеп мұғалімі кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұны (кәсіби ізденушілік, сыни ойлау, танымдық қызығушылық, еркін ассоциациялау іскерлігі, іс-әрекеттегі зерттеу, дербес идеялар, 4К моделі, stem білім, *htpp://www.kundelik.kz* және т.б.) деп ұсынылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы бастауыш мектеп мұғалімі кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұнын реттеудегі ең негізгілердің бірі - **4К моделі.** Оның кілттік компоненттері – **сыни ойлау (critical thinking); қарым-қатынас (communication); креативтілік (creativity); командалық жұмыс (collaboration)** дағдылары бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін білім саласы бойынша категория таңдамайды. Жалпы айтқанда, білім берудің барлық салалары бойынша жүзеге асырыла береді.

Болашақ педагогтердің өзін-өзі өзектендіруде *сыни ойлау, қарым-қатынас, креативтілік, командалық жұмыстар* бұрыннан педагогикалық үдерісте қолданыстағы әрекеттер. 4К моделінің кілттік компоненттерінің бірі – сыни ойлау жайлы түсінік беруде, жоғары оқу орындарында жұмыс жасау тәжірибесіне сын тұрғысынан ойлауды енгізу қажеттігі туындайды. 4К моделі бойынша сыни ойлауға үйретуде білім алушылардың біліктілігін арттыру жағдайлары келесідей: білім алушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелейтін арнайы ситуациялық жағдайларды таңдап алу; тапсырма түрлерін топтау, сараптау, сыни көзқараспен талдау, шешу, бағалау сол проблеманы шешуге әкеледі; білім алушыларға тапсырмаларды беруде, оны шешу барысында қате бағыттар болуын ұйымдастыру; әр топтағы тапсырмаларды шешу кезіндегі өзіндік ерекшеліктерін ескеру; сын тұрғысынан ойлауды жалпыға ортақ түрлерімен қоса оригиналды түрлерін іске асыру.


Сыни ойлау үшін топта пікірталастарды өткізу және түрлі проблемалық жағдаяттарды талқылау пайдалы. Сыни ойлауды меңгерген әрбір білім алушы икемді, жоспарлау мен сезінуге, ымыралық шешімдерді іздеуге дайын болады.

Креативтілік – тұлғаның тұтастығын қамтамасыз етіп, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ашылмаған қасиеттері. Олар: тез арада тапқыр шешім қабылдай алу; қалыптан тыс ойлай алуы; индивидтің жаңа идеяларды ашуға қабілеттілігі; шығармашылық белсенділікті дүниеге алып қабілеттілігі т.б. Креативтілік сыни ойлау болған жағдайда өзінің жаңа өнімін береді.

Қарым-қатынас пен командалық жұмыс жақын аймақтарда дамиды. Қарым-қатынас жағдаяты деректілік, қисындылық, дәлдікпен анықталуы қажет. Қарым-қатынаста оқытушы мен студенттер вербальді емес коммуникациялық құралдарды тиімді қолдануы тиіс. ЖОО-да білімдік үдерісті ұйымдастыру кезеңдерінде командалық жұмыстар арқылы қарым-қатынас орнату, сыни ойлауға итермелеу, креативтілікті туындату сынды әрекеттердің *алгоритмі к*елесідей болады: кіріспе, мәселе қою, мәселені топтарда талқылау және шешім, идеяларды жинақтау мен жалпы қорытындылар жасау, жұмысты рефлексиялау.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы пәнаралық сабақтастықтың маңызы ерекше. Оны біз жоғарыда талданған әрбір тақырыпшалардағы негізгі идеялардан байқаймыз. Пәнаралық сабақтастықты нақты төрт пән бойынша ***STEM*** білім берудегі аббревиатурасы бойынша(кілттік компоненттерін) талдауларды ұсынамыз. **S – ғылым, ғылыми түсінік (science), T – технология (technology), E – инженерия (engineering), M – математика (mathematics)** болады. Оқу қызметтерінде қолдану ерекшеліктерін меңгертуде пәнаралық байланыстардың кең түрдегі көрінісі орын алады. STEM білім беру бағдарламасының ерекшеліктері: *пәндер бойынша интеграцияланған тақырыптар желісінде жұмыс жасау; нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану; сыни ойлау дағдыларын дамыту және проблемаларды шешу; білім алушылардың өзіне деген сенімін арттыру; белсенді қарым-қатынас және командалық жұмыс; техникалық пәндерге қызығушылықты ояту; білім алушыларды технологиялық инновацияларға дайындау; оқу қызметтерін ұйымдастырудағы зерттеу дағдыларын қалыптастыру т.*б.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауда аталмыш элективті курсты өткізу барысында 4К моделі және STEM білім беру бағдарламаларын сәйкестендірудің қажеттігі туындайды (Сурет 17).



Сурет 17 - 4К моделі мен STEM білім берудің сәйкестену графикасы

Егер де 4 К моделіндегі әрекеттердің барлығын оқу қызметтерінде STEM білім беру арқылы жүзеге асырса, онда кәсіби білімдері бойынша интегративтік сапаның қалыптасқаны деуге болады. Элективті курс кезінде практикалық сабақтарда, СӨЖ-де тереңірек жүргізілетін тапсырмалар барысы жүзеге асты. Ұсынылып отырған бағдарламалар кәсіби даярлануда пәнаралық сабақтастықты ұтымды, кәсіптік дамуларда студенттердің өз мамандығына ерекше бейімделуіне жол ашады.

Бүгінгі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың шарықтау заманында білім алушының үлгерімін, оқудағы артықшылықтар мен кемшін тұстарын, пәндерге бейімділік (бірбейімділік, көпбейімділік т.б.) жөнінде жеке инфографикасын беру жаңа мобильді қосымшалар арқылы жүзеге асырылуда. Соның бірі – htpp://www.kundelik.kz автоматтандырылған жүйесі болып отыр. Болашақ мамандар университет қабырғасында электронды күнделік жүйесін практикалық тұрғыдан меңгерулері қажет. «Күнделік (Kundelik)» – қазақстандық АТ-компаниясы, білім беруді басқару мекемелерінің өкілдеріне, сондай-ақ мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға, білім беру ұйымдарының әкімшілеріне бірыңғай электрондық білім беру аймағының әзірлеушісі болып саналады. Бүгінгі таңда білім беру үдерісіне берер өнімі – автоматтандырылған ақпараттық білім беру «Күнделік» жүйесі, электрондық құжат айналымдары білім беру ұйымдарының және әлеуметтік желілік өзара іс-қимыл құралдары барлық білім беру процесінің қатысушыларына (педагогтармен, ата-аналармен және оқушылармен) мүмкіндіктерін біріктіреді. htpp://www.kundelik.kz электронды жүйесі қызметінің басты бағыттарына тоқталайық: *мектептің білім беруін жаңғырту; АКТ-ның озық интеграциясы білім беру процесінде; «педагог-оқушы-ата-ана» коммуникациясын интерактивті түрде дамыту;*

бірыңғай ортаның ақпараттық алмасуын енгізу; мектеп экожүйесіне қызмет көрсету және құру; қашықтықтан білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету т.б. [171].

7-тақырып. Педагогикалық практика, сабақ беріп көру кезеңінің маңызды сапалары (пәнаралық сабақтастық, интеграцияланған сабақ және т.б.) деп аталады. Педагогикалық практика өзінің негізгі ішкі мәні – кәсіби даярлықтың басты буыны болатындықтан, кәсіби даярлықтың іс-тәжірибелік тұтастығын қамтамасыз етеді. ЖОО-дағы педагогикалық практиканың ең маңызды түрлерінің бірі – сабақ беріп көру практикасы.

8-тақырып. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығының диагностикасы деп беріліп отыр. Қорытынды, рефлексиялық жұмыстар, диагностикалау ұйымдастырылады.

Әдістеменің үшінші бөлімінде тренинг сабақтар кешені кәсіби ойлау іс-әрекетін дамыту бойынша практикалық сабақтар ұйымдастырылады.

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің *пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау* әдістемесі бойынша оқытушыларды студенттермен жұмыс жасауда қажет білімдермен жабдықтау, студенттер ұжымында қолайлы психологиялық климатты және өзара әрекеттесу қатынастарын орнату қажеттілігін ұғынуда маңызды болып табылады. Сонымен жоғарыдағы айтылғандар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда студенттердің демократиялық стильдері артады деп тұжырымдаймыз. Олар: студенттерде оқу-кәсіби іс-әрекет мотивациясы артады; студенттердің өзара жағымды қарым-қатынастары жетіледі; студенттер арасында оқытушы өзін субъект-субъект диадасында ұстайды; студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетке қатысты таңдауларына мүмкіндік береді; мәселелердің шешімін бірігіп шешкенмен соңғы шешімді өзі тұжырымдайды.

2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Бұл бөлімде, біз 2016-2019 жылдар аралығында Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетінде ЖОО пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау моделін жүзеге асыру бойынша тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстың қалыптастырушы кезеңінің нәтижелерін талқыладық.

Тәжірибелік-эксперименталды жұмысқа І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінен бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 1-3 курстан 80 студент қатысты. Бақылау тобын Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 1-3 курс аралығынан 75 студенті құрады.

Бұл кезеңдегі сабақтастық әр түрлі оқу пәндерінің өзара байланысын қамтиды, бұл жоғары оқу орны жағдайында білім беру процесінің диалектикасына байланысты қиындықтар туғызады.

Сонымен қатар, ішкі сабақтастық мәселесі қарама-қайшы, бұл ретте табиғи (студент болашақ маман ретінде) және жасанды (ЖОО-дағы педагогикалық іс-әрекеттердің келіспеуі) қарама-қайшылықтар байқалады. Шын мәнінде, пәнаралық сабақтастықты қамтамасыз ету сол және басқа да қайшылықтарды шешуді талап етеді.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерде кәсіби даярлықтың қалыптасу деңгейін анықтау кезінде компоненттердің бір-бірін өзара толықтыра отырып, өзара әрекеттесетінін ескердік. Егер эксперименталды топ студенттерін оқыту барысында компоненттер көрсеткіштерінің қалыптасу динамикасы анықталса, онда ұсынылған қызмет түріне дайындық жүйесі тиімді деп танылуы мүмкін. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау динамикасын бағалауға мүмкіндік беретін алдын алу нәтижелерін анық кәсіби даярлау деңгейін табу үшін тәжірибелік және бақылау топтарының студенттеріне сауалнама толтыру ұсынылды. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау деңгейі қорытынды деңгейін анықтау үшін тәжірибелік және бақылау топтарының студенттеріне бес балдық жүйе бойынша мотивациялық-мақсатты, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің көрсеткіштерін бағалау ұсынылды.

ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерде кәсіби даярлау деңгейін анықтау әдістемелерінің кешені тәжірибелік зерттеудің бастапқы кезеңінде қолданылады. Студенттердің жеке қасиеттері ретінде кәсіби даярлықты қалыптастыру мәселесі бойынша оқыту семинары өткізілді. Бұл жұмыстың нәтижесі жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінде студенттердің кәсіби танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін анықтау және жаңартылған білім беру мазмұнында дамыту болды.

2017-2018 жылдары студенттік ғылыми-зерттеу зертханалары құрылды:

- педагогикалық алдын алу;
- мектеп және мектептен тыс өзін-өзі анықтау кеңістіктерін интеграциялау;
- тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері;
- пәнаралық сабақтастықтың қалыптасу мәселелері;

Құрылған зертханалардың ғылыми проблемалары студенттер мен оқытушылардың жалпы ғылыми-зерттеу мүдделерін анықтау негізінде анықталды. Қажетті өзгерістерге студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесі бағдарламалары ұшырады, атап айтқанда, оларда кәсіби сипаттағы тапсырмалары енгізілді, олардың орындалуы зерттеу және өнімді қабілеттерін қолдануды талап етті.

Оқытушылар құрамынан педагогика және психология факультетінің практикаға жауапты тұлғалар тағайындалды, бұл қалыптасқан дәстүрлі тәжірибеге сәйкес келеді. Педагогика және психология факультетінің білім беру мекемелерімен әріптестік қарым-қатынасы негізінде осы факультеттің оқытушыларының ғылыми жетекшілігімен студенттердің педагогикалық практикасы, ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылады. Мұнда негізгі нәтижелер ашықтығы мен диагностика бірлігі және білім беру үрдісіне

қатысушылардың өзіндік диагностикасының қағидалары сөз болды. Педагогикалық үрдістің тиімділігі анықталған көрсеткіштер:

- студенттер үшін-мәселені тұжырымдай білу; қойылған мәселеге қатысты фактілерді бөліп, оларды интерпретациялардан бөліп көрсете білу; өзіндік идеяларды бейнелеу, балама гипотезаларды ұсыну қабілеті; өзіндік идеяларды өндіру және оңтайлы шешімді таңдау қабілеті; қабылданған шешімнің тиімділігін негіздеу және дәлелдеу қабілеті;

- оқытушылар үшін-құрылатын педагогикалық жағдайлардың белгісіздік деңгейі; тартылатын эмпирикалық материалдың көлемі мен мазмұндылығы; өзіндік идеяларды іздестіруді уәждейтін кәсіби қарым-қатынас ортасының қалыптасуы; педагогикалық сүйемелдеу және шешімдерді оңтайлы түрге дейін ұжымдық жағдайда қорытындылау механизмдерінің пысықталуы.

Студенттер үшін аралас түрдегі сауалнама 3 негізгі сұрақтан тұрады, олар кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру саласы ретінде өзінің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің өзектілігі мен нәтижелілігін бағалауға қатысты. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының ерекшелігіне бейімделген сұрақтар, олардың тұжырымдары мен жауаптары негізге алынды. Сонымен қатар студенттердің өз кәсіби жетістіктерін өз бетінше бағалау жүзеге асырылды.


Диагностикалық жұмыстар аясында жүргізілген пәнаралық сабақтастық арқылы студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастырумен жасалған педагогикалық жағдайлардың байланысын куәландыратын кейбір тенденциялар мен заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен, студенттер арасында сауалнама жүргізу барысында пәнаралық сабақтастық арқылы даму нәтижелерінің жаңартылған білім беру аясында кәсіби маңыздылығын мойындау жағына құндылық бағдарлаудың доминанттарының ауысуы атап өтілді. «Студенттердің практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері құнды және пайдалы деп санайсыз ба?» деген сауалға студенттердің жауаптары... (бұдан әрі үш жауаптан артық емес таңдау құқығы бар позициялар тізбесі ұсынылды).

Осы орайда *қалыптастыру экспериментінің мақсаты* – ЖОО-да пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің осы қасиет-сапалары олардың кәсіби даярлығы бойынша оқуда жетістікке жету параметрі өздеріне сенімділік пен бәсекеге қабілетті жағымды қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру арқылы дамытуға мүмкіндік туғызу деп айтуға болады. Бастапқыда «Өзін-өзі таныту» тесті бойынша айқындаушы және қалыптастырушы эксперименттен кейін анықталған нәтижелерді көрсетеміз.

Кесте 26 – Айқындаушы және қалыптастырушы эксперименттен кейін анықталған студенттерінің өзін-өзі таныту параметрлерінің орта арифметикалық көрсеткіштері

Эксперимент түрлері	Өзін-өзі таныту параметрлері				
	Құндылықтық бағдарлар	Мінез-құлық икемділігі	Қарым-қатынас	Танымдық қажеттіліктер	Креативтілік
Айқындаушы эксперимент	5,4	5,1	4,3	4,3	4,5
Қалыптастырушы эксперимент	4,6	5,2	5,4	5,1	5,3

Бұл көрсеткіштердің көрнекі кескіні суретте көрсетілген (сурет 18).



Сурет 18 – Зерттелуші студенттердің әртүрлі эксперименттен алынған өзін-өзі таныту әдістемесі бойынша орташа көрсеткіштерінің салыстырмалы сипаты

Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде 2017-2018 оқу жылындағы бақылау және эксперименттік топқа кірген студенттердің Т. Элерс әдістемесі бойынша оқуда жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерін төмендегі 27 -кестеде көрсеттік.


Кесте 27 – Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде 2017-2018 оқу жылындағы бақылау және эксперименттік топқа кірген студенттердің Т. Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (75 студент)	Эксперименттік топ (80 студент)
1	2	3
Тым жоғары (22 және одан көп)	6 (8%)	5 (6,25%)
Жоғары (18-21)	12 (16%)	39 (48,75%)

27-кестенің жалғасы

1	2	3
Орта (12-17)	26 (34%)	33 (41,25%)
Төмен((1-11)	31 (42%)	3 (3,75%)

Қалыптастыру экспериментінің көрсеткіштерін Т.Элерс әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында жетістікее жету мотивациясы бойынша тым жоғары, жоғары, орташа, төмен деңгейлері негізінде өлшемдеріне сүйене отырып, бақылау тобы мен эксперименттік топтарының пайыздық салыстырмалы көрсеткіштері диаграммада келтірілді (сурет 19).



Сурет 19 - Қалыптастыру эксперименті бойынша 2017-2018 оқу жылындағы студенттердің Т. Элерс әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау барысында жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Бұл диаграммадан байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар мен біршама өзгерістері байқалады. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауда болашақ педагогтардың жетістікке жету мотивациясы біршама қалыптасқандығын көрсетті. Бақылау топтары жетістікке жету деңгейлік көрсеткіші орташа көрсеткіші 34% пайызын құраса, ал эксперименттік топта орташа деңгейлік көрсеткіші 41,25% пайызын құрады. Қалыптастырушы эксперимент көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобын құраған Тараз инновациялық-гманитарлық университеті студенттерінің көбісінде 42%-нда жетістікке жету мотивациясы төмен деңгейдегі көрсеткіштерге ие болған. Жоғары деңгейдегі көрсекіштер тек 16,% зерттелушілерде ғана байқалған. Ал эксперименттік топты құраған І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-і студенттерінің

жетістікке жету мотивациясының жоғары деңгей көрсеткіштері 48,75% пайызды көрсетіп отыр. Төмен деңгейдегі тек 3,75% пайызды нұсқайды.

2016-2017 оқу жылында жүргізілген анықтаушы эксперимент пен 2017-2018 оқу жылында аяқталған қалыптастырушы эксперименттегі Т. Элерстің «Жеке адамның жетістікке жету мотивациясын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелерін салыстырайық (кесте 28).

Кесте 28 – Т. Элерстің «Жеке адамның жетістікке жету мотивациясын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша бақылау тобы зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Деңгейлер	ЭД 2016-2017 оқу жылы	ЭК 2017-2018 оқу жылы
Тым жоғары (22 және одан көп)	1 (1,3%)	6 (8%)
Жоғары (18-21)	2 (2,6%)	12 (16%)
Орта (12-17)	25 (33,1 %)	26 (34%)
Төмен (1-11)	47 (63%)	31 (42%)

Біз бақылау тобы бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыру арқылы мотивациялық қажеттілікке деген пікірдің сәл ғана өзгеріскек ұшырауын айта аламыз.

Ал енді эксперименттік топ зерттелушілерінің жетістікке жету мотивациясының 2-курстан 3 - ші курстың соңына қарай қалай өзгергенін қарастырайық (кесте 29).

Кесте 29 – Т. Элерстің «Жеке адамның жетістікке жету мотивациясын психодиагностикалау» әдістемесі әдістемесі бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Деңгейлер	Экспериментке дейін 2016-2017 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2017-2018 оқу жылы
Тым жоғары (20 және одан көп)	0 (0%)	5 (6,25%)
Жоғары (14-19)	4 (5%)	39 (48,75%)
Орта (10-14)	23 (29%)	33 (41,25%)
Төмен (1-10)	53 (66%)	3 (3,75%)

Біз 3 курс кезінде эксперименттік топ зерттелушілерінің жетістікке жету мотивациясының өзгеру динамикасын қарасақ, жоғары деңгейге ие болғандар саны артып, төмен деңгейдегі жетістікке жету мотивациясын көрсеткен зерттелушілер санының төмендегенін байқауға болады. Мұнда қалыптастырушы жұмыстардың бастауыш сынып мұғалімдерінің өзіндік


танымдық қызметін ойдағыдай үйлестіре білу, өзін-өзі дамытуына қозғау бергенін растап отыр.

Келесі кезекте сауалнама жүргізу кезінде ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауда *маңыздылығын* мойындау құндылығы байқалды. «Студенттердің практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері құнды және пайдалы деп санайсыз ба?» деген сауалға студенттердің жауаптары... (бұдан әрі үш жауаптан артық емес таңдау құқығы бар позициялар тізбесі ұсынылды) 30-кестеде берілген.

Кесте 30 - Қалыптастырушы экспериментте сауалнама нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтары зерттеушілерінің 2 жыл және 3 жыл ішінде ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында кәсіби маңыздылығын мойындау динамикасының пайыздық көрсеткіштері


Жауап нұсқалары	Зерттеушілер саны %			
	Эксперименттік тобы (80 студент)		Бақылау тобы (75 студент)	
	2-жыл	3-жыл	2-жыл	3-жыл
Студенттің өзі	30	73	48	68
Курстас құрбыларының жауаптары	14	8	4	2
Осы қызметтің нәтижелерін өздерінің ғылыми әзірлемелерінде пайдалана алатын оқытушылар	35	55	14	12
Білім беру мәселелерін шешуге тырысатын педагогтардың қауымдастығы	20	60	0	1
Педагогикалық ғылым	10	44	8	2
Әсіресе, ешкім үшін	11	0	57	36
Жауап беруге қиналамын	0	0	22	10

Кестеде берілген деректер арнайы құрылған педагогикалық жағдайларда оқыған студенттер үшін өнімді (ғылыми-зерттеу) қызметке қатысты өз ұстанымын айқын анықтауға тән.



Сурет 20- Қалыптастырушы эксперименттегі сауалнама нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтары зерттеушілерінің 2 жыл ішіндегі ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде ЖОО –да пәнаралық сабақтастық арқылы кәсіби даярлығының әлеуметтік маңыздылығын мойындау динамикасының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Осылайша, зерттеу қызметінің нәтижелері өздерінің кәсіби өзін-өзі іске асыруының құрамдас бөлігі ретінде олар үшін жеке маңызы бар деп ойлайтын студенттер саны екі еседен астам өсті. Жүргізілген студенттік зерттеулердің нәтижелері оқытушылардың ғылыми жұмысындағы шынайы және өзекті деректер ретінде пайдаланылуы мүмкін деп ойлайтындардың саны екі есеге дейін өсті.




Сурет 21- Қалыптастырушы эксперименттегі сауалнама нәтижесінде алынған эксперименттік және бақылау топтары зерттеушілерінің 3 жыл ішіндегі ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында ЖОО –да пәнаралық

сабақтастық арқылы кәсіби даярлығының әлеуметтік маңыздылығын мойындау динамикасының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Әрбір бесінші сұралған студент педагогикалық қоғамдастық үшін өзінің зерттеу қызметі нәтижелерінің практикалық маңыздылығын сезінуге мүмкіндік алды, әрбір үшіншісі өз зерттеулерінің ғылыми маңыздылығын мойындауға негіз болды. Бақылау тобы бойынша деректер ұсынылған жауаптардың барлық нұсқалары бойынша елеусіз өзгерістер орын алғанын байқауға болады. Өзіндік танымдық іс-әрекетін жүзеге асыруға байланысты ЭӘЖ қатысушы-студенттерді мазмұндық іс-әрекеттік компонентінің бағдарлары мен өзгерістеріне ұшырады (кесте 31).


Кесте 31 - Қалыптастырушы эксперимент барысында эксперимент және бақылау топтары бойынша алынған сауалнама бойынша студенттердің 2 және 3 жыл ішіндегі ҒЗЖ мотивациясының пайыздық көрсеткіштері

Жауаптары	Зерттеушілер саны, %			
	ЭТ (80 студент)		БТ (75 студент)	
	2-ші жыл	3-ші жыл	2 - ші жыл	3-ші жыл
Оқытушының (ғылыми жетекшінің) талаптарын орындау	16 (20%)	29 (37 %)	18 (24%)	21 (28%)
Бір кездері пайдалы болуы мүмкін қызметті игеруге тілек	6 (7,5%)	12 (14,5%)	8 (10,8%)	10 (13,6%)
Мен мұны өзімнің кәсіби дамуымның бір бөлігі ретінде қарастырамын	7 (8,75%)	10 (12,75%)	9 (12%)	7 (9,3%)
Менің өмірлік жоспарым ғылыми жұмыспен байланысты	14 (17,5%)	17 (21,25%)	11 (14,6%)	14 (18,6%)
Менің ойымша, зерттеу іскерліктерін меңгеру өмірлік маңызды мәселелерді шешуде маған көмектеседі	5 (6,25%)	12 (14,5%)	6 (8%)	11 (14,6%)
Әсіресе, ештеңе жоқ	8 (10%)	0 (%)	10 (13,3%)	4 (5,3%)
Жауап беруге қиналамын	24 (30%)	0 (%)	13 (17,3%)	8 (10,6%)



Сурет 22 - Қалыптастырушы эксперимент барысында эксперимент және бақылау топтарынан алынған сауалнама бойынша студенттердің 2 жыл ішіндегі ҒЗЖ мотивациясының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Айқындаушы экспериментте екінші жылдың соңына қарай қалыптастырушы экспериментке қарағанда ӘӘЖ - ға қатысқан студенттердің өзіндік кәсіби қалыптасуының маңызды факторы ретінде өзіндік зерттеу қызметіне ішкі мотивация мен көзқарасты басым сипаттайды.



Сурет 23- Қалыптастырушы эксперимент барысында эксперимент және бақылау топтарынан сауалнама бойынша алынған студенттердің 3 жыл ішіндегі ҒЗЖ мотивациясының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Сонымен қатар, зерттеу қызметінің креативті дағдыларын меңгеруді өмірде жетістікке жетумен байланыстыруға бейім студенттердің саны эксперименттік топта аз мөлшерде болса да өсті (7,5-пайыздан 15% пайызға дейін). Бақылау тобында, алдыңғы жағдайдағыдай, креативті шығармашылық қызметті дамытуға байланысты мотивация біршама ғана артқан.

Келесі кезеңде қолданылған Е.Е. Туниктің «Жеке тадамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында қалыптастырушы эксперименттен кейінгі 2017-2018 оқу жылындағы бақылау және эксперименттік топқа енген студенттерінің креативті шығармашылығының даму деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерін төмендегі 32 - кестеде келтірілген (кесте 32).

Кесте 32 - Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында алынған креативті шығармашылық парметрлерінің даму деңгейлерінің бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау тобы (75 студент)			Эксперименттік топ (80 студент)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Тәуекел етуге бейімділік	37 (49,3%)	17 (22,7 %)	21 (28 %)	65 (81,25%)	10 (12,5 %)	5 (6,25%)
Білімге құштарлық	45 (60%)	19 (25%)	11 (15%)	68 (85%)	8 (10%)	4 (5 %)

Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттеушілерінің 60% білімге деген құштарлықтары байқалды. 49,3% тәуекел етуге икемділікке талпыну параметрлерін көрсетті. Қалыптастырушы-тәжірибелік іс-шаралардан кейінгі эксперименттік топ зерттелушілері нәтижелерін талдайтын болсақ, олардың көбісі 81,25% тәуекел етуге икемділікке ұмтылатындықтары, білімге құштарлық 85%-ға артқандығынан байқалды. Жалпы алғанда, қалыптастыру экспериментінен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттелушілерінің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында креативті шығармашылық параметрлерінің ішінен білімге құштарлықпен тәуекел етуге икемділік сияқты параметрлері басым болды. Ал, эксперименттік топта шығармашылық дамуына негіз болатын білімге құштарлық, тәуекел етуге

икемділік немесе бейімділік факторларымен бірге сыни шығармашылық ойлаудың да артқанын байқауымызға болады.


Ал енді эксперименттік топ зерттелушілерінің креативті шығармашылық параметрлері бойынша 2-курстан 3-ші курстың соңына қарай ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында қалай өзгергенін қарастырайық (кесте 33).

Кесте 33 Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Креативтілік факторлары	Экспериментке дейін 2016-2017 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2017-2018 оқу жылы
Тәуекел етуге бейімділік	21 (28%)	37 (49,3%)
Білімге құштарлық	26 (34,6%)	45 (60%)

Бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін талдап көрсек, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында алғашқы креативті шығармашылық параметрі бойынша тәуекел ету икемділігі экспериментке дейін 2016-2017 оқу жылы 21 адамның 28% -ын, эксперименттен кейін 2017-2018 оқу жылы 37 адамның 49,3%-пайызын қамтыды.

Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (сурет 24).



Сурет 24 - Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» сауалнамасы тесті бойынша ЖОО-да пәнаралық


сабақтастықты жүзеге асыру мақсатында бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Ал енді Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін (кесте 34) талдайық.

Кесте 34 – Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Экспериментке дейін 2016-2017 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2018-2019 оқу жылы
Тәуекел етуге бейімділік	17 (27,9%)	65 (81,25%)
Білімге құштарлық	25 (31,25%)	68 (85%)

Е.Е.Туниктің «Жеке адамның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» әдістемесі бойынша эксперимент топ зерттелушілерінің 2016-2017 және 2017-2018 оқу жылында экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (сурет 25).



Сурет 25 - Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның креативті шығармашылығын психодиагностикалау» сауалнамасы бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Жоғарыдағы кестеде көріп тұрғанымыздай, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында эксперимент топ зерттелушілерінің креативті

шығармашылығында тәуекел етуге бейімділік бойынша экспериментке дейін 2016-2017 оқу жылы 17 адамның 27,9% пайызын, эксперименттен кейін 2017-2018 оқу жылы 65 адамның 81,25 % пайызын құраған.

Студенттердің шығармашылық ойлауының креативті факторының келесі түрі білімге құштарлық бойынша эксперимент топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 26 адамнан 28 % пайызын, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында эксперименттен кейін 2017-2018 оқу жылы нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 45 адамның 60 % -на артқанын көруге болады. Жүргізілген зерттеу барысында студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекеттегі өлшемдері мен жетістікке жету мотивациясының деңгейлері туралы түсініктері зерделенді. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру үдерісінде бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау барысында эксперименталдық топ студенттерінің 37,3%-ы және бақылау тобы студенттерінің 50%-ы ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы тапсырмаларды шешу жаңартылған білім мазмұнының парадигмасы талаптарына, ол жүзеге асыратын қызмет түрлері мен бағыттарына бағдарлануы керек деп санайды. Түлек моделінің кәсіби сипаттарын, жаңартылған білім мазмұнының парадигмасы – «*білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін», «өздігінен ойлай алатын», «өзін-өзі дамытатын», «өзін-өзі білімдендіретін»* адамға ауыстыруды сипаттауы керек деген ой-пікірді қолдайды.

Эксперименталды топтарда жүргізілген жұмыстар нәтижесінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттердің кәсіби моделінің қажеттілігі тұралы ойламайтын студенттер саны азайды. Егер айқындаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында бұл студенттер олардың жалпы санының 20,5%-ын құраса, қалыптаструшы эксперимент соңында тек 9,8% - ды құрады. Бақылау тобында осы мәселе бойынша студенттердің пікірлері сақталып қалды.

Қалыптаструшы экспермент нәтижесінде пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіптік модельдің қалыптасуының мәні, бағыттары, бағдарламалық қамтамасыз етілуі туралы студенттердің түсініктерін бағалауға мүмкіндік беретін студенттердің жауаптарына жүргізілген талдау эксперименталды топ студенттерінің осы шектегі сабақтастық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік беретін жеткілікті білім деңгейін сипаттайтын түсініктері басым екенін көрсетті. Бақылау тобында студенттердің ұсынымдары үстірт, олар тек теориялық білім мен практикалық іскерліктер берілген қызмет түрін қамтамасыз етуге қажетті. Студенттердің жауаптарын саралау эксперименталды топ студенттерінің 52,9%-ы үздіксіз білім беру концепциясымен анықталған пәнаралық сабақтастық ұғымын атап көрсетті, 66,7%-ы оны шешудің тиісті жолын таңдап алды, ал студенттердің 79,4%-ы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіптік модельді қалыптастыру проблемасы шешуші болып табылатындығын барлық бағдарламаларды атап көрсетті. Бақылау тобында осы көрсеткіштер бойынша студенттердің ұсыныстарының динамикасы да бар, бірақ ол маңызды емес.

Орын алған өзгерістер тек бір немесе басқа сөйлемнің пайдасына сандық ауытқуды көрсетеді, бірақ ұсыныстардың мазмұны аса терендетілмегендігін көрсетеді. Мысалы, Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту үрдістеріне сәйкес пәнаралық сабақтастықтың мәнін неғұрлым толық ашатын ұғымды таңдау туралы сауалнама мәселесі бойынша, бастапқы кезеңде екі жауапты таңдаған студенттер санының азаюы есебінен бір немесе басқа ұғымды қалайтын студенттер санының көбеюін көрсетеді.

Сонымен, эксперимент жұмысының қалыптастыру бөлімі *«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»»* атты элективті курс бойынша 3 курс студенттерімен жүргізілген сабақтардың нәтижесінде алдымен теориялық білімдерінің кең қорын жасау, кәсіби практикалық тәжірибелерін байыту үшін оқуда кәсіби жетістікке жетудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін іздестіруге арналды.

Қалыптастыру экспериментін қорытындыласақ, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлау мақсатында* өзгеру динамикасын байқадық. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда студенттердің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эллективті курс пен семинарлардан кейін кәсіби шығармашылық қабілеттерінің қалыптасқандығын көрсетті. Сондықтан біз өз зерттеуімізде болашақ маман ретінде студенттердің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлаудың* алғышарты ретінде оқудан тыс жұмысты жүргізуге дайындығының жоғары деңгейде болуы талап етілген болатын. Диагностикалау барысында қалыптастыру экспериментінің мақсатына сәйкес жүргізілген сауалнама және қолданылған әдістемелер нәтижесі оқу, оқудан тыс әрекеттер негізінде бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдері бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығының даму деңгейлері төмендегідей анықталды.

Студенттердің мотивациялық-мақсаттылық компоненті бойынша мотивациялық құндылық қатынасы деңгейі бақылау тобында 29% - жоғары, 52% – орта, 19% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің мотивациялық құндылық қатынасы деңгейі 31%- жоғары, 66% - орта, төмен деңгей көрсеткіші 3% құрайды.


Мазмұндық іс-әрекеттік компонент бойынша – теориялық білімнің болуы бақылау тобы студенттерінің 27% - жоғары, 54% – орта, 19% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің теориялық білімнің болу деңгейі 35%- жоғары, 63% - орта, төмен деңгей 2% көрсетеді.

Бағалаушылық-рефлексиялық компоненті бойынша тұлғалық табыстылық деңгейі бақылау тобы студенттерінің 28% - жоғары, 56 – орта, 16% – төмен деңгейде, ал эксперимент тобында студенттердің тұлғалық табыстылық деңгейі 32%- жоғары, 66% - орта, төмен деңгей көрсеткіші 2% көрсетеді. Сонымен ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы мотивациялық

мақсатты, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша кәсіби даярлау мақсатында мотивациялық құндылық қатынасы ұстаным, құбылыстарды талдау, кәсіби ойлау және әрекет ету ұстанымы, өз ойларын шығармашылықпен ұштастыру үш деңгейдегі көрсеткіштеріне сүйене отырып, орташа пайыздың көрсеткіштері анықталды: ол бақылау тобында 28% - жоғары, 53% - орта, 19% - төмен деңгейде болса, ал эксперименттік топта 35% - жоғары, 65% - орта, 2% - төмен деңгейді көрсетеді (кесте 35).

Кесте 35 – Қалыптастыру эксперименті бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы мотивациялық мақсатты, мазмұндық іс-әрекеттік, рефлексивтік-бағалау компоненттері бойынша кәсіби даярлау мақсатында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің компонентері мен өлшемдерінің деңгейлері (%)

Компоненттері мен өлшемдер	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Мотивациялық-мақсаттылық компонент, өлшемі – мотивациялық құндылық қарым-қатынасқа ұмтылу, кәсіби мамандығына қызығушылығы, кәсіби өзін-өзі танытуға ұмтылу, танымдық дербестігін қалыптастру	29%	53%	18%	31%	66%	3%
Мазмұндық- іс-әрекеттік компонент, өлшемі – теориялық білімнің болуы, ҒЗ кәсіби таңымдық іс-әрекетін ұйымдастыра білуі	27	54%	19%	29%	63%	2%
Бағалаушылық-рефлексиялық компоненті, өлшемі - тұлғалық табыстылық, тұлғалық креативтілік, кәсіби тұлғалық рефлексиясын бағалау	28%	56%	16%	32%	66%	2%
Орташа көрсеткіш	28%	53%	19%	33%	65%	2%
Ескерту - Ж-жоғары, О-орта, Т-төмен						



Сурет 26 - Қалыптастыру эксперименті бойынша ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы мотивациялық мақсатты, мазмұндық іс-әрекеттік, рефлексивтік-бағалау компоненттері бойынша кәсіби даярлау мақсатында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің компонентері мен өлшемдерінің (%) матрицасы

Қалыптастыру экспериментін қорытындылау үшін соңғы тексеру жүргізілді. Мұндағы мақсатымыз, ЖОО-ы жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып педагогының кәсіби даярлығының тиімді болатын тұстарын қорытындылау.

ЖОО студенттері, соның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдері білім беру бағдарламасына сай пәндерді меңгерумен қатар, басқа да ұйымдастырылатын жұмыстарға белсенділік таныта отырып қатысты деуге болады.

Сонымен кәсіби шығармашылығын дамытуға қатысты іс-әрекеттерді ұйымдастыру әрбір тұлғаның өзінің қосымша жасырын күшін, резервін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оны тиімді қолдану арқылы болашақ маманның өзі таңдаған кәсібіне қызығушылығы артып, білімін тереңдетеді, яғни кәсіби шеберлігін шыңдап өз ортасында кәсіби жетістікке жетуге ұмтылып, басекеге қабілетті маман болуына іскерліктері мен дағдыларын арттырып, кәсіби коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін, кәсіби даярлығының артуына мүмкіндік береді.

Бақылау эксперименті барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып педагогының кәсіби даярлығының дамытуда элективті курс бағдарламасында көрсетілген білім негіздерін бере отырып, ЖОО-да оқудан тыс әрекеттер мен басқа да өткізілген іс-шараларды негізге ала отырып, танымдық қызығушылығын қалыптастырып, өзін-өзі таныту, шығармашылық деңгейлерін анықтау мақсатында өткізілген сауалнамалар көрсеткіші де зерттеу жұмысымыздың нәтижелі болғанын байқатты.


Анықтау және қалыптастыру эксперименттеріндегі көрсеткіштерді салыстыра келе, біз соңғы қорытынды кезеңнің нәтижесін шығардық (кесте 36).

Кесте 36 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесі

Деңгейлер	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	17%	28%	19%	33%
Орташа	38%	53%	37%	65%
Төменгі	45%	19%	44%	2%

Алынған нәтижелер сараптамасы көрсеткендей, тәжірибелік топтардың екеуінде де ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы оларды кәсіби даярлаудың жалпы көрсеткіштері де бағдарламаны жүргізгеннен кейін едәуір өскен.

Тәжірибелік-эксперименттік жүргізілген жұмыстардың салыстырмалы көрінісін төмендегі суретте беріп отырмыз (сурет 27).



Сурет 27 –Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлаудың салыстырмалы түрдегі диаграммасы

Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы оларды кәсіби даярлау бойынша көрсеткіштерінің өзгеруіндегі айырмашылықтың өте үлкен болғанын да атап кеткен жөн. Егер бақылау топтарында бұл көрсеткіш мүлдем өзгермеген болса, эксперименттік топтарда бұл жоғары көрсеткішке ие. Сонымен, ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып педагогының кәсіби даярлығын дамыту бір рет жүргізілетін шара емес, ол ұзақ үрдіс. ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып педагогының кәсіби даярлығын дамыту студенттерді тәрбиелеумен байланысты кәсіби іс-әрекетінің жетістігі тұтас студенттердің танымдық қызығушылығын анықтаудың ғылыми ұстанымдар жүйесіне қаншалықты негізделетініне байланысты. Нәтижелерді талдау тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы оларды кәсіби даярлау деңгейінің эксперименттік топтарда жоғарлағанын көрсетеді. Болашақ бастауыш сынып педагогтарын ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы оларды кәсіби даярлау деңгейі арнайы элективті курсты өткізгеннен кейін біршама жоғарғы деңгейі 19%-дан 33%-ға, ал төмен деңгей 2%-ға төмендеген. Бұл көрсеткіште экспериментке дейін төмен деңгей көрсеткен студенттерді орташа деңгейге дейін жеткен. Ал бақылау тобында эксперименттік топқа қарағанда онша өзгерістер байқалмайғанын аңғаруға болады.

Қорыта келгенде, зерттеудің сандық және сапалық мәліметтері эксперимент нәтижелерінің айқындығын сипаттайды. Сондықтан тәжірибелік эксперимент жұмыстарының нәтижесінде алынған жоғарыдағы мәліметтер студенттердің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы оларды кәсіби даярлаудың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық кәсіби ойлауын қалыптастыру динамикасында өзгерістер болды деп нақты тұжырымдай аламыз.

Демек, қалыптастыру эксперименттің мәліметтері мен нәтижелерінен ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша *кәсіби даярлау мақсатында* болашақ маманның кәсіби даярлауын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие, ғылыми зерттеу жұмыстары, курстық семинар жұмыстарының жеткілікті дәрежеде жүргізілетіні байқалды.

Сондықтан қазіргі рефлексивті әрекет тәсілдерін меңгеруі; нақты өмірлік міндеттерді шешу тәжірибесін меңгеру ретінде үйретуі; ұйымдастырушылық және қарым-қатынас жасау қабілеттері мен кәсиби жауапкершілікті арттыруға көңіл бөлінді. Өйткені ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби білім алу үрдісінде теориялық білімін практикалық тұрғыдан пайдалана алуымен кәсіби тәжірибесі қалыптасады.


Кесте 37 – Қалыптастыру эксперименті бойынша студенттердің ЖОО-да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін *кәсіби даярлау мақсатында* мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері (%)

Деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	28%	33%
Орта	53%	65%
Төмен	19%	2%

Бірақ ЖОО-ны жағдайында оқудан тыс әрекеттерге қатысу, бос уақытты ұтымды әрі пайдалы іске арнау, сол арқылы мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері бойынша қоршаған ортамен қарым-қатынаста, жетістікке жету, өзін-өзі таныту, шығармашылық рефлексия, креативтілік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда біршама деңгейде дамығаны анықталды. ЖОО да пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттерді кәсіби даярлау мақсатында жүргізілген диагностикасы әрбір компоненттің қалыптасуының орташа мәнін анықтауға, олардың қалыптасу көрсеткіштері жоғары емес және орташа деңгейге сәйкес келетіні анықталды.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелері мынаны көрсетті: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін зерттеу нәтижелері ЖОО-да пәнаралық

сабақтастықты жүзеге асыру арқылы оларды кәсіби даярлаудың алған жеке даралық білімдерін, іскерліктерін басқа пәнді оқыған кезде, жаңартылған білім беру мазмұнындағы бастауыш мектеп мұғалімі кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұны (кәсіби ізденушілік, танымдық қызығушылық, еркін ассоциациялау іскерлігі, іс-әрекеттегі зерттеу, дербес идеялар) сол сияқты тәжірибеде қолдануға деңгейі артты, олардың өз бетімен кәсіби ойлауы, алған білімді ұқсас немесе жаңа жағдайға пайдалану іскерлігі, кәсіби танымдық қызығушылығы мен шығармашылық ойлаудың креативті рефлексивті өзін-өзі бағалау деңгейі біршама жоғарлағаны айқындалды (сурет 28).



Сурет 28- Қалыптастыру экспериментінің көрсеткіші

Бұл диаграммадан байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес, бірақ та рефлексивті-бағалау компонентінің көрсеткіштерінде біршама айырмашылық бар екені айқындалды. Алынған деректер эксперименталды қызметтің бастапқы кезеңінде туындаған ұсыныстарды тағы да растайды. Бір жағынан, студенттер пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау үшін мазмұндық-іс-әрекеттік компонентінің және олардың көріністеріне анық мән береді.

Қорыта келгенде, статистикалық зерттеу нәтижелері пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттердің кәсіби іс-әрекетке жүйелі дайындығын қалыптастырудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының модульдік оқыту *«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»* элективті курстарды оқыту нәтижесінде, әр компоненттің даму дәрежесін көрнекі түрде көрсетуге және қалпына келтіруге, оларды жетілдіру әдістемесін белгілеуге мүмкіндік берді.

Контент - талдауының категориясы деп алынатын зерттеулердің кілттік концептуалды ұғымдарын қалыптастыру. Осылай алынған сандық мәліметтер статистикалық өңдеуге жіберілген зерттеу мақсатына сай нәтиже шығаруы.

1. Зерттелетін сапалық белгілер бір реттік сипатта болуы керек және құжатта едәуір жиілікте кездесіп отыруы қажет.

2. Зерттелетін материал қосындылары бағалауын мүмкін болмайтындай дәрежеде көп болуы керек. Әсіресе, құжаттар жүйелік емес сипатта болғанда,

контент - талдауының көмегімен ашық сұрақтар жауабын, интервью материалдарын өңдеуде, түрлі әлеуметтік феномендерді, топтық белсенділік процесін, құндылық бағдарларды зерттеуде қолданылды.

Контент - талдауының бірліктерін 2 топқа бөлінеді: сапалық және сандық бірліктер. Контент - талдау сапалық бірліктер текстен нені санау керек дегенді білдіреді. Ал сандық бірліктер қалай санау керек деген сауалға жауап береді [172]. Сапалық бірліктердегі категорияларды жатқызуға болады. Контент - талдау категориясы ретінде зерттеудің концептуалды схемасын құратын кілтті ұғымдарды қарастырамыз. Категориялар неғұрлым ұсақ, сапалық бірліктерге яғни шағын категорияларға бөлінуі мүмкін. Категориялардың индикаторлары бұл сәйкес категориялардың сапалық белгісі, референтті түрде көрінетін мазмұн бірліктері. Жұмыс мақсаты ретінде калыптастырушы эксперимент барысында *«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»* тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы негізінде стратегиялық мақсаттың іске асырылуында «түлек атрибуты», яғни түлек моделінің кәсіби сипаттарын, жаңартылған білім мазмұнының парадигмасы – «*білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін», «өздігінен ойлай алатын», «өзін-өзі дамытатын», «өзін-өзі білімдендіретін»* адамға ауыстыруды сипаттайтын кәсіби қасиеттерді өлшеуге контент талдау жасау. Контент талдауының категориясы ретінде алынатын, зерттеудің кілттік концептуалды ұғымдары: пәнаралық сабақтастықты жүзеге асырудағы түлек атрибуты элементтері

А- модуль мен түлек атрибуттарының атаулары

$А_1$ - жалпы білім (ЖББП МК) модуль

$А_2$ – «Математика және табиғи-ғылыми бағытының негіздері» (БП ТК) модуль

$А_3$ - «Білім берудегі инновациялар» (КП ТК)

$А_4$ - ТА -1.Оқу саласы бойынша терең кәсіби білімі мен түсінігі бар.

$А_5$ - ТА-2.Эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие.

$А_6$ – ТА-3.Жаһандық сын-қатерлерге ие.

$А_7$ – ТА-4.Көшбасшылық қасиеттерге ие.

$А_8$ –ТА-5.Кәсіпкерлік дағдылары бар, мәселелерді анықтап, шеше алады.

$А_9$ – ТА-6.Инновациялық ойлауды ассоциациялайды

$А_{10}$ – тренингтер, рольдік ойындар

В- пән атаулары

$В_1$ – «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні

$В_2$- «Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар» пәні

В3 – «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәні

В4 - Программалау негіздері («STEM – бастауыш мектепте білім беру» кіші білім беру траекториясы үшін); Д – ақпараттың толық болуы

Кесте 38 - Қалыптастырушы эксперименттен кейін ЖОО бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлауда элективті курс бағдарламасы негізінде пән, модуль мен түлек атрибуттарының атауларынан күтелетін нәтижелерін контент - талдау әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері (%)

Категориялар: модуль, түлек атрибуттары мен пән атаулары	С- ішкі мазмұны (күтілетін нәтижелердің кездесу жиілігі)											ώ%
	$С_1$ - Ақпараттың жаңашылдығы	$С_2$ – шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін	$С_3$ – мотивациясы (мансапқа жету қызығушылығы)	$С_4$ – көп тілді ортада қарым-қатынас жасай алауы, педагогикалық этиканы ұстануы	$С_5$ – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана алуы	$С_6$ – көшбасшылық қасиеттерін көрсету, альтернативті шешімдер	$С_7$ – педагогикалық процесте басқару қабілеттілігі, кәсіби білімді дамыту, кәсіби жауапкершілік (ОКН-6);	$С_8$ – критериалды бағалау жүйесін қолдана алуы, оқу практикасында оқушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін қолданады (ОКН-8);	$С_9$ – өзін-өзі дамытатын, өзін-өзі білімдендіретін	$С_{10}$ – бастауыш сынып оқушыларына математика, сауат ашу, оқу, жаратылыстану, көркем шығармашылық негіздерін қазіргі заманғы білім талаптарына сай, оны инклюзивті тәсілмен оқыту процесін құрастыра алуы (ОКН-5).	$С_{11}$ –зерттеу әрекетінің мақсаттарын өз бетінше қою және негіздеу қабілеттері мен дағдыларын көрсетеді, оған жетудің тиісті әдістері мен тәсілдерін таңдайды; бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыта алады (ОКН-9).	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
$А_1$ - жалпы білім (ЖББП МК) модуль	32	84	84	84	89	90	99	144	72,5		89	72,5
$А_2$ – «Математика және табиғи-ғылыми бағытының негіздері»(БП ТК) модуль	44	75	60	85	89	90	87	85	45	47	70	87
$А_3$ - «Білім берудегі инновациялар» (КП ТК)	86	75	60	85	74	80	87	85	45	47	56	88
$А_4$ - ТА -1.Оқу саласы бойынша терең кәсіби білімі мен түсінігі бар	85	25	45	15	18	12	15	45	12	14	48	72
$А_5$ - ТА-2.Эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие	40	32	92	86	94	91	92	170	87	88	190	98,4
$А_6$ – ТА-.Жаһандық сын-қатерлерге ие	23	14	72	66	64	89	89	154	71	151	161	97,4
$А_7$ – ТА-4.Көшбасшылық қасиеттерге ие	34	21	92	76	66	86	94	161	79	132	102	96

38 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
A_8 –ТА-5.Кәсіпкерлік дағдылары бар, мәселелерді анықтап, шеше алауы	45	35	89	87	96	94	89	112	81	115	78	98
A_9 – ТА-6.Инновациялық ойлауды ассоциациялайды	174	14	49	9	49	45	163	41	55	115	106	95
A_{10} – тренингтер, рольдік ойындар	98	75	80	75	74	75	89	85	95	97	56	92,5
B_1 _ «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні	99	114	11 91 98	85	89	78	45	24	56	45	78	86
B_2- «Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар» пәні	98	52	68	69	89	78	45	46	56	45	78	85
В3 – «Бағалаудың өлшемдік технологиялары»	95	156	45	15 6	14 8	14 5	85	99	78	95	84	98
В4 - Программалау негіздері («STEM – бастауыш мектепте білім беру» кіші білім беру траекториясы үшін);	89	18	45	25	89	78	45	35	66	78	145	88
Д - Ақпараттың толық болуы	98	142	14 5	18 6	17 8	15 6	189	175	158	195	196	95,8
	98%	92,2 %	85 ,8 %	79 ,8 %	81 ,8 %	90 %	92,6%	84,2%	97,2	98,2%	89,5%	

Текстегі белгілі бір тақырыптың аргументациялық интенсивтілік деңгейін көрсету формуласы.

$$J_{к,с} = К_{гл} + К_{вт} \_\_\_\_\_ \ . 100\%$$
$$\Sigma (2кгл + Квт)$$

$К_{гл}$ – мағыналы бірлік негізі болған жағдайлар

$К_{вт}$ – қосалқы

Σ – талданған мәліметтердің жалпы саны

Контент – талдауының зерттеуден шыққан қорытындылар мынандай.

А – модульдердің атаулары

А- модуль мен түлек атрибуттарының атаулары

$А_1$ - жалпы білім (ЖББП МК) модуль - 72,5 %

$А_2$ – «Математика және табиғи-ғылыми бағытының негіздері»(БП ТК) модуль - 87%

$А_3$ - «Білім берудегі инновациялар» (КП ТК) - 88%

$А_4$ - ТА -1.Оқу саласы бойынша терең кәсіби білімі мен түсінігі бар -72%

$А_5$ - ТА-2.Эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие -98%

$А_6$ – ТА-3.Жаһандық сын-қатерлерге ие -98,4%

$А_7$ – ТА-4.Көшбасшылық қасиеттерге ие- 96%

$А_8$ –ТА-5.Кәсіпкерлік дағдылары бар, мәселелерді анықтау, шеше алуы - 98%

$А_9$ – ТА-6.Инновациялық ойлауды ассоциациялайды- 95%

$А_{10}$ – тренингтер, рольдік ойындар – 92,5%

Бастауыш сынып мұғалімі мамандарын даярлау барысында түлектер атрибуттары төл сипаттарын арттыруға элективті курсты қолдану арқылы практикалық кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған пәндердің дәрістерін қолдану тиімді:

$В_1$ – «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні - 86%

$В_2$- «Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар» пәні – 85%

В3 – «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәні - 98%

$В_4$ - Программалау негіздері («STEM – бастауыш мектепте білім беру» кіші білім беру траекториясы үшін) - 88% екенін танытты.

А категориясында модуль мен түлектер атрибуттарының (ТА) және пән атауларының кездесу жиілігі қарастырылады. Атаулардың ішінде жалпы білім (ЖББП МК) модулының кездесу жиілігі 72,5 %, ал оның ішінде ішкі мазмұнында күтелетін нәтиже бойынша *ақпараттық-коммуникациялық технологияларды* қолдана алуының кездесу жиілігі 81,5 % құрайды. Оның ішінде *шығармашылықпен ойлайтын, әрекет етуі – 92,2%* пайызын құраса, *көшбасшылық қасиеттерін* көрсету, *альтернативті шешімдер ұсыну*, *өздігінен ойлай алуы,* өз ойын еркін жеткізу - 92,6 % пайызында кездеседі.

С- ішкі мазмұны бойынша (күтілетін нәтижелер)

$С_1$ – акпараттың жаңашылдығы 98 %

$С_2$ – *шығармашылықпен ойлайтын, әрекет етуі – 92,2%*

C_3 – мотивациясы (мансапқа жету қызығушылығы) – 85,8%

C_4 – *көп тілді* ортада қарым-қатынас жасай алауы, педагогикалық этиканы ұстануы- 79,8 %

C_5 – *ақпараттық-коммуникациялық технологияларды* қолдана алуы – 81,8

C_6 – *көшбасшылық қасиеттерін* көрсету, *альтернативті шешімдер ұсыну, өздігінен ойлай алуы,* өз ойын еркін жеткізе алу – 90%

C_7 – педагогикалық процесте *басқару қабілеттілігі*і, *кәсіби білімді дамыту, кәсіби* жауапкершілік – 92,6%

C_8 – *критериалды бағалау жүйесін* қолдана алуы, оқу практикасында оқушылардың *жеке ерекшеліктерін* диагностикалау нәтижелерін қолданады – 84,2%

C_9 – *өзін-өзі дамытатын, өзін-өзі білімдендіретін- 97,2%*

C_{10} – бастауыш сынып оқушыларына *математика, сауат ашу, оқу, жаратылыстану, көркем шығармашылық негіздерін* қазіргі заманғы білім талаптарына сай, оны *инклюзивті тәсілмен* оқыту процесін құрастыра алуы – 98,2%

C_{11} *–зерттеу әрекетінің* мақсаттарын өз бетінше қою және негіздеу қабілеттері мен дағдыларын көрсетеді, оған жетудің тиісті әдістері мен тәсілдерін таңдайды; бастауыш сынып оқушыларының *зерттеу дағдыларын* дамыта алады -89,5% пайыздық көрсеткіштерін танытты.

Сонымен қатар, элективті курста белгісізі бір мәселелерді тиімді шешудің С категориясында кездесу жиілігі жайындағы ақпараттар толық берілген.

ЖОО бастауыш мектеп мұғалімі мамандарды даярлауда элективті курсты оқыту тиімділігін арттыруға әсер ететін факторлары төменде берілген, атап айтқанда: Студент бойындағы жеке мотивациялар: бағалау, біліктілігін арттыру, мәселені шешу, бақылау және студенттердің өзара қарым – қатынасы, студенттердің өз бетімен ізденуі, оқытушының студенттерге бағыт - бағдар беруі, студенттердің өзіндік қабілеттері мен қызығушылықтарын тануы, студенттердің өзін - өзі бағалауы, студенттердің сабақ барысында өз білімін тексере алу қабілеттіліктері, студенттердің топтың алдында өз пікірін еркін жеткізе алуы, өзара жаңа ақпараттармен алмасуы мен ақпараттың жаңашылдығы, студенттердің сабаққа деген қызығушылығының артуы т.б.

Осы атап өткендер элективті курстар арқылы пәндер мен модульдерді оқыту барысында кестедегі атаулары бойынша жоғарыда аталып өткен күтелетін нәтижелердің көрсеткіштерінің барлығы да студентердің саналы әрекеттердің жемісі деп түсіндіріледі. Оларды оқытудың элективті бағдарламаның негізінде модуль мен түлектер атрибуттарының, пән атаулары мен күтілетін нәтижелерінің кездесу жиілігінің (%) пайыздық есебімен кестесі көрсетілген.

Сонымен, студенттердің жетістікке жету мотивациясын анықтау тесті бойынша берген жауаптарын анықтай келе мынадай нәтижеге жеттік: жоғары оқу орнында бастауыш мектеп мұғалімі мамандарды даярлауда оқытудың элективті курсы мен оқу семинарлары студенттер оқу тиімділігін арттыруда бірден-бір тиімді курс болып табылады. Өйткені, болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің кәсіби даярлығын дамытуда және жалпы болашақ маманды даярлауда қолданылатын білім берудің формалары мен әдістерін жетілдіруге, студенттердің сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекетіне белсенді қатыстыруға және бұл іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, пәндер бойынша әлеуметтік-психологиялық тренингтер (ӘПТ) элементтерін қолдануда төмендегідей нәтижені көрсетті. Төмендегі кестеде калыптастырушы эксперименттегі 3 курс студенттеріне жүргізілген тренинг барысындағы танымдық қызығушылығын қалыптасуын контент - талдау әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткішінің кестесі келтірілген (кесте 40).

Кесте 39 – Қалыптастырушы эксперименттегі 3 курс студенттеріне жүргізілген тренинг барысындағы танымдық қызығушылығын қалыптасуын контент - талдау әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіші (%)

Оқыту семинарының (жаттығу ойындары бойынша) бірліктері	Кездесу жиілігі									W %
	қабілет	қызығушылық	Ойды жеткізу	Ақпарат алмасу	Ситуация түлыру	Тындай білу	Пікір алмасу	Ойды ескe сақтау	Зейін бөлу	
Сәлемдесу	15	7	8	8	1	10	10	10	10	83%
Рөлдік ойындар	35	4	2	8	6	7	11	7	12	67%
Әңгіме құру	9	8	8	4	8	4	8	8	4	67%
Тренингтік жаттығулар	11	1	13	14	19	18	12	13	13	45%
Творчестволық қиял ерекшеліктері	16	1	9	8	12	11	9	9	11	71%
Бастауыш мектеп мұғалімі пен оқытушы арасындағы контакт	14	8	5	4	8	4	8	8	4	64%
W %	95 %	9 %	87%	97%	90 %	90%	97 %	91 %	91 %	

Бастауыш мектеп мұғалімі мамандарды даярлауда жаңартылған білім бағдарламасы аясындағы элективті курсты оқытудың кез келген дәрістерінде белсенді оқыту әдісі ретінде қолдануға болады. Өйткені аталған интерактивті әдістердің барлық пән бойынша таңдалуы осыны көрсетіп отыр.

Көрсетілген нәтижелер біздің ғылыми жұмысымыздың зерттеу болжамдарын дәлелдеп отыр, *егер* жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» ұғымының мәні нақтыланып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталған, мазмұны мен әдістемесі айқындалған жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

шығармашылықпен қолдануға бағытталса, *онда* студенттерді кәсіби даярлаудың тиімділігі артады, *өйткені* жоғары оқу орнында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін даярлау үрдісі қоғам талаптарына сәйкестендіріледі деп қарастыруымызға негіз бар.

Тәжірибелік қызметтегі орталық орын *«Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау негіздері»* атты элективті курсына берілді. Оның мазмұны, оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері студенттерге педагогикалық феномен және педагогикалық қызмет түрі ретінде сабақтастықтың әлеуметтік-мәдени және педагогикалық аспектісін тануға, жоғары оқу орнында білім беру сабақтастығының мәнін жеке тұлғаның үздіксіз білім берудің негізгі алғышарты мен шарты ретінде түсінуге, өзінің шығармашылық әлеуетін көрсетуге және тұлғалық өсу мен өзін-өзі дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Зерттеу болашақ педагогтарда пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби модельді қалыптастырудың кәсіби тұрғыдан даярлау бойынша мақсатты жұмыс, егер ол құрылымдық-мазмұндық модельге негізделген болса, оң нәтижелерге жететінін көрсетті. Оның тиімділігі біздің зерттеуде анықталған бірқатар және эксперименталды негізделген ұйымдастыру-педагогикалық жағдайларды жүзеге асырумен байланысты.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері жоғары оқу орнында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы кәсіби даярлау моделінің әрбір компоненті, студенттердің маман ретінде дамуына және олардың кәсіби даярлығына оң әсерін тигізетіндігін растайды, бұл өз кезегінде әзірленген модельдің тиімділігін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың мазмұнын, шарттары мен тиімділігін негіздеу мен анықтауға арналған зерттеуміздің негізгі нәтижелері анықталып, тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды.

1. Бұл бағытта, біз зерттеуіміздің бірінші міндетін жүзеге асырдық, яғни жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудағы ұғымдық-категориялық аппарат анықталып, сабақтастық, пәнаралық сабақтастық, кәсіби даярлау ұғымдарының мәніне философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан сипаттама беріліп, теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.

Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлауға зерттеу жүргізуде біз, бірнеше әдіснамалық тұғырларды негізге алдық: жүйелілік, интегративтік, кешендік, тұтастық, тұлғалық-іс-әрекеттік. Олар өз кезегінде қарастырылып отырған мәселеміз бойынша диалектикалық құбылыстар мәнін бейнелеп көрсетеді. Біз басты тұғыр ретінде интегративтік тұғырды өз нақтылауларымызда басшылыққа алып отырдық.

